

Құжаттың Нөмірі: №
«ҚТ» мектебі
М.С. Мұғалім
2023 жыл

«Қызылорда»
Оқу-әдіс жинағы
М.С. Мұғалім
2023 жыл

«Қызылорда»
Мектеп директоры
М.С. Мұғалім
2023 жыл

Пәндер бойынша жиынтық бағалауды өткізу жоспары 3 «Ә» сынып

Мұғалімі: Шенгелбаева Гаухар Сарсенбаевна

2023 – 2024 оқу жылы

ТҮСІНІК ХАТ

Өскелең жас ұрпақты рухани-адамгершілік қасиетке баулу, тәрбиелеу – барлық кезеңде өзекті. Біздің келешегіміз – жас ұрпақ, ал ұрпақ тәрбиесі адамзаттың мәңгілік тақырыбы. Ел ертеңі болар бүгінгі балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу, әлеуметтік тұрғыдан барынша қамтамасыз ету, толыққанды білім алуына жағдай жасау, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау Қазақ елінің ұлттық саясатының басты бағыттарының бірі. Тәрбие мен оқыту өзара тығыз байланысты, бір бірінен бөліп алуға болмайтын біртұтас процесс. Білім беру ұйымдарындағы тәрбие пән мазмұны, сынып сағаттарының және мектептен, сыныптан тыс қосымша білім беру мазмұны арқылы жүзеге асады. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы қасиетті Түркістан қаласы, Түркі елінің шаңырағында өткізілген «Әділетті Қазақстан - Адал азамат» атты II Ұлттық құрылтайда сөйлеген сөзінде: «Адал азаматқа тән қасиеттер әрбір жастың бойынан табылуы керек, ұрпақтың бойында жаман әдет болса, бұл үлкендердің кінәсі»- дей келе, Әділетті Қазақстанды құру үшін: бүкіл қоғам болып жұмылу керектігін: - ең бастысы, әр азаматтың сана-сезімі жаңғыруы қажеттігін; - халқымыздың дүниетанымы және өмірлік ұстанымдары өзгеруге тиіс екендігін; - әйтпесе, басқа реформаның бәрі бекер болатындығын нақты атап өтті. «Біртұтас тәрбие бағдарламасы» – ұлттық, адами құндылықтарға негізделген. Бұл құжатта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын толыққанды жүзеге асыру үшін білім алушылардың бойында қалыптастырылуы тиіс құндылықтар мен тәрбиенің мақсаты, міндеттері айқындалады. Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, әлемдік озық білімді игерген саналы азаматты тәрбиелеу мақсаты көзделеді.

«Біртұтас тәрбие бағдарламасының» мақсаты: Жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген еңбекқор, адал, саналы, жасампаз азаматты тәрбиелеу.

Міндеттері: 1. Ата-ананың өсиетін тыңдауға, отбасы татулығы мен берекесін қадірлеуге, перзенттік парызын өтеуге тәрбиелеу. 2. Ұлттық мұраны қастерлеуге, қазақ тілін, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, татулық, келісім, ынтымақ және ел бірлігін сақтауға, отаншылдық пен мемлекетшілдікке тәрбиелеу. 3. Жақсылыққа, игілікке бой түзеуге, абыройлыболуға, ар-ұждан, намыс, жауапкершілік, мейірімділік, қамқорлық пен Ұсыным әділдік қасиеттерін жоғары ұстауға баулу және құқықтық мәдениетін қалыптастыру. 4. Денсаулықты қадірлеуге, салауатты өмір салтын ұстануға, ойдың тазалығын және эмоционалды тұрақтылыққа баулу. 5. Табиғатқа, табиғи мұраға ұқыптылықпен қарауға және табиғи ресурстарды үнемді әрі тиімді қолдануға тәрбиелеу және еңбекқорлыққа баулу.

Күтілетін нәтиже: 1. Ата-анасын сыйлайды, перзенттік парызын түсінеді, «қарашаңырақ», «жеті ата», «тектілік» ұғымдарының маңызын бағалайды, отбасы татулығы мен берекесін қадірлейді. 2. Отаншыл, мемлекетшіл, намысшыл, халқына адал қызмет етуді, мемлекет тәуелсіздігін және елі мен жерінің тұтастығын қорғауды борышым деп санайды және ұлттық мәдениетті құрметтейді, салт-дәстүрлерді біледі, оны сақтайды. 3. Әр ісіне, қадамына жауапкершілікпен қарайды, әдепті және мейірімді, сөзінеберік, ісіне адал, кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді, ар-ұятты жоғары бағалайды. 4. Жан мен тән тазалығын сақтайды, дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді, эмоционалды жай-күйін басқарады. 5. Тұратын үйін, ауласын, қаласын таза ұстайды, қоғамдық орынға және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарайды, табиғатқа жанашыр және туған жердің қайталанбас ерекшелігін және оныңбірегей болмысын таниды және адал еңбекті жоғары бағалайды.

Ұлттық құндылықтар: ҰЛТТЫҚ МҮДДЕ, АР-ҰЯТ, ТАЛАП.

Ұлттық мүдде құндылығы: - Қазақстан мемлекеттілігін нығайтуға атсалысу; - Қазақстанның оңтайлы имиджін қалыптастыруға белсенді үлес қосу; - Ұлттық мұраға ұқыпты қарау; - Қазақ тілінің қолдану аясын кеңейту; - Қазақстан мүддесіне қызмет етуге ұмтылу; - Қоғам игілігі үшін қызмет ету; - Қазақстанның қауіпсіздігін қамтамасыз етуге дайын болу; - Ұлттық мәдениетті дәріптеу;

Күтілетін нәтижесі: - Отаншыл, мемлекетшіл және намысшыл - Мемлекеттік рәміздерді қадірлейді - Елінің тарихын құрметтейді - Ұлттық мирасты, мәдениетті дәріптейді Ұсыным - Құқықтық және экологиялық мәдениеті жоғары

Ар-ұят құндылығы: - Академиялық адалдыққағидатын қолдау; - Адал еңбекті құрметтеу; - Сөзіне берік, ісіне адал болу; - Халқына адал қызмет ету - Әдеп нормаларын ұстану; - Шешім қабылдай білу және жауапкершілікті сезіну; - Достарына, сыныптастарына, отбасы мүшелеріне қамқор болу, мейірімділік таныту; - Өзін отбасының, сыныптың, мектептің, қоғамның, Отанның бір мүшесі екенін сезіну.

Күтілетін нәтижесі: - Ар-ұят, адалдықты жоғары бағалайды; - Сөзіне берік, ісіне жауапкершілік танытады; - Ата-анасына сүйіспеншілікпен қарайды; - Достарын, сыныптастарын сыйлайды; - Кішіге ізет, үлкенге құрмет көрсетеді.

Талап құндылығы: - Сыни және креативті ойлау; - Жеке және командамен жұмыс істей білу; - Білуге, жаңаны тануға құштар болу; - Физикалық белсенді болу; - Салауатты өмір салтын ұстану; - Технологиялық және цифрлық дағдыларды игерілету; - Дұрыс қарым-қатынас орнату білу; - Уақыт пен қаржыны тиімді жоспарлау.

Күтілетін нәтижесі: - Жан мен тән тазалығын сақтайды; - Дұрыс тамақтану мәдениетін түсінеді; - Қоршаған орта тазалығын сақтайды; Ұсыным - Ақпараттық, медиа және қаржылық сауаттылық; - Ізденімпаз, жасампаз тұлға.

Бағдарлама аясында жүзеге асырылатын жобалар:

1. «Оқуға құштар мектеп»
2. «Балалар және театр»
3. «Еңбегі адал жас өрен» (Еріктілермен жұмыс)
4. «Ұшқыр-ой алаңы»
5. «Жеткіншектің жеті жарғысы»
6. «Ұлттық мектеп лигасы»
7. «Ғаламтор қауіпсіздігі»
8. «Төрт тоқсан-төрт өнер»
9. «9 ай- 9 іс-шара»
10. «Ата-аналар мектебі»

В.И.Пацаев атындағы №2 Алға орта мектебінің 3 «Ә» сынып
сынып жетекшісінің жұмыс жоспары

Қыркүйек			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	1 қыркүйек - білім күні «Мектеп – мейірім мекені»	01.09.2023	Тәрбие сағаты
2	«Сәлем, жаңа оқу жылы»	04.09.2023	Тәрбие сағаты
3	«Отбасылық дәстүрлер» ЖЖЕ «Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері»	11.09.2023	Тәрбие сағаты
4	«Жолда жүру ережелерін білесің бе?»	18.09.2023	Тәрбие сағаты
5	«Спорт – сенің серігің»	25.09.2023	Тәрбие сағаты
Ата – анамен жұмыс			
	Жаңа оқу жылына мақсат - міндет		Ата – ана жиналысы

Қазан			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Бір отбасы – бір кітап» («Балалар кітапханасы» жобасы) Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл	02.10.2023	Тәрбие сағаты
2	«Ұстаз! Сіздің алдыңызда» («Оқуға құштар мектеп» жобасы) ЖЖЕ «Қай жерлерден жолдан өтуге болады»	09.10.2023	Тәрбие сағаты
3	Ақын, жазушы, философ, тарихшы, композитор Шәкәрім Құдайберді – ұлының туғанына 165 жыл	16.10.2023	Тәрбие сағаты
4	«25 қазан Республика күні» Бірлігі жарасқан Қазақстан!	23.10.2023	Тәрбие сағаты

Қараша			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Әкеге-ізет, анаға –құрмет»	06.11.2023	Тәрбие сағаты
2	«15 қараша - Ұлттық валюта күні»	13.11.2023	Тәрбие сағаты
3	«21 қараша Дүниежүзілік туберкулез ауруымен күрес күні»	20.11.2023	Тәрбие сағаты
4	«Әлемді бағындырған жерлесіміз»	27.11.2023	Тәрбие сағаты
Ата – анамен жұмыс			
	Ата – ана оқушы көзімен		Ата – ана жиналысы

Желтоқсан			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Буллингке жол жоқ»	04.12.2023	Тәрбие сағаты
2	«Жеңісімді Тәуелсіздікке арнаймын!» ЖЖЕ «Жол жүру белгілері және таңбалары»	11.12.2023	Тәрбие сағаты
3	«Отбасы – тәрбиенің алты бесігі»	25.12.2023	Тәрбие сағаты

Қаңтар			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі»	08.01.2024	Тәрбие сағаты
2	Туған өлке ақындарының шығармалары	15.01.2024	Тәрбие сағаты
3	«Мен оқыған бір ертегі»	22.01.2024	Тәрбие сағаты
4	«Отбасылық таланттар»	29.01.2024	Тәрбие сағаты
Ата – анамен жұмыс			
	II тоқсан қорытындысы. Қауіпсіздігі ережесі		Ата – анамен жиналыс

Ақпан			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» («Балалар кітапханасы» жобасы)	05.02.2024	Тәрбие сағаты
2	«Зорлық зомбылықсыз әлем»	12.02.2024	Тәрбие сағаты
3	«Үйрен жақсы әдептен ...»	19.02.2024	Тәрбие сағаты
4	«Өзіңді мамандықтар әлемінде тап»	26.02.2024	Тәрбие сағаты

Наурыз			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Бәрі де, Ана, бір өзіңнен басталды» ЖЖЕ «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медицина-лық көмек»	04.03.2024	Тәрбие сағаты
2	«Атадан – өсиет, анадан – қасиет»	11.03.2024	Тәрбие сағаты
3	«Қош келдің, өз Наурыз!»	18.03.2024	Тәрбие сағаты
Ата – анамен жұмыс			
	III тоқсан қорытындысы. Қауіпсіздік ережесі		Ата – анамен жиналыс

Сәуір			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Ұлттық киім – ұрпаққа мұра»	01.04.2024	Тәрбие сағаты
2	«Ғарыштағы алғашқы адам»	08.04.2024	Тәрбие сағаты
3	«Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» ЖЖЕ «Сен - велосипедші»	15.04.2024	Тәрбие сағаты
4	«Табиғат тамашалары»	22.04.2024	Тәрбие сағаты
5	«Кітапханаға саяхат»	29.04.2024	Тәрбие сағаты
Ата – анамен жұмыс			
1	«Оқырмандар отбасы»		Дөңгелек үстел

Мамыр			
№	Іс-шаралар	Орындау мерзімдері	Аяқтау нысандары
1	«Ұлттар достастығы»	06.05.2024	Тәрбие сағаты
2	«Жеңіс деген шат күлкісі баланың» ЖЖЕ «Қорытынды сабақ»	13.05.2024	Тәрбие сағаты
3	«Менің гүлзарым»	20.05.2024	Тәрбие сағаты
Ата – анамен жұмыс			
1	«Халықаралық отбасы күні»		Дөңгелек үстел
2	Жаз мезгілінің қауіпсіздігі		Ата – аналар жиналысы

08.09.23ж

Тәрбие сағаты: Сәлем саған, мектебім!

Мақсаты: 3-сынып оқушыларына сабаққа тез бейімделуіне көмектесу, жаңа міндет пен талаптармен таныстыру; оқушылардың ата-аналарымен тығыз байланыс орнату; жаңа дәстүрді мектеп өміріне енгізу.

Көрнекілік: «Мектеп өмірі қызықты» атты буклет, фотосуреттер, плакаттар, ұстаздар мен оқушыларға арналған құттықтау откриткалары және куәліктер, шарлар, ноутбук, музыка.

Барысы:

Ұйымдастыру кезеңі. Сынып жетекшісі іс-шараның мақсатымен таныстырады.

Жүргізуші: Армысыздар, құрметті қонақтар! «Сәлем саған, мектебім!» атты тәрбие сағатымызға қош келдіңіздер! Бүгінгі мерекеміз жақсы дәстүрге айналады деп сенеміз.

Сынып презентациясы. Әр оқушының қысқаша мінездемесі оқылып, сыныпта атқарылатын міндеті туралы айтылады.

Сөз кезегін оқушыларға береміз.

1-оқушы: Көз салып қараңызшы бойымызға,

Ортақ боп бүгінгі ойымызға.

Қош келіпсіз ұстаздар, ата-аналар,

«Сәлем, мектеп» деген тойымызға.

2-оқушы: Шаттанамын мен бүгін шаттанамын,

Ғылым сырын түсіндім, мақтанамын.

Осы сырды үйреткен бастауышым,

Түстей болып, міне бүгін артта қалдың.

3-оқушы: Өтті оқу, сан сабақ,

Бүгін үлкен салтанат.

Оқулықпен достасып,

5-ші сыныпқа мен бармақ.

4-оқушы: Төрт жыл бойы оқыған,

Ойға білім тоқыған.

Құрметті біздің балалар,

Орындалды ойымыз

Құтты болсын тойымыз!

5-оқушы: Жоламасын жамандық,

Болсын әр кез амандық.

Ашық болсын көгіңіз,

Өнге толсын төріміз.

(«Мектебім» әні орындалады)

Жүргізуші: Балаларымыз мектепте білім ала отырып, *мектеп, ұстаз, әке, ана, дос, Отан* жайлы ұғымдарды саналарына сіңіріп өседі. Егер әр оқушының жүрегінде ізгілік сәулесі болса, ол - мұғалімнің еңбегі.

Оқушыларыма бастауыш сыныпта дәріс берген ұстаз – Ыбырай Қайроллаұлы, келесі өлең шумақтары Сізге арналады.

6-оқушы: Қиялымды көздедің,

Таптың ойдың тұрағын.

Маған ұстаз сездірді,

Алдағы өмір шырағын.

7-оқушы: Ақылшым, асыл ұстазым,

Жолыңды айқын нұсқадың.

Қасыма кеп қанша сен,

Қамқор боп қалам ұштадың.

1-оқушы: Әлі есімде отырғаным партаға,

Таңданып кеп үңілгенім тақтаға.

Жайдары, ашық ұстазымның сондағы,

«Түзу отыр» - деп қаққаны арқаға.

2-оқушы: Мектепке алғаш келгенде,

Мейірлі жандарды көргенде.

Шарықтап биік қиялым...

Анадай ұстаз мектебім,

Алғысым айтар көп менің.

3-оқушы: Ұсынғаны адалдық,
Үйреткені адамдық.
Бар ұстазға тілейміз,
Бақыт, табыс, амандық!

(«Ұстазым» әні орындалады)

4-оқушы: Мектепті ойлап өткен айы, жыл-күні,
Сондықтан да біздің мектеп үлгілі.
МУСЛИМА апай — дана кісі басшымыз.
Тәртіп пенен мәдениеттің символы.

5-оқушы: Өз есімі жүректерде жатталған.
ЫБЫРАЙ ағай талай жерде мақталған.
Тілін тауып, көңілін тауып бәрінің,
Бастауыштың бар баласын басқарған.

6-оқушы: Қазақ тілін құрметтеп,
Сүйеміз шын жүректен.
Мұғалім анамыздай,
Көңілдерге гүл еккен.
Өсіреді сананы,
САУЛЕ апайға мың алғыс,
Әлпештеген баланы.

7-оқушы: Сырлары көп ғылымның,
Шешілмеген әлі де.
Тереңдігі білімнің,
Керек екен бәріне.
Өз аузына қаратқан,
БАҚЫТ апайды ұғамыз.
Сөйтіп әрбір сабақтан,
Сәл есейіп шығамыз.

1-оқушы: Тарих сабағын беретін,
Ғарыш туралы да білетін.
БИБИГУЛЬ апайымыз
Қызық екен сабағыңыз!

2-оқушы: Кемшілікті кезінде,
Кесіп айтар өзіңе.
Өнеге мол өзінде,
Өсиет көп сөзінде.
Көңілінің хошын-ай,
Көп шәкірттің досындай,
ТАЛҒАТ ағай осындай.

3-оқушы: Баулыған әрбір өнерді,
БАҚЫТ апай өнерлі.
Әсем әннің шебері,
Әрбір сөзі мәнерлі.
Қызықтырып ән-күйге,
Бізді үйретіп келеді.

4-оқушы: КАМИЛА апай сүйікті
Үйретеді шет тілді.
Көп нәрсені біледі,
Бізді жақсы көреді.

Оқушылардың анты.

Оқушысы қыз бала: БІЛІМ АЛУҒА, ҮЛКЕНДІ СЫЙЛАУҒА, ОТАНДЫ КОРҒАУҒА, ТІЛІМІЗ БЕН
САЛТ-ДӘСТҮРІМІЗДІ САҚТАУҒА,

Оқушысы ер бала: МӘДЕНИЕТТІ БОЛУҒА, ҮЛГІЛІ БОЛУҒА, ЕРІНБЕЙ ЕҢБЕК ЕТУГЕ,
МЕКТЕБІМІЗДІҢ ДАҢҚЫН КӨТЕРУГЕ, (бәрі) АНТ ЕТЕМІЗ!!!

Оқушылар ережесімен таныстыру

Күні: 11.09.23

Сыныбы: 3 Ә

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Сабақтың тақырыбы: Отбасы дәстүрлері

Мақсаты: 1. Білімділік Отбасындағы дәстүрлер туралы түсініктерді отбасы туралы ұғымдарды кеңейту, оны сүйе білуге үйрету.

2. Дамытушылық. Ата - ана және бала қарым - қатынасын өзара байланысын қалыптастыру, отбасының негізі өмірдің ұйытқысы, киелі қасиетке ие болу сыры, отбасы тәлімінің мәні туралы түсініктерді кеңейту;

3. Тәрбиелік. Отбасы тәрбиесінің мән - маңызын ашып көрсете отырып, ұлттық салтты, дәстүрді түсініп, құрметтеуге баулу, алдағы өмірге даярлау.

Әдістері: Пікір алмасу, психологиялық жаттығулар, психологиялық минут, анкета, сұрақ – жауап, тыныштық сәті.

Қажетті құрал - жабдықтар: Үлестірмелі қағаздар, А4 формат, отбасы суреттері А3. Слайд.

Сабақтың барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі.

Сәлеметсіздер ме, оқушылар!

Қазір мына жерде тұрған үш түрлі стикерлер бойынша топқа бөлінейік.

« **Жылы сөз**» жаттығуы Сын есім дегеніміз не? Қандай сұрақтарға жауап береді? Олай болса әрқайсымыз өзіңіздің есіміңізге сын есім қосып өз бойыңыздағы үш қасиетті кезекпен айтып шығыңыз.

Психологиялық минут.

Бүгінгі сабаққа қандай көңіл күймен келдіңдер? Табиғаттағы ауа - райын сипаттай отырып өз көңіл күйімізді айтамыз. Қалғандарымыздың көңіл күйіміз жақсы болса, бір - бірімізге қарап жымиямыз.

Ой жинақтау

1-тапсырма. Отбасы дегеніміз не?

Отбасының іргетасы ер азамат пен әйел адамның заңды неке қиып, отау тігуінен құралады. Отбасының басты қазығы, алтын діңгегі – бала. Баланың тәрбиелі жан - жақты болып өсуіне берекелі, өнегелі, ынтымақты отбасының ықпалы мол. Отбасын құрғанда Адам өмірге ұрпақ әкеліп қана қоймай, сонымен бірге оған жалпы адамзаттық және ұлттық құндылықтарды, ата - бабасының салт - дәстүрін, жас ұрпақтың бойына сіңіртеді. Балаларын өздерін қоршаған ортаға және қоғамға пайдалы азамат етіп өсіру – ата - ананың ең маңызды міндеті.

Енді осы тақырыптағы мақал - мәтелдерге кезек берейік.

1 - оқушы: Бала тәрбиесі бесіктен.

2 - оқушы: Баланың жақсысы – қызық, Жаманы күйік.

3 - оқушы: Әке көрген оқ жонар, Шеше көрген тон пішер.

4 - оқушы: Бала - көңілдің гүлі, көздің нұры.

5 - оқушы: Құс балапаны үшін тозаққа түседі, Адам баласы үшін азапқа түседі.

6 - оқушы: Ата - бәйтерек, бала – жапырақ.

7 - оқушы: Атадан жақсы ұл туса,

Елінің қамын жейді.

Атадан жаман ұл туса,

Елінің малын жейді.

8 - оқушы: Жақсы әке – жаман балаға қырық жылдық ризық.

9 - оқушы: Әкең өлсе де, әкеңді көрген өлмесін.

10 - оқушы: Әкесін сыйламаған кісіні баласы сыйламайды.

11 - оқушы: Ананың көңілі балада, Баланың көңілі далада.

12 - оқушы: Ағайын – алтау, ана – біреу.

13 - оқушы: Ағайынның алтын сарайынан, Ананың жыртық лашығы артық.

14 - оқушы: Аңанды Меккеге үш арқалап барсаң да қарызынан құтыла алмайсың.

«Қымбат машина» әңгімесі

«Бірде әкесі Аманға жаңа ойыншық сатып әкеліп берді де: «Сындырушы болма, қымбатқа сатып алдым»- дейді. Қандай ойыншық десейші. Қара бояуы жалтылдаған әдемі машина. Келесі күні Аман жаңа ойыншығын құшақтап аулаға шықты. Сыртта оны Рахат, Қанат, Мұса қоршап алды.

- Қараңдаршы, папам әперді. Аман машинасын құшағынан шығармай мақтана сөйледі.

- Келші көрейік...

Бере тұршы жүре ме екен?

- Қандай әдемі, кел. ойнайық.

Аман ойыншығын құшақтап оларға бермей қойды. Әрі - беріден соң Рахат та, Қанат та, Мұса да өз беттерімен ойнап кетті. Аман ойыншықты үйге әкеліп, төсегінің астына қойды да сыртқа шықты.

Қараса, балалар өздерінше арық қазып ойнап жүр екен. Аман қызығып, жүгіріп қастарына келді.

- Мен де ойнайыншы.

- Ал, балалар болса үндемей, ойындарын жалғастыра берді.»

Сұрақтар:

1. Әңгімеден не түсіндіңіздер?

2. Кім қателік жіберді деп ойлайсыздар?

3. Аман кінәлі ме?

4. Аманның әкесінің орнында сіздер қайтер едіңіздер?

Келіндер, пікір алысайық

1 Отбасы – тәрбие бастауы

2 Қазақ халқының қай салт - дәстүрлері сіздің отбасыңызда сақталған

3 Ұят - адам қасиетін бағалайтын сезім

4 Ұл - ол әке мұрагері ғана емес, ол ұлт болашағы. Отбасындағы ер адамға көзқарас

5 Шешесін көріп - қызын ал, Ыдысын көріп – асын іш.

6 Отбасындағы кітап, газет – журнал оқу. Білімді сатып алуға бола ма?

Қорытынды

Барлық өнеге отбасынан басталады. Балаларымыздың бойына сіңген ізеттілік - дөрекілікке, қайырымдылық – қатігездікке, адалдық – арамдыққа ауыспасын деген тілегімізді орындау - ұрпақ алдындағы ұлы міндет деп түсінейік.

18.09.2023ж

Сабақтың тақырыбы: Жолда жүру ережелерін білесің бе?

Сабақтың мақсаты: Ойынды тәрбие құрал ретінде пайдаланып бала сезімін кеңейтіп тілін ұштастырып жол ережесін жасына сай меңгерту. Қалыптасқан түйсіктерін, білімдерін пысықтап, адам өмірі үшін қажеттілігін түсіндіру. Жаяу мен көліктің байланыс қатынасын білдіру. Көшеде жүру ережесін білдіру арқылы жолда жүру мәдениетін үйретіп сақтыққа тәрбиелеу.

Сабақтың көрнекілігі: альбом, белгілер, жол белгілерінің суреттері, бағдаршам.

Сабақтың барысы:

1. Бейнежазба көрсету

1.Сапар шексек сіз бен біз,

Сан көлікке мінеміз.

Троллейбус,трамвай,

Автобуспен жүреміз.

Қайырмасы: Көлік,көлік,көлік,

Көліктерге мінеміз.

Көшелермен,көшелермен

Күнде тынбай жүреміз.

2.Тәртіп бұзсақ абайсыз,

Жағдай туар қолайсыз.

МАИ қызметкерлерінен

Сан кешірім сұраймыз.

3.Жол жүрудің тәртібін-

Ережесін білеміз.

Сақтанға қатерден

Сау саламат жүреміз.

-Балалар, мен сендерге бір жұмбақ жасырайын, сендер шешуін тауып көріңдерші.

Аяғы бар жүрмейді

Аузы жоқ сөйлейді. (бағдаршам)

-Міне,бізге бүгін көшеден кім қонаққа келіпті?

-Бағдаршам.(Қатты қатырма қағаздан жасалған бағдаршамның үлкен суреті.)

-Бағдаршамның қызметі қандай?

-Жол тәртібін реттеуші.



Ойын. «Бағдаршам құрайық».

Қызыл көзін ашқанда

Сынық сүйем баспа алға.

Сары көзін ашқанда

Қарап қалма аспанға.

Жасыл көзін ашқанда

Өте берген жасқанба!

-Балалар, жүргіншілерге мынандай сұрақ қойыпты.

-Жүргіншілер қай жолмен жүру керек? /Жиек жолмен жүреміз/

-Жиек жол болмағанда ше? /Жер асты жолымен/

-Жолдың қай жағымен жүру керек? /Оң қол жақпен жүреміз/

- Ата-аналарыңа барғанда, қоғамдық көліктерге қай жерден отырамыз?
- Өте жақсы, балалар, бағдаршамның берген сұрақтарына өте жақсы жауап бердіңдер.Енді көлік жүргізушілерге мынандай сұрақтар әкеліпті.
- Балалар,сендерге қай жастан велосипедпен жүруге рұқсат етеді? /Жол ережесін жақсы білгенде,14 жасқа толғанда/
- Балалар, жол ережесін бәрін білесіңдер ме?
- Кім көрсетіп, атап береді?
- Балалар,бағдаршамның қызыл жарығы жанған кезде кімдерге өтуге рұқсат етілген?
- «101» Өрт сөндіруші машинесіне.
- «102» Полиция мәшинесіне.
- «103» Жедел жәрдем мәшинесіне.
- Белгілі бір дауыс беру арқылы өтеді.



«Белгілерді құрастыр және атап айтып бер». Ойынның шарты: балалар алған жарты белгінің екіншісін тауып құрастырарсыздар, сонан кейін атап берулеріңіз керек.
Дәптерге жазып алу.

Сахналық көрініс: Бағдаршам

ҚЫЗЫЛ: Қызыл көзі жанғанда
Қалт тоқтай қал табанда.

САРЫ: Сары көзі жанғанда
Сақ абай бол барынша.

ЖАСЫЛ: Жасыл жарық жол ашық ,
Жүгіре бер бел асып.

ҮШЕУІ БІРГЕ: Бас аяқты ойлап,
Бол ұқыпты жолда.

ҚЫЗЫЛ ЖАНАДЫ: қозғалмай тұрады.

САРЫ ЖАНАДЫ: қол шапалақтайды.

ЖАСЫЛ ЖАНАДЫ: орында тұрып жүреді де сәлден кейін:

ӘРҚАШАН КҮН СӨНБЕСІН.
АСПАННАН БҰЛТ ТӨНБЕСІН.
ҚАСЫМДА БОЛСЫН АНАМ
БОЛАЙЫН МЕНДЕ АМАН.

25.09.23ж

Тақырыбы: «Спорт біздің — серігіміз».

Сабақтың мақсаты: оқушыларды салауатты өмір салтын қалыптастыруға тәрбиелеу, жеке бас гигиенасын сақтауға, дұрыс тамақтануға, дене шынықтыру мен спортпен шұғылдануға, жаман әдеттерден сақтандыру, ішімділік пен темекінің жас организмге зиянды екенін насихаттау. Жас бүлдіршіндерді мектеп партасынан-ақ жаман әдеттерден аулақ болып, өскен ортадан тек қана жақсы әдеттерді бойына сіңіруге баулу.

Көрнекілігі: спортшылардың суреттері, слайдтар, видеороликтер, кестелер т.б

Сабақ барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

Мұғалім сөзі: Құрметті оқушылар, мұғалімдер, ата-аналар бүгінгі біздің ашық тәрбие сағатымызды тақырыбы: ««Спорт біздің — серігіміз» Қош келдіңіздер!

II. Ой қозғау. Спорт тарихы туралы не білеміз?

III. Спорттың шығу тарихы.

Спорт - белгілі ережелер немесе дәстүрлерге сай көбінесе жарыс күйінде өтетін әрекет. Спорт жалпы алғанда физикалық мығымдығы өте маңызды болатын (жеңіске немесе жеңіліске әкелетін) әрекетті сипаттағанымен, ақыл-ой немесе құрал-жабдық сапасы да маңызды рөл атқаратын ақыл-ой спорты және мотор спортына қатысты айтылады. Адам баласы спортпен денсаулығын жақсарту, моральді және затты қанағаттану үшін, өзін-өзі дамыту үшін шұғылданады. Спорттың даму тарихына зер салсақ қоғамдағы өзгерістер мен қатар спорттың мән-мағынасын да түсінуге болады. Бүгінгі күнге белгілі үңгір өнерінің көп үлгілерінде дәстүрлі ырымдық ритуалдар көріністері бейнеленген. Осы бейнеленген көріністерді сенімді түрде қазіргі мағынадағы спортқа жатқызуға болмағанымен сол кездің өзінде спортқа жақын әрекеттердің орын алғаны хақында байлам жасауға болады. Франция, Африка, және Аустралияда орналасқан бұл бейнелердің осыдан 30 000 жыл бұры нжасалғанын айта кеткен жөн.

Қытай территориясында біздің дәуірден 4000 жыл бұрын қазіргі спорт мағынасына жақын әрекеттің болғанын айтатын заттар мен құрылыстар бар. Гимнастика ежелгі Қытайдағы кең тараған спорт түрі болыпты. Перғауындар мазарларындағы бейнелер мен заттар бірнеше ғасырлар бұрын да спорттың әртүрі болғандығынан хабардар етеді, оның ішінде жүзу мен балықауды айта кетуге болады. Ежелгі Персияда поло және атты рыцарлардың найзамен жарысын егіздері қаланды.

Ежелгі Грекия өзінде алуан түрлі спорт болған. Ең дамыған түрлері - күрес, жүгіру, диск лақтыру және арба жарысы. Осы тізімге қарағанда Ежелгі Грекияда (жалғыз ол жерде ғана емес т.б. жерлерде) әскери мәдениет мен әскери өнер спортқа тікелей қатысты болған. Сол жерде әр төрт жыл сайын Пелопонессе атты ауылда Олимпия деп аталған. Олимпиада ойындары өтіп тұрған. Футбол — спортты қойын түрі, аты ағылшын тіліндегі foot – аяқ, ball – доп деген сөздерінен шыққан. Футбол — әлемге аса танымал ойындардың бірі. Қазақ жеріндегі спорт түрлері қалайша қалыптасты? Осы сұраққа жауап табу үшін қалың тарихты парақтай отырып, ұлан-байтақ жерімізде спорттың дамуына түрткі болған оқиғалардың хронологиясын құрастырып отырмыз. Қазақ жерінде спорттың алғашқы белгілері 7 ғасырда пайда болды деген болжамды Араб халифатының Орта Азия елдеріне ислам дінін уағыздаумен қатар, шахматты тарату мен дамуына ықпал еткеніне қарап отырып, айта аламыз. Көне заманнан бастап, халқымыз садақ тарту, бәйге, күрес, сайыс сияқты көптеген спорт түрлерімен айналысып, өздерінің рухани байлықтарын толықтырып отырған. Ата-бабаларымыз әрдайым ұлттық спорт түрлерін, дене жаттығуларын жетілдіріп, оларды кейінгі ұрпаққа насихаттаған. Әр елдің, жүз бен болыстың өз батыры, балуаны мен аты шыққан мықты спортшысы, мергені болатын. Олар өз руының намысын қорғап, қарсыласын жеңу үшін барлық күштерін аямайтын.

Қазақтың ұлттық спорт түрлері

Дене тәрбиесі және ойындары, ұлттық ат спортынан, кейбір үстел және қимыл-қозғалыс ойындарынан және ұлттық күрес түрлерінен тұрады.

Ат спортының түрлері:

аламан бәйге - алыс және өте алыс қашықтарға атшабыс,
байте - ойлы қырлы жерлермен ат шабыс,
атомырауластыру - атты итерістіріп шеңберден шығару,
аударыспақ –ат үстінде алысу,
жорға жарыс - жорғалар сыны,
құнан бәйге, дөнен бәйге, тай жарыс - жылқы түліктерінің жарысы, қыз қуу,
көкпар – командалық ойын,
жамбыату - шауып келе жатып нысана көздеу,
күмісілу - жерден күміс тиынды ат үстінен іліп әкету,
сайыс – ат үстінде қарумен жекпе-жек өткізу;

Ақыл-ой ойындары :

шатраш (дойбының бір түрі),
тоғызқұмалақ — домалақ тас ойыны,
саяттаушы құстарды аңға салу;

Күрес түрлері: Қазақша күрес, Әйелдер күрес; Жеңіл атлетика Жаяу жарыс, Жігіт жарыс, Әйелдер жарысы;

Күш өнері: балуан тас, түйе көтеру, өгіз жығу, асық ойындары және т.б.
(Өздерінің жарысы кезіндегі видеоларды көрсету) (Қазақстан барысы видео)

(Көкпар видео)

Яғни, мақсатымыз – ұлттық спорт,ұлттық би өнерін насихаттау арқылы, денсаулық –саулық кепілі екендігін дәріптеу.

Сіздер таңқалмаңыздар, қазіргі таңда біздің ағзамыздыайықпас дертке ұшыратын темекі, яғни көк түтіндер, адамды жынжандырушы ішімдіктер мен есірткі заттар, сонымен қатар АҚТҚ/ЖҚТБ ауруы көптеп шығып жатыр. Облыс көлемінде қаншама жарнама арқылы зиянды әдеттерден арылтуға бағытталған жарнамалар көрсетілсе де, оның саны азаймай отыр. Біздің мақсатымыз осы жағымсыз заттардан қоғамды арылту, салауатты өмір салтын қолдау. Білім – инемен құдық қазғанмен тең болса, осы сабаққа қатысуларыңыз теңізге бір тамшы су құйғанмен тең.

06.11.23ж.

Тақырыбы: Нан дастарханға қалай келді? (*Еңбегі адал жасөрен» жобасы*)

Мақсаты: Нанды қадірлеу, қастерлеуге үйрету. Нанның дастарханға қалай келетіндігін, оған көптеген адамдар еңбек ететіндігін түсіндіру. Еңбек адамдарын сыйлай білуге, құрметтей білуге, нанды үнемдей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Нан туралы мақалдар, суреттер, нан түрлері, ұннан жасалған тағамдар, «Балдырған» журналы, тірек - сызба

Барысы: I. Кіріспе: сабаққа даярлық

II. Өткен сабақта алған білімдерін еске түсіру. Сұрақ жауап әдісін қолдану.

III. Негізгі бөлім.

а/ «Ойлан, тап!» тапсырмасын орындау.

Н...Н, БИД...Й, ЕҢ...ЕК, БАТО...

ә/ Тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

б/ Балалардың ата - аналарының жұмыс орны туралы әңгімелесу.

Қайда жұмыс істейді? Мамандығы кім? Жұмысы ауыр ма?

в/ Нан дастарханға қалай келеді? Сұрағына жауап алу / дүкеннен, мамам пісіреді/

Жер жыртады

Бидай себеді

Комбайншы орады

Жүргізуші элеваторға тасиды

Элеваторда тазалайды

Диқан диірменге салады

Ұнды дүкенге тасиды

Дүкенші сатады

НАНды сатып әкеліп, дастарханға қояды.

г/ Нан туралы ата - аналарың тыйым сөздер айта ма?

Не істеуге болмайды?	Не істеуге болады?

ғ/ Сергіту сәті:

Нан қиқымын шашпаңдар,

Жерде жатса баспаңдар.

Теріп алып қастерлеп,

Торғайларға тастаңдар.

д/ Кәрім Сауғабаевтың «Нан туралы» өлеңін оқып беру.

ІҮ. Қорытындылау бөлімі

а/ Нан, еңбек туралы мақал мәтел білеміз бе?

ә/ Нан туралы ақыл кеңес беру.

Дүкенге барғанда нанның сапасын қолыңызбен анықтамаңыз. Бұл тазалыққа, мәдениеттілікке жатпайды. Нанды сатып алған кезде, таза дорбаға салыңыз.

б/ Тыйым сөздер:

Нанды бір қолыңмен үзбе, кесірі тиеді.

Нанды төңкеріп қоюға болмайды.

Нанның қиқымын жерге аяқасты тастауға болмайды.


Наннан аттама.

в/ Сұрақтарға жауап алу.

Бүгінгі сабақтан ойларыңа не түйдіңдер?

Нанды неге қастерлеуіміз керек?

Сонымен, нан дастарханға қалай келеді екен?



г/

ғ/ Ойын: «Дұрыс орналастыр»

жұмырқа, нан, бауырсақ, сүт, айран, тоқаш, печенье, ірімшік, сүзбе, тәтті, пряник, торт, қатық, құрт, батон, булочки.

Ұннан жасалған тағамдар	Сүттен алынған тағамдар	Артық

д/ Үйде нан түрлерінің сурет салу. Нан туралы тақпақ жаттау.

02.10.23

Тақырыбы: Спандияр Көбеевтің туғанына 145 жыл «Бір отбасы – бір кітап»

Мақсаты: автордың өмірі мен шығармашылығын меңгерту, ақын-жазушының қаламынан туған мысал, әңгімелер арқылы оқушыларды адами қасиеттерге баулу, автор көтерген тағылымдар арқылы жазушының азаматтық бейнесін аша отырып, оқушылардың адамгершілік қасиеттерін арттыру, үлгі-өнеге алуға шақыру.

Көрнекілігі: слайд, кітапхана

Барысы:

1. Кіріспе

Спандияр Көбеевтің өмірі туралы не айта аласыздар?

Оқушыларға «Топтастыру» стратегиясы арқылы С.Көбеев кім деген сұраққа жауап аламын.



2. Жаңа бөлім

Спандияр Көбеев (1878 13 қазан, Меңдіқара ауданы, Қостанай облысы - 1956) - қазақ жазушысы, қоғам қайраткері, Қазақстанның еңбек сіңірген мұғалімі.

1878 жылы бұрынғы Торғай облысы, Обаған болысына қарасты нөмірі үшінші ауылда - қазіргі Ақсуат ауылында дүниеге келген. Анасы Айтбоз өте қайратты, ақылды, ауылының ортақ анасы сияқты қадірлі адам болған көрінеді. Әкесі Көбей хат таныған, шыншыл, тек қолөнерімен күн көрген. Әке-шешесінің үлгі тәрбиесі болашақ педогог-жазушының мінез құлқының қалыптасуына көп әсер еткен. Мектеп жасына жетіп қалған бала бірде әкесімен бірге бұл кездегі дәулетті кісі Соқытбайдың ауылына барғанда, Ыбырай Алтынсаринді көреді. Көп кешікпей сол ауылда ұлы ағартушы Ы. Алтынсарин бірінші рет екі жылдық мектеп ашады.

1887 жылдың желтоқсанында Алтынсариннің тікелей көмегімен Спандияр сол мектепке алынады. Содан кейінгі жылдары Қарағайлықөл деген жердегі төрт жылдық болыстық мектепте білім алады да, Қостанай қаласындағы Алтынсарин ашқан орыс-қазақ мектебінде оқуын жалғастырады. Енді ол осы қаладағы жаңадан ашылған екі жылдық педагогикалық курсқа түсіп, оны 1901 жылы бастауыш мектеп мұғалімі деген мамандық бойынша бітіріп шығады.

Ұлы ағартушының ізбасары С. Көбеевтің кезінде жоғары бағаланып, екі дүркін Ленин орденімен марапатталып, «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мұғалімі» деген құрметті атақ алған және Республика Жоғарғы Кеңесіне депутат болып сайланды.

1951 жылы өмірбаяндық сипаттағы «Армандар орындалады» естеліктері жарық көрді. Кітап кеңестік қазақ мектебінің күнделікті өміріне, революцияға дейінгі ауыл өміріне және Кеңес өкіметі жылдарындағы қазақ даласындағы түбегейлі өзгерістерге арналған.

1956 жылы 2 желтоқсанда туған ауылында қайтыс болды.

3. Қорытынды

а/ Тест

1. Спандияр Көбеев -

А) педагог-жазушы

В) сықақшы

С) аудармашы

Д) ақын

Е) журналист

2. Спандияр Көбеевтің 1895-1897 жылдары білім алған мектебі

А) Қостанай орыс-қазақ мектебі

В) Ыбырай мектебі

С) Қарағайлықөл мектебі

Д) Торғай мектебі

Е) Медресе

3. Спандиярдың 1912 жылы жарық көрген туындысын тап.

А) «Үлгілі тәржімә»

В) «Орындалған арман»

С) «Қара бұлт»

Д) «Маймыл мен көзілдірік»

Е) «Үлгілі бала»

4. «Шөлдесең, сусын болар көлдер қайда?

Қарын ашса, тамақ болар жерлер қайда?

Қаңғырып, жүдеп-жадап жүргенінде,

Сипайтын маңдайынан ерлер қайда?» Қай өлеңнен үзінді?

А) «Мектепке шақыру»

В) «Қайыршы»

С) «Арыстан мен маса»

Д) «Екі соқа»

Е) «Жетім»

5. «Түскі тамақ пен кешкі тамақ» әңгімесінің тақырыбын анықта

А) Отбасы

В) Білім

С) Еңбек

Д) Қайырымдылық

Е) Достық

ә/ «Бір отбасы – бір кітап» балалар кітапханасы бойынша ата – анаға кеңес беріп, кітап оқу акциясына шақыру

09.10.23

Тақырыбы: «Ұстаз! Сіздің алдыңызда» (Оқуға құштар мектеп» жобасы)

Мақсаты: жазушы, ұстаз, этнограф Ыбырай Алтынсариннің өмірімен, еңбектерімен таныстыру.

Оқушылардың қазақ халқының мәдениеті мен салт дәстүріне, өлеңдеріне деген қызығушылықтарын ояту. Оқушыларды адамгершілікке, әдептілікке тәрбиелеу.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, өмірмен байланыс

Көрнекілігі: Ы.Алтынсариннің портреті, әңгімелері бар кітаптар, тірек- сызба.

Жүргізу әдісі: Түсіндіру, сұрақ жауап, әңгіме

Барысы: I. Психологиялық байланыс.

«Кел, балалар, оқылық!» кімнің өлеңі?

II. Жаңа сабақ.

а/ Тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

ә/



Ыбырай Алтынсарин қазіргі Қостанай облысының Затобол ауданында 1841 жылы 20 қазанда туған. Әкесі Алтынсары ерте өліп, атасы Балқожаның тәрбиесінде болған. Өз заманының беделді адамдарының бірі болған. Оқу өнердің маңызын жақсы түсінген Балқожа би Ыбырайды Орынборға орыс қазақ мектебіне жібереді. Атасы араб тілін үйретеді. Ол 1857 жылы мектепті бітіріп шығады.

Алғашқы мектеп көрінісін баяндап беру.




Ыбырайдың арман еткен мектебі 1864 жылы 8 қаңтарда ғана ашылды. Оған 14 қазақ баласы кірді. Қазақ тілінде оқу құралдарын жасауды ойлайды.

1879 жылы Торғай облысында халық училищесінде инспектор болады. Ол осы лауазымен 7 бастауыш мектеп, 4 екі жылдық училище мен мұғалімдер даярлайтын мектеп ашты. Осы жылдары ол «Қырғыз хрестоматиясы», «Қырғыздарды орыс тілінде бастауышта оқыту және басқару» оқулықтарын шығарды.

б/ Сауат ашу пәнінде «Бір уыс мақта» әңгімесі естеріңде ме? Бұл әңгіменің авторы Ыбырай еді. Ол осы әңгіме арқылы қандай ақыл берді?

в/ «Бір уыс мақта» мазмұнын сұрау.

г/



III. Қорытынды

а/ «Кел, балалар, оқылық!» хормен айту.

б/ Бар білімнің бұлағы,
Әліппеден басталар.
Балғын бала білімі
Тауды бұзып, тас жарар!

в/ Ы.Алтынсариннің бір шығармасын тауып оқып келу.

г/ «Бір уыс мақта» сахналап көру

16.10.23

Тақырыбы: Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл

Мақсаты: ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлының туғанына 165 жыл екенін түсіндіре отырып, ақынның өмірімен қысқаша таныстыру.

Шыншылдыққа, әдептілікке, адамгершілікке тәрбиелеу.

Көрнекілігі: Смарт ТВ, Ш.Құдайбердіұлының фотосы, топқа болу житондары, А4 парақшалары

Барысы:

1. Ұйымдастыру
2. Өткен сабаққа шолу

3. Жаңа тақырып

Ұлы Абайдың дәстүрін жалғастырып, өркениетіміз бен ұлттық санамыздың ілгерлеуіне ұшан-теңіз үлес қосқан ірі ақын, ғұлама ойшыл, тарихшы, аудармашы, сазгер Шәкәрім Құдайбердіұлы бұрынғы Семей облысы, Абай ауданы, Шыңғыс тауының бөктерінде 1858 жылы 24 шілде дүниеге келген. Әкесі - Абайдың ағасы - Құдайберді. Әкесі дүниеден озғаннан кейін Шәкәрім Құдайбердіұлы Абайдың тәрбиесінде болады. Жеті жасында-ақ өлеңге айрықша талабымен көзге түседі. Өз бетімен араб, парсы, түрік, орыс тілдерін игеріп, шығыс, орыс классиктерінің шығармаларынан нәр алады.


Абайдың өсиетіне құлақ асып, 1905-1906 жылдары қажылық сапармен Араб, Түрік, Еуропа елдерін аралайды. Әлем кітапханаларындағы маржандармен танысады. Дін мен философия, ғылым салаларын игереді. 1908 жылдан бастап елден шет кетіп, таза шығармашылық жұмыспен шұғылданады. "Түрік, қырғыз, қазақ һәм хандар шежіресі", "Мұсылмандық шарты" кітабы 1911 жылы Орынборда, "Қазақ айнасы" өлеңдер жинағы, "Қалқаман-Мамыр", "Еңлік-Кебек" поэмалары 1912 жылы Семейде басылып шығады.

Орыстың ұлы жазушысы Л.Н. Толстоймен хат алысып, өзін оның шәкірті санайды. 1931 жылы бандылармен байланысты деген жалған айыптаумен кеңес қарулы топ мүшелерінің қолынан атып өлтіріледі. 1988 жылы ақын аты ақталды. Ш. Құдайбердіұлының әдеби мұрасы аса бай. Ол поэзия, проза, аударма, тарих, трактат саласында жұмыс істеп, Абай дәстүрінде демократтық-халықтық, гуманистік-халықтық бағыт ұстады.


4. Топтық жұмыс

Оқушылар берілген мәліметтер бойынша топта оқып, талқылап ізденеді.

1-топ: Шәкәрім қандай тілдерді білген?



2-топ. Қандай елдерді аралайды?



3-топ. Қандай кітаптары, шығармалары білесіздер?

Қандай шығармалары бар?



4-топ: Шәкәрім қандай салаларда жұмыс жасаған?

Шәкәрім қандай салаларда жұмыс жасаған?



5. Дәптермен жұмыс

Адамшылдық

Кісіге адамшылық неге керек?

Адамдық – өзге айуаннан артық демек!

Ит талаған төбеттен қалай дейсің,

Аямай әл келгенін жұлып жемек.

Мейірімсіз қасқырда да күшті өмір бар,

Артылған жерің қайсы онан бөлек?

Үнемі сен жеріңді қайдан білдің?

Бұл дүние кезек берер істі өңгелеп.

Онан қорқып, обырлық қоймасаң да,

Адам боп, хайуаннан болсаңшы ерек!

Жалмағанша, жәрдемің тигізсеңші,

Жығылған, жылағанға болып көмек.

Мархаматты теріс деп кім айтады,

«Адамшылық – сол» дейді тамам зерек.

«Мейірім – жақсы, зұлымдық – жаман» дейсің,

Қасқырлыққа қайтесін құр дөңгелеп.

Жаны ашып жәрдем қылмай өткен адам –

Өсіп, өшіп құлаған бір бәйтерек.

6. Қорытындылау

Сұрақтарға жауап алу

23.10.2023ж

Тақырыбы: Бірлігіміз жарасқан Қазақстан!

Мақсаты: Туған жерге, еліне деген сүйіспеншіліктерін арттыру. Еліміздің тұңғыш елбасы туралы қысқаша мәлімет беру. Отанды сүйуге, байлығын қорғауға, болашақта Отанымыз Қазақстанды өркендетуге білімді адамдар керек екенін түсіндіру.

Пәнаралық байланыс: әдеп, әдебиеттік оқу, дүниетану.

Жүргізу әдісі: түсіндіру, баяндау, сұрақ - жауап, көрнекілік.

Көрнекілігі: Қазақстанға арналған кітаптар, суреттер, рәміздер, альбом «Менің Қазақстаным» тірек - сызбалар.


Барысы: I. Психологиялық дайындық.

а/ «Отан үшін отқа түс, күймейсің» оқушыларға оқыту.

ә/ Үй тапсырмасын тексеру: Отбасы туралы мақал - мәтелдер жаттап келу.

II. Жаңа сабақ.

а/ Логикалық тапсырма. Ребус шешу.



1. Үй құсы. 2. Шардың түсі қандай? 3. Құдықта не болады? 4. Жерде, топырақта не көп?

ә/ Тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

б/ Әр бөліктеріне қысқаша мәліметтер беру.



в/ «25 қазан Республика күні» слайд көрсете отырып, мәлімет беру.

г/ Өлеңді оқып беріп, сұрақтарға жауап алу арқылы мазмұнын ашу.

Нұрына шомылдырып алтын күннің,

Республикам ертеңге талпындырдың.

Өзінен шабыт алып ақын қиял,

Шалықтап кең далада шалқып жүрмін.

Егемен елім десем, сенім кіріп,

Бойымды билеп кетер сенімділік.

Ешкімге ауыстырмас алтын Отан,

Жырлаймын қасиетіңді төгілдіріп.

*Жарқырап жанған күндей азаттығы,
Көрінер ұлтымның да гажаптығы.
Республика күнімен құттықтаймын,
Өйткені ол - Ұлт күні, Қазақ күні!*

ғ/ Анаграмма

а қ с а н т қ з а - қазақстан

к т і ә д у з е і л с - тәуелсіздік

а р к е с и л п б у - республика

б к і е л й і б ш і т- бейбітшілік

н о а т - отан

н ә н ұ а р - әнұран

у т- ту

а е б л ң т а - елтаңба

т п н р е д з и е - президент

қ х ы а л - халық

р т е у ж н а ғ – туған жер

III. Қорытынды кезең.

а/ Бүгінгі сабақтың тақырыбы қалай?

Бүгінгі сабақтан біз не алдық? Не үйрендік?

06.11.23

Тақырыбы: Әкеге-ізет, анаға –құрмет

Мақсаты: Бала бойына осы тәрбие сағаты арқылы сүйіспеншілікті, жылылықты ұялату. Ата - анасын құрмет тұтып, адал да парасатты ұл мен қызы болуға тәрбиелеу. Ата - анасының берген жақсы тәрбиелерін нәтижелі етуге үйрету, қоғамға жат қылықтардан сақтандыру.

Көрнекілігі: Тақырып жазылған слайд, ата - ана жайлы ұлағатты сөздер, хадистер.

Тәрбие сағатының барысы:

1. Ұйымдастыру кезеңі

Кіріспе

Бала тәрбиесінде ата - ананың алар орны ерекше. Ата - ана баласына саналы тәрбие беріп, оның болашағына зор үмітпен қарайды. Бірақ та қазіргі заманда ата - анасы мен ұстаздардың берген тәрбиесін жоққа шығарып, өмірден опық жеп жатқандар қаншама. Балалардың мектеп партасында отырып, оқушыға, қоғамға жат қылықтармен айналысуы бұл - кезек күттірмейтін мәселелердің бірі. Біздің оқушыларымыз осындай жат қылықтардан аулақ болып, саналы, тәрбиелі, білімді ұрпақ тәрбиелеу мақсатында осы тәрбие сағатының мәні зор деп сенемін.

- Сондықтан да, балалар, қазіргі айтылар ата - ана жайлы ұлағатты сөздерді зейін қойып тыңдап және айтқанда да тек ауыздарыңмен емес, жүректеріңмен айтса екен деп ойлаймын.

3. Олай болса, тәрбие сағатын әрі қарай оқушылардың өз бетінше өткізуіне көңіл бөлсек.

Анаға арнап ақ тілектер айтар күн,
Әкеге арнап марапатты бастар күн.
Бүгінгі күн мәңгі есте сақтар күн,
Бүгінгі күн есінде мәңгі жастардың.

Хор: Ана туралы жыр

«Қарт пен бала әңгімесі» деп аталатын көріністі тамашалаңыздар.

Баласы: - Ата, онда маған сұрақ қойыңызшы.

Атасы: - Балам, үйдің алтын қазығы кім?

Баласы: - Ата, үйдің алтын қазығы - бала.

Атасы: - Жоқ, балам, үйдің алтын қазығы - ана. Ана ақылды болса, бала дана болады. Ана тәрбиесі - қызға үлгі, әке тәрбиесі - ұлға үлгі. Ана - ақылшың, әке - қамқоршың, аға - қорғанышың, інің - сүйенішің, қарындасың - қанатың екенін ұмытпа.

Атасы: - Балам, жоқты бар, ашты тоқ ететін кім?

Баласы: - Ата, жоқты бар, ашты тоқ ететін - мейірімді әке.

Атасы: - Жоқ, балам, әке қанша мейірімді болса да ананың жаны бөлек. Ашты тоқ, жоқты бар ететін ол - ана. Анасыз бала ұйықтамайды, қатықсыз айран ұйымайды.

- Ал, балам, өмір сүру үшін не қажет?

Баласы: - Ата, өмір сүру үшін алтын, ақша, мал қажет.

Атасы: - Жоқ, балам, өмір сүру үшін су, от, тұз, қыз, ақыл қажет. Су - тіршіліктің нәрін береді, от - өмірге жалын береді, тұз - астың дәмін келтіреді, қыз - өмірдің сәнін келтіреді, ақыл - өмірдің мәнін келтіреді.

Енді қарт оқушыларға сұрақ қояды.

- Адамның ақылы қайда, балаларым, кім айтады екен?

Қарлығаш: - Ханның ақылы тағында, әкенің ақылы жанында, жігіттің ақылы жақсылығында, ақымақтың ақылы кім көрінгеннің қалтасында.

- Адамға ақыл беретін кім, балаларым?

Ақжарқын: - Адамға ақыл беретін ата - ана, ұстаз, досың. Ата - ана ақылын баласы мен қызына айтады, ұстаз шәкіртіне айтады.

Атасы: - Енді өмірде не жетім?- деген сұраққа кім жауап береді?

- 1. Өмірде ата - анасы болмаса, бала тас жетім

2. Халықта сенім болмаса, хан жетім.
Ханы ақылсыз болса, халық жетім.
3. Суы жоқ құдық жетім.
Досы жоқ жігіт жетім.
4. Шәкіртсіз ұстаз жетім.
5. Қызы жетесіз болса, ана жетім.
6. Ата - ана ақылы жерде қалса, бәрінен де сол жетім.

Атасы: - Иә, балаларым, сендер ата - ананың тәрбиесін бағалап өскен балаларсыңдар. Қанаттарың еш талмай, ақ жолмен ата - аналарыңды сыйлай біліңдер. Аумин!

- Біздің қазақ әр сөзді тұспалдап та, туралап та, астарлап та жеткізген халық. Ата - ана туралы қаншама мәнді де маңызды сөздер айтылады. Сонымен бірге ата - ана туралы хадистерді білетін оқушыларды да тыңдап көрейік.

- Ей, Перзентім! Ойыңа тоқып ал, ата - анаңа құрмет, ізет қылуды мойынға алу ләзім. Себебі, баланың түп негізі - ата - ана болып табылады.

- Ата - анамды не үшін құрметтеймін дегенді ойыңа алушы да болма. Олар сен үшін өлуге де дайын тұрады. Сен соны білуің керек.

- Сен ата - анаңның еңбегін дін жағынан өтей алмасаң да ақыл - санаңмен, адамгершілігіңмен өте. Кімде - кім ата - анасын разы еткен болса, ол қандай жақсы. Алла тағала оның өмірін ұзартады.

- Ата - анаңа не істесең, қартайғанда алдыңа сол келеді.

- Борыш - ата - анаға, үлкен ұстаздар мектебіне қызмет жасап, әкенің еңбегін, ананың ақ сүтін өтеу. Егер нағыз адам болсаң, ең әуелі ата - ана алдындағы борышты өтеу мақсатын қоямыз. Құрметті, әке - шеше, атыңа кір келтірмеуге ант етемін!

Барлығы: Ант етеміз!

«Бала тәрбиесі - бесіктен» дейді халық. Әрбір ата-ана өз баласына қазақтың ырым - тыйым сөздерін айтып отырып тәрбиелейді. Ендеше біздің оқушыларымыздың ата - аналарынан естіген ырым - тыйым сөздеріне құлақ түрсек.

- Ата - ананы ренжітпе

- Түнде суға барма!

- Таңдайыңды қақпа!

- Кісіге қарап есінеме!

- Дастарханға қарап түшкірме!

- Үлкеннің сөзін бөлме, жолын кеспе!

Қорытынды

Мұғалім: - Осы тәрбие сағаты менің оқушыларыма үлкен ой салып, саналы болуға тәрбие берді деп ойлаймын. Келген ата - аналарға үлкен рахмет айта отырып, тәрбиелеп отырған балаларыңыз саналы азамат болып, сіздердің де, біздің де мақтанышымыз болсын деп тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Тақырыбы: 15 қараша – Ұлттық валюта күні.

Мақсаты: Тәуелсіз еліміздің ең бірінші айрықша белгісі теңгемен тереңірек таныстыра отырып, сөздердің мағынасын, қолдану аясын жете білуменнен байланысты оқушылардың мүмкіндігін дамыту. Туған жеріне, отанына сүйіспеншілігін ояту.

Сабақтың көрекілігі: Алғашқы теңгелердің үлгілері, «Теңге – мемлекет келбеті», жаңа сөздер.

Сабақтың барысы: Қызығушылығын ояту.

Теңгемен .

Ендеше тәрбие сағатымыздың тақырыбы «Теңге – мемлекет келбеті».

«Теңге» деген сөзге синоним табыңыздар: (теңге, тиын, ақша, валюта, қаржы, капитал).

Тәрбие сағатының мақсатымен таныстыру.

Теңге тарихын айтып бермейік.

Теңге тарихы

- Мемлекетіміздің елбасы – Н.Ә. Назарбаев.

- Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып қай жылы сайланды?

- 1991 жылы 1 желтоқсанда Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті болып Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев сайланды.

- Президент Мемлекетіміздің ішкі және сыртқы саясатының негізгі бағыттарын белгілеп отырды. Әрбір егеменді елдің өзіне тән мемлекеттік рәміздері, яғни белгілері болады. Оған Ту, Елтаңба және Өнұран жататынын Сіздерге белгілі.

- Мемлекетіміздің Өнұранның авторы кімдер?

- Мемлекетіміздің Туының авторы кім?

- Мемлекеттік Елтаңбаның авторлары кімдер ?

(Оқушылар жауабын тыңдалады).

Жүргізуші: Қазақстан Республикасы - егеменді, тәуелсіз демократиялық мемлекет. Оның өзі Ата Заңы, мемлекеттік рәміздер, ұлттық валютасы бар. Ал енді оқушылар теңге туралы не біледі екен?

1 – Оқушы: Тәуелсіздік алған елдің ең бірінші айрықша белгісі - ұлттық валюта. Ол – Қазақстан Республикасы көлемінде пайдаланылатын заңды төлем құралы. Ақша – асыл қазына, халық байлығы. Халқымыз теңгені бұрын да пайдаланған. Ерте замандарда теңгелерді Түркістан, Тараз қалаларындағы арнаулы шеберханаларда жасалған.

Жүргізуші: Теңге өмірге оңайлықпен келген жоқ.

Елбасымыз өз теңгемізді шығаруға қаржыгерлерге тапсырма берді. Ұлттық валютамыздың өз дизайні, өз идеясы болуы керектігін қатаң тапсырылды. Қазақстан аймағында ерте кезеңде қандай ақша болғанын, тарихта бұл жөнінде қандай деректер бары іздестірілді.

2 – Оқушы: Ұлттық валютамыз теңгені жасап шығаруға байланысты жұмыстар жүргізілді.

Бірнеше эскиздер жасалып, ішіндегі «мықтылары» Елбасының таңдауына берілді. Елбасының берген тапсырмасына сәйкес ұлттық валюта 1993 жылғы 12 қарашадағы жарлығымен 15 қараша күні таңертеңгі сағат 8:00-ден бастап енгізіліп, елдің қолына тиіп, ел мәре – сәре болысты. Өйткені төл теңгеміз тәуелсіздігіміздің басты белгісі еді.

Биыл теңгеміздің айналымға шыққанына 19 жыл толып отыр. Қазақ теңгесі Англияда басылды.

Жүргізуші: Теңгенің 16 – ға жуық құпия қорғанысы белгісі бар.

Ұлттық валютамыздың дизайның жасаушы авторлық топтың жетекшісі Тимур Сүлейменов болды. Төл теңгеміз тек өз еліміздің экономикасын ғана емес, көрші жатқан елдің экономикасына да үлесін қосты. Одан түскен пайда елге оралып экономикамыздың дамуына, халықтың тұрмысын жақсартуға жұмсалуда.

Теңге - біздің дербес ел болғанымыздың белгісі. Басқаның валютасына тәуелді болу

- барлық байлығыңды біреудің билігіне беру. Ұлттық валюта – еліміздің даму көзі, әлемдік деңгейге теңелудің алғашқы факторларының бірі. Ол барлық уақытта тәуелсіздігіміздің қамтамасыз етеді.

ҚР 1995 жылғы 30 наурызда №2155 Заңына сәйкес ҚР Ұлттық банкі 2006 жылғы үлгідегі номиналы 200, 500, 1000, 2000, 5000, 10000 теңгелік банкноттары айналысқа шықты.

Алдыңғы шыққан ақша мен қазіргі шыққан ақшаның арасында айырмашылықтар бар. Енді теңге туралы әңгімелейік.

Алдыңғы шыққан Ұлттық теңгеміздің шеттері қазақтың ою – өрнектермен безендірілген. Бірінші бетінде қазақ халқының әйгілі ұлы тұлғаларының бейнелері басылды. Екінші бетінде ою - өрнектер, табиғат көріністері бейнеленіп, елтаңбамыз салынған. Одан кейін жаңа айналысқа шыққан ақша мынадай болып өзгерді. (қазіргі қолданыстағы теңгелер көрсетіледі).

Теңгенің орталық бөлігінде «Астана – Байтерек» монументі бейнеленген. Қазақстан

Республикасы Мемлекеттік әнұраны ноталарының фрагменті ақ түспен безендірілген. Қазақстан

Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы жасыл түспен бейнеленген. Жоғары оң жақ бөлігінде Қазақстан

Республикасының мемлекеттік туы бейнеленген. Банкноттың төменгі жағында ашық алақан бейнеленген. Бұл бейбітшіліктің белгісін білдіреді. Негізгі бейнесі: Қазақстан картасының контуры, алдыңғы жағында ҚР

Көлік және коммуникация министрлігінің үйі және Астанда Есіл өзені арқылы көпірде орнатылған қанатты барыстың суреті салынған.

Жүргізуші: «Тиыннан теңге құралады», - демекші, ақшаны үнемді пайдалану керек. Қазіргі ақша мен кейінгі ақшаның арасында қандай айырмашылықтар бар?

(Оқушылардан сұрап жауаптарын толықтыру)

Кім тез ұғып алды екен «Сықырлы сандықша» ойынын ойнап көрейік.

-Ұлттық валюта қай жылы шығарылды?

-Теңгеде кімдер бейнеленген? Олар кімдер?

-Ақша қандай қызмет атқарады?

-Тәуелсіз елдің ең бірінші айрықша белгісі қандай?

-Ерте заманда теңгелерді қайда жасаған?

-Теңгенің неше құпия қорғанысы бар?

-Қайдан несие алуға болады?

-Ақшаны қайда жинауға болады?

-Ұлттық валюта дегеніміз не?

-Теңге немен безендіріледі?

-Қазіргі теңгеде қандай суреттер салынған?

-Қазақ теңгесі қайда басылды?

-Сен ақшаны орынды жұмсай аласың ба?

Сабақты қортындылау:

Қазіргі кезеңде Мемлекетіміз көтеріліп

келеді, болашақта білімді, саналы азамат болып өсуімізге борлық жағдай жасалуда. Осы мүмкіндікті дұрыс пайдаланып еліміздің ертеңі жарқын болуына сіздер де ертең еңбек етесіңдер, соған лайықты ұлан болып өсіңіздер! Сіздерге қатысқандарыңыз үшін рахмет.

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Кл. 3 Ә

Күні: 20.11.23

Тақырыбы: Туберкулездің алдын алу

(Туберкулездің алдын - алу шаралары туралы жалпы түсінік)

Мақсаты:

а) Балалардың сана - сезімдерін ояту, өз денсаулықтарын сақтаудың маңыздылығы, жеке бас гигиенасы туралы түсінік қалыптастыру

ә) Қазіргі адамзат ұрпағына төніп тұрған проблеманың түйінін ашу. Туберкулез сияқты аурудың пайда болуын, қоғамға, адамға осы аурудың зардабын түсіндіру, ашып көрсету.

б) Жаман әдеттерден бойларын аулақ салуын, санитарлық - гигиеналық талаптарға сай болуын қалыптастыру, дамыту. Тазалыққа, ұқыптылыққа, жауапкершілікке тәрбиелеу.

Түрі: Сұхбат (Сұрақ - жауап, кеңес әңгіме)

Әдісі: Баяндау, сұрақ - жауап.

Көрнекілігі: Туберкулез тақырыбына салынған суреттер, слайдқа жазылған нақыл сөздер.

Қатысушылар:

1. Дәрігер

2. Оқушылар.

Сабақтың барысы:

Мұғалімнің кіріспе сөзі:

Балалар дүние жүзінде халық санының көбеюіне байланысты туберкулез ауруы бұдан 20 - жыл бұрынғыға қарағанда едәуір көбейіп отыр. Бүкіл әлемдік денсаулық сақтау ұйымының мәліметтері бойынша дүниежүзінде туберкулез ауруымен 8 - 10 млн адам тіркеліп, 3млн адам қайтыс болады екен. - Ал, енді тәрбие сағатымызды бастамас бұрын мектеп медбикесі Гүлім апаның мәлімдемесін тыңдалық. Туберкулез өкпе қабынатын ауыр жұқпалы ауру. Ежелгі ғалымдар мен ойшылдарының жазбаларында туберкулез « көкжөтел – чахотха» ретінде айтылады. Туберкулез қоздырғышын неміс ғалымы Р. Кох ашқан. Сондықтан бұл бактерияларды Кох таяқшалары деп атайды. Олар әр түрлі мүшелерді зақымдайды: өкпе, сүйек, буын, бүйрек т. б. зақымдайды. Туберкулез таяқшалары сыртқы ортаға едәуір төзімді болады - ластықта, қақырықта, күнделікті пайдаланылатын нәрселерде, қоршаған ортада көп уақытқа дейін сақталады (топырақта, суда, кітапта). Туберкулез – аса қауіпті дерт. Ауру белгілері көпке дейін білінбейді. Алғашында аздаған құрғақ жөтел пайда болып, кейін күшейеді, тамаққа тәбеті тартпайды, ұйықтағанда терлеп, кешке қарай дене қызуы көтеріледі, тез шаршайды. Содан кейін жөтел, қан аралас қақырық пайда болады. Осы белгілер біліне салысымен, неғұрлым ертерек дәрігер - фтизиаторға қаралу керек. Туберкулез таяқшалары сыртқы ортаға едәуір төзімді болады, топырақта 2 апта, кітап беттерінде 3 ай, суда 5 айға дейін сақтала алады. Туберкулез таяқшаларын ұзақ уақыт қайнату, тура түскен күн сәулесі, хлорамин және хлорлы әк өлтіреді.

- Ал енді балалар, бұл ауру туралы дәрігерімізге қандай сұрақтарыңыз бар?

1 оқушы:

- Туберкулез адамға қалай жұғуы мүмкін?

Дәрігер: - Туберкулез жөтел және қақырық арқылы тарайтын жұқпалы ауру. Сондықтан өзіңізге де, өзгеге де еденге, жерге түкіруге жол бермеңіз.

2 оқушы:

- Адамның туберкулез ауруын жұқтырғанын неден байқауға болады?

Дәрігер: - Туберкулезді анықтаудың бірден-бір жолы - қақырық тексеру.

Егер науқас:

- Үш аптадан аса жөтелсе;

- Қан түкірсе;

- Үш аптадан аса көкірек тұсындағы ауырсыну басылмаса;

- Үш аптадан аса қалтырап жүрсе, бұларды туберкулез ауруының хабары деп түсінген жөн.

Топтық жұмыс:

1 топ. Денсаулықтың достары

2 топ. Денсаулықтың қастары

3 топ. Аурудың алдын алу шаралары

Мұғалім: Енді ауру туралы ойларымызды қорытындылап, алдын-алу туралы айтып өтейік!

- Аш жүру немесе жөнді тамақтанбау адам ағзасының ауруға қарсылығын азайтатыны – дәлелдеуді қажет етпейтін шындық. Темекі шегу мен арақ ішуде тәннің қорғаныс қабілетін нашарлатады. Жұпыны тұрмыспен құлазыған көңіл-күй де организмді әлсіретіп, оның ауруға қарсылығын төмендетеді.

Көбінесе туберкулезді тұқым қуалаушы ауру деп есептейді. Бұл сенімсіз. Туберкулез-жұқпалы ауру. Сондықтан оны жұқтырмау амалдарын сақтау, ал жұқтырған жағдайда толық емделу шараларын қатаң жүзеге асыру шарт. Сонда ғана соңғы кездерде өршіп бара жатырған жауыз індеттің бетін қайтарамыз.

- Міне балалар сендер туберкулез туралы аз да болса түсінік алдыңдар. Осы қауіпті аурудың болмауы үшін одан өзімізді сақтауда қолымыздан келетіннің бәрін жасауымыз керек. Үнемі таза ауада жүріп

спортпен шұғылдану сіздердің дендеріңіз сау болып, мықты болудың кепілі.

Мұғалім: Жұмыр жерді мекендеген халықтың сонау, ерте замандардан бері айтылып, ғасырлар бойы сұрыпталып келген інжу-маржандай асыл да, даналы сөздері бар. Осынау ғибадатты сөздер адам баласының денсаулығына зиянды әрекеттерді де жан-жақты қамтыған. Медицинада сөз құдіретінің шарапатына өлшеу жоқ. Азабын арқалатып діңкесіне тиген жаман әдеттен құтыла алмай, дертке амалсыз көніп, көмек тілеп алдына келген науқасқа дәрігердің тауып айтқан бір жылы сөзі тамаша қуат береді.

Иә, мақал-мәтелдер ғасырлар бойы сұрыпталып, сұлуланып, салмақтанып, кемелденген асыл сөзі, парасатты тәрбиеші, әділ сыншы, адал ақылшы ғана емес, сонымен бірге епті, есті емші де.

1. Ішпеген, шылым шекпеген
Жасайды жылдар көптеген.

2. Ұзартқың келсе ғұмырды,
Таста арақ пен шылымды.

3. Темекінің кермегі,
Еріккеннің ермегі.

4. Шарап-арақ ішіңе көшеді,
Ақыл шөлмек ішіне түседі.

5. Жалқаулықтың жан күтімі.
Екі қолды ұстайды.
Темекінің көк түтіні,
Екі өкпені ыстайды.

6. Ішпеген, шылым тартпаған,
Денсаулығын сақтаған.

7. Жабылады шарабыңды ішерде,
Бәле төнсе, жоқ араша түсерге.

8. Жасында темекісін будақтатқан,
Күркілдеп қартайғанда сұлап жатқан.

9. Адам арақты ішеді,
Арақ ақылды ішеді.

10. О басында өзің сақтан, сақ боп жүр,
Одан кейін өзгелерді сақтандыр

Қорытынды.

«Ауырып ем іздегенше ауырмайтын жол ізде!»

27.11.23ж

Тақырыбы: Жол тәртібін білейік, аман – есен жүрейік.

Мақсаты: Жолда жүру ережесімен таныстыру және ережелерді үйрету. Білгендерін тұрақты дағдыға айналдыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Пәнаралық байланыс: әдебиет, бейнелеу өнері, өмірмен байланыс.

Көрнекілігі: Стенд, бағдаршам және жол белгілері бейнеленген суреттер, «Жол және сен»

С.Рыстаевтың кітабы, газет қиындысы, «Мектептегі сыныптан тыс жұмыстар» журналы 11 – 2008 жыл.

Жүргізу әдісі: ойын, көрнекілік, сұрақ жауап, іздену.

Барысы: I. Психологиялық дайындық.

а/ Қызыл көзін ашқанда
Сынық сүйем баспа алға.
Сары көзін ашқанда
Қарап қалма аспанға.
Жасыл көзін ашқанда
Өте бергін жасқанба.
Бұл өлең не жөнінде айтылған?

ә/ Тәрбие сағатының тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

II. Жаңа сабақ.

а/ Мынау нелер? (бағдаршам, жол белгілері, қала, көше, жол) Не үшін керек?

ә/ «Аюдың оқиғасы» әңгіме

Жол бойында инспектор және кіші инспектор тұр. Басы ақ шүберекпен таңылған, шүберектің сыртына шып - шып қан шығып тұрған аю өкіріп – бақырып келе жатады.

Инспектор: Маймақ, саған не болды? Сені кім ренжітті? Көзің көгеріп, басың ісіп кетіпті ғой.

Аю: Сізге жасырмай шынымды айтайын. Бал тасып жүрген машинаға жармасам деп домалап түстім.


Инспектор: Тәтті бал үшін жол тәртібін бұзыпсыз. Енді еңіреп жылауыңда жол болсын.

Аю: «Жолдас инспектор, енді ешқашан бүйтіп машинаға жармаспаймын, жолда жүру ережесін бұзбаймын» - деп инспектор ағайға уәдесін берді.


б/ Балалар, аюға көмек береміз бе? Ол үшін біз бүгінгі сабағымызда берілген тапсырмалар мен ақылдарды мұқият тыңдап, біліп алып, аюға баяндап беруіміз қажет.

☺Осы бағдаршам бізге керек пе? Бағдаршамның қанша көзі бар?


☺Көліктің артқы жағына ілініп алып сырғанауға бола ма?




Ескерту белгісі



Тыйым салу



Анықтама белгісі



Көрсеткіш белгісі

в/ «Жол әліппесі» поэзиялық минут.

Оқушылар өздеріне ұнаған әрпін алып, сол әріпке байланысты өлеңдер оқып береді. А Ә В Ғ Д Е Ж З И К Қ М Н О Р Т У Ұ Ф Һ Ц Ч Ш Ы І Мысалы: **Э** әрпі **Электричка** - ұшқыр поезд зулайды,

Ішінде отыр жастар менен қартымыз.

Жасы үлкенге жастар орнын сыйлайды,

Ата сыйлау, аға сыйлау - салтымыз.

г/ Дәптерге бағдаршамның сурет салу.

III. Қорытынды

а/ Көрнекіліктермен жұмыс. Газет қиындысынан «Жер асты жолы» оқып беру.

ә/ Сұрақтарға жауап алу.

б/ Жұмбақтар шешу.

Арқаным бар тым ұзын,

Ала алмаймын бір үзім. (жол)

Бір тұлпар су ішеді, жем жемейді,

Ескеріп ешбір адам елемейді.

Жүк емес жануарға жүз адам да,

Шылбырын сымға байлап тез жөндейді. (трамвай)

Бұйырмапты бас та, ауыз да, құлақ та,

Бақырайған үш көзі бар бірақ та. (бағдаршам)

б/ Өлеңді оқып беріп, дәптерге жаздыру.

Айналайын, абайла,

Жан жағыңа қарайла.

Жолда жүру ережесін

Есте сақта қалайда.

Балалар, сонымен аю бізден сабақ алды ма? Қалай ойлайсыздар? Ол жолда жүру ережесін үйренді ме?

в/ Үйге: өлеңді жаттау

27.11.23ж

Тақырыбы: Әлемді бағындырған жерлесіміз

Сабақтың мақсаты: оқушыларды әлемді бағындырған жерлестеріміздің өмірімен таныстыру, Отанға, елге, ата – анаға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру, егемен мемлекетіміздің патриоттары болуға тәрбиелеу.

Сабақ барысы

Мұғалім: Әр адамның жүрегінде, мейлі қай ұлт болсын, қандай дінге сыйынса да, Отан деген ұлы сөз. Отан белгілі бір аумақпен, шекарамен не қандай да заңмен сипатталмайды. Отан- рухтың бірлігі, елдің биік тұғыры, Отан «елжандылық» деген сөзбен мәндес. Осыдан 22 жыл бұрын, яғни 1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан өзінің ғасырлар бойы армандаған мемлекеттік тәуелсіздігін жариялады. Сол кездегі Тәуелсіз еліміздің алғаш қадамын басуға, жетелеуге бүкіл ел болып, Н.Ә.Назарбаевты Президентіміз деп сайладық. Тәуелсіз Қазақстанды Н.Ә.Назарбаевтың басқарып отырғанына – біз қазақстан халқы мақтаныш етеміз. Еліміздің жарқын болашағын жасауға бірден-бір жол көрсеткен – Елбасымыз. Құрметті ұстаздар, оқушылар! Бүгін сіздер «Әлем мойындаған тұлға» атты Тұңғыш Президент күніне арналған конференция сабағына қатысып отырсыздар

Жүргізуші: • Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 6 - шілде 1940 жылы Алматы облысы Қаскелең ауданындағы Шамалған ауылында туған. Балалық шағы таршылық жағдайда өтті. Үлкендердің мал бағуына, бау - бақша өсіруіне көмек көрсету керек болды, шөпшек теріп, отын жарды. Өзі еске алғандай, өсірген аз - маз өнімдерін сатып, үй - ішіне қажетті заттар алу үшін есек жеккен арбамен жақын маңдағы теміржол стансасына бару дегенің керемет мереке саналған. Мектепті жақсы оқып, жақсы білім алды. Ата - анасын қатты құрмет тұтты.

Головкин Геннадий Геннадьевич (8 СӘУІР 1982 ЖЫЛ ҚАРАҒАНДЫ, ҚАЗАҚСТАН) - ҚАЗАҚСТАНДЫҚ кәсіпқой боксшы, орта салмақта өнер көрсетеді. Орта салмақтағы әлем чемпионы (ІВО тұжырымы, 2010 - қ.у; WBA тұжырымы, 2011 - қ.у; уақытша WBC, 2014 - қ.у, IBF, 2015 - қ. у). THE RING ЖУРНАЛЫНА сәйкес P4P салмақ дәрежесіне қарамастан, үздік боксшылардың ондығына кіреді. 2013 жылдың соңында WBA тұжырымы бойынша, орта салмақ дәрежесіндегі қазақстандық суперчемпион Геннадий Головкин беделді америкалық USA Today басылымының нұсқасы бойынша «Жыл боксшысы» атанған болатын.

Әкесі – ОРЫС, мамандығы – шахтер, анасының ұлты – КӘРІС, химиялық зертханада көмекші қызметін атқарған. Головкиннің 3 ағасының екеуі әскерде қызмет атқарып, белгісіз жағдайларда қаза тапты (Вадим - 1990 жылы, Сергей – 1994 жылы). Үшінші ағасы Максим де бокспен айналысқан, қазіргі уақытта бокстан Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген бапкері болып саналады. Ағайындылар бірдей салмақ дәрежесінде өнер көрсеткен, бірақ бір-бірімен ешқашан бетпе-бет белдескен емес. Бір-бірімен белдесуге тура келгенде, екеуінің біреуін жарыстан алып тастайтын болған. 2004 жылғы Олимпиадаға іріктеу кезінде Максимге осылай істеуге тура келді. Қазіргі уақытта Геннадийдің ағасы онымен бір командада жұмыс істейді және чемпионға ұрыстарға дайындық кезінде көмектеседі. Геннадий Головкин үйленген. Чемпионның Алина есімді жұбайы және екі ұлы, бір қызы бар.

Тәрбие сағаты

Мұғалімі	Шенгелбаева Г.С	
Күні:	04.12.23	
Сынып: 3 «Ә»	Қатысушылар саны:	Қатыспағандар саны:
Сынып тақырыбы	«Буллингке жол жоқ»	
Мақсаты	«Буллинг» сөзінің мағынасын ашу, таныту; Жасөспірімдер арасындағы қорлау, мазақтау, намысқа тию жағдайларын алдын алу; Сынып ұжымын сыйластыққа, бір-біріне қолдау көрсете білуге тәрбиелеу.	
Бағалау критерийлері:	«Буллинг» сөзінің мағынасын түсінеді; Дөрекілік, өктемдік танытатын адамдармен өзін қалай ұстау керектігін үйренеді; Біреуді мазақтауға, қорлауға, намысына тиюге жол бермейді. Сынып арасында бір-бірін қолдай білуге, сыйластық танытуға үйренеді.	

Тәрбие сағатының барысы

Барысы	Тәрбие сағатындағы орындалуы тиіс іс-әрекеттер	Ресурстар
--------	--	-----------

Кіріспе 10 мин	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылар назарын сабаққа аудару. Миға шабуыл Буллинг дегеніміз не? Балалар сұраққа жауап береді, пікір алмасады. Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру. Миға шабуыл (бейнеролик) Мұғалім: (бейнероликтен кейінгі жетелеуші сұрақтар) Бұл бейнеролик не туралы? https://www.youtube.com/watch?v=15OsvTnwLN4	https://www.youtube.com/watch?v=RCA_wFW-mSo
Негізгі бөлім 25 мин	Видео көресету. Видеодан кейінгі сұрақтар: Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? Егер сен өзің біреуді қорлап жүрген болсаң ше? Неліктен адамдар бір-бірін қорлап, қиянат жасайды? Оқушылар сұрақтарға жауап береді, жауаптарына дәлел келтіреді. Буллинг қандай жағдайларға әкеліп тіреуі мүмкін? Біреу саған күш көрсетпей, қорлап, қорқытқан да сенің жаныңа батады. Осындай жағдайға тап болған адам түрлі жағдайларды басынан кешіруі мүмкін, атап айтқанда: • уайымдау • ұйқының бұзылуы • тәбеттің болмауы • өзі жайлы жаман ойлау • өз-өзіне физикалық зақым келтіру • өлім туралы ойлау • сабақ үлгерімдерінің нашарлауы • ауыру • «маған ешкім көмектесе алмайды» деп ойлау • өзін жалғыз сезіну, уайымға берілу не ашулану • қорқу Біреу сені қорқытып, қорлап жүрген жағдайда не істеу керек? • Батыл болуға үйрен Батыл болу деген агрессия танытпай, өзінді қорғай білу. Сен өз ойыңды дәрекі және ызалы сөздерсіз білдіруге үйрене аласың. Кейде біреумен келіспеген жағдайда өзінді шын мәнінде қалай сезінетінін жеткізу қиын. Дегенмен сен батылдыққа үйрене аласың. Ол үшін айтқың келетін сөздерді қағазға жазып, ал уақыты келгенде айтып қал. Кезі жеткенде сенің батылдығыңның арқасында барлық қорлық пен қорқытулар тоқтайды. • Құрбыңмен/досыңмен бөліс Достарың сені оларға барлық оқиғаны ашып айтпасаң да, саған қолдау көрсете алады. Олар сені қолдап, көңіліңді көтере алады. Сонымен қатар, достарың жәбірлеушілер енді мазанды алмас үшін оларға қалай жауап беру керектігін айта алады. • Ересек адамдармен бөліс Сен өз оқиғамен ата-анаңмен, өзіңнің қамқоршыңмен немесе сенімді ересек адамның біреуімен бөлісуіңе болады. Олар сені қолдап, мәселені	Бағыттау сұрақтары

	шешуде ақыл-кеңес бере алады. Сондай-ақ, 111 сенім телефонына қоңырау шалуына болады. Онда саған көмек пен қолдау көрсетіледі. • Мұғаліммен бөліс Мектебіндегі мұғалімдер саған бас-көз болуға міндетті. Сен мектепте болған кезінде өзінді қауіпсіздікте сезінуге толықтай құқығың бар. Мүмкін, сенің мектебінде буллингке қарсы тұруға қатысты кейбір нұсқаулар бар шығар. Сонымен қатар, сен мектеп психологына да жүгіне аласың.	
Қорытынды 10 мин	Буллинг (bullying) – ағылшын тілінен аударғанда, қорлау, қудалау, мазалаудегенді білдіреді. Адамүйде, мектепте, автобуста немесе интернетте, жалпы айтатын болсақ, кезкелген жерде буллингке ұшырауы мүмкін. Бұл кез келген адамның басында болатын жағдай. Бірақ есінде болсын, ешкімнің сені ренжітуге немесе өзін жайлы жаман ойлауға мәжбүрлеуге құқығы жоқ. Рефлексия <i>Қажетті білімді толық меңгердім бе?</i> <i>Қай дағдыларды қалыптастырдым?</i> Сабақтағы іс-әрекетіне рефлексия жасайды.	Рефлексия

15.12.23ж.

Мақсаты: Қазақстанның болашақ дамуына өзіндік үлес қосатын жеке тұлғаны қалыптастыра отырып оқушыларға патриоттық тәрбие беру, Отанды сүйуге және ерлікке баулу. Ұлттық сана сезімін ояту. Тәуелсіздік күні туралы терең мағлұмат беру. Тәуелсіздік үшін күрескен, желтоқсан құрбандарын еске түсіріп, желтоқсан құрбандарының ерлігі жайында баян ету. Отан жайлы тапқақтарды түсінуге, мақалдардың мазмұнын ұғынуға баулу. Рәміздер туралы түсініктерін кеңейту. Бір мақсат, бір мүдде аясында болуға тәрбиелеу. Достыққа, ұйымшыл-дыққа тәрбиелеу. Болашақта ұлы да нұрлы жолда тоғысатынымызға кәміл сену, үміт арту.

Тәрбие сағатының көрнекіліктері мен жабдығы: қанатты сөздер, суреттер мен портреттер, интерактив тақта, компьютер, шарлар, ашықхаттар, музыка, слайдтар, Қазақстан картасына макет.

1-Слайд. Біз тәуелсіз еліміздің түлегі болғанымызға қуанамыз.

1.О. Санжар: Біздің Отанымыз – Қазақстан. Отанымызды әлем таныды. Осы сәтте Отан туралы еріксіз ойға кетесің. Отан деген сөздің мағынасы кең. Отан - далаң, орман, тауың, ауылың, туған жерің. Тәй – тәй басқан нәресте де, еңкейген қарияда осы - Отанның мүшесі.

Бақытты боп жүргенім,
Сенің арқаң, Ұлы Отан.
Елім менің тірегім,
Құшағыңда гүл шашам,
Шығысыңнан арайлы,
Күліп атқан құба таң.

2-слайд. Отан туралы мақалдар (суреттермен)

Орағың өткір болса, қарың талмайды,
Отаның берік болса, жауың алмайды.
Бұлбұл гүлзарын сүйеді,
Адал адам Отанын сүйеді.
Отан елдің анасы,
Ел ердің анасы.
Отаны бірдің жүрегі бір,
Жүрегі бірдің тілегі бір.

Мұғалім: Біз қазір тәуелсіз, дербес – Қазақстан деп аталатын алып мемлекетте өмір сүріп жатырмыз. 16 желтоқсан - Қазақстан тарихында тәуелсіз Қазақстан Республикасының туған күні деп алтын әріппен жазылды. Сондықтан да желтоқсан халықтық мереке.
- Балалар, біз осы тәуелсіздікке оңайлықпен қол жеткізген жоқпыз. Оның бір көрінісі желтоқсан оқиғасы.

3-слайд. Тәуелсіздік құрбандарының суреттері (күймен) Тәуелсіздік құрбандарын еске алу минуты

Тәуелсіздік түскен жоқ қой аспаннан,
Тарихы оның тым әріден басталған.
Бодандықтан құтқарам деп елімді,
Талай боздақ қара жерді жастанған.

Жазалаушы қара құрттай қаптады,
Қазағымды қырып – жойып таптады.
Сонда елімнің ұл – қыздары ардақты,
Қарсы шығып ел сенімін ақтады.

Жалғыз Отан – адамның жүрегі ғой,
Ер жігіт туған жерін сүйеді ғой.
Ел үшін Желтоқсанда құрбан болған,
Ербол, Қайрат – нағыз ердің бірі еді ғой

Сәбира, Ләззат сынды жауқазындар,
Жетілмей ерте солған гүл еді ғой.
Болашаққа даңғыл жол салып берген,
Боздақтар мәңгі айтылар жыр еді ғой.

4-слайд. «Тәуелсіздік нышандары»

Мұғалім: Еліміз еркіндік алып, тіліміз өз мәртебесіне ие болып, тәуелсіздігіміз тұғырлы болса, біздің туымыз мәңгілік желбіремек.

- Ал, оқушылар айтыңдаршы, мемлекеттік тудағы көк түс қандай мағына ны білдіреді?

5-слайд. Рәміздер - еліміздің төсбелгісі іспеттес

Көк түс – Қазақстан халқының жаңа өмірге ұмтылған ниет – тілегінің тазалығын, асқақтығын көрсетеді.

Нұрға малынған алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелейді.

Күн – қозғалыс, даму мен өсудің белгісі.

Қанатын жайған қыран құс- бар нәрсенің бастауындай , билік, айбындылық бейнесі.

Ою - өрнек ұлтымыздың айнасы.

Жас өрендер желбіретіп нық ұста

Ғасырларға жалғастырып елдікті

Дақ түсірме ата баба рухына

Үлгі бізге аталардың ерлігі

Ұлағаты өнегесі еңбегі

Тәуелсіздік туын ұстап жоғары

Мұғалім: - Балалар, сендер спортты жақсы көресіңдер ме?

Біздің еліміздің спортшылары да әлемдік додаларға қатысып, көк туымызды көкке көтеріп, әнұранымызды басқа елдерде шырқатып жүр.

Сендерде болашақта мықты азаматтар болуларыңа біз үміт артамыз.

Ортамызға жас спортшыларымызды шақырамыз, солардың өнерлерін тамашалайық.

6-слайд. Спортшылар суреттерінен шеру, сынып спортшыларының жетістіктері.(музыкалық фонмен)

Спорттық қойылым: дзюдошы Мансур, гимнастикашы қыздар: Дария мен Мадина

Спорттық жұптық би: «Чикита» әуенінде , Айшабиба және оның серіктесі

Қазақстан картасының макетін алып шығу.

Қазақ елім! Туды жастық дәуірің.

Алғандайсың жұлдызыңның жарығын.

Тәуелсіздік құтты болсын, қымбаттым,

Туған күнің құтты болсын, алыбым!

7- слайд. Көк туымыз мәңгілік желбірей берсін, өйткені біздің

ЕЛ– Мәңгілік ел . Бізді нұрлы жол, нұрлы болашақ күтеді

«Көк тудың желбірегені» әнімен шараны аяқтау.

25.12.23ж

Тақырыбы: Отбасы – тәрбиенің алты бесігі. (*«Тогыз айға тоғыз шара» жобасы*)

Мақсаты: Отбасы мүшелерінің арасындағы бауырмалдық, қайырымдылық, достық қарым - қатынасты қалыптастыру.

Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқорлық жасауға, сыпайы, ілтипатты болуға тәрбиелеу.

Баланың жан - жақты өз елінің, халқының қамын ойлайтын, ата - анасын, жора - жолдасын сыйлай білетін, азамат

тәрбиелеумен қатар, ұлттық тәрбиені насихаттау.

Әдісі: Сұрақ - жауап, пікір алысу, өз ойын ортаға сала білу.

Көрнекілігі: Үлестірмелі кестелер, даналық сөздер, компьютер, баяндамалар, плакаттар.

Нақыл сөздер:

1. «Анаң - асыл қазынаң, әкең - асқар тау».

2. «Ата - ананың міндеті - тәрбиелеу және жақсылықты үйрету».
3. «Бала - біздің болашағымыз»
4. «Бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады».
5. «Бала - өмірдің жалғасы, отбасының жеміс берер гүлі».
6. «Балаға сіңірген ата - ана еңбегін бала өмір бойы ақтап бола алмайды. Балаға деген махаббатқа ешбір махаббат теңдесе алмайды, ол өле - өлгенше сусындайтын махаббат. Ғабиден Мұстафин

Барысы: Қайырлы күн, құрметті ұстаздар, ата - аналар, шәкірттер! Біз бүгін керемет бір ғажайып әлемге саяхатқа барамыз. Қалай ойлайсыздар, ол қандай әлем болуы мүмкін? Қане, ойланып көріңдерші. Ол бір өзі кішкентай ғана шағын мемлекет. Ал олай болса, ол мемлекеттің аты «Жанұя» екен. Бүгінгі тақырыпта осы мемлекет жөнінде өрбімек. Бұл мемлекет қандай болуы керек?

Жақсыдан жаман туады,
Бір аяқ асқа алғысыз.
Жаманнан жақсы туады,
Адам айтса нанғысыз.

Отбасы - адамзат бесігін тербеткен баланың бас ұстазы - ата - ана. Ұлтымызда «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілерсің» деген дана сөз бар. «Бала қыран болу үшін оны самғатып ұшыратын ата немесе әке де қыран болу керек»- деп отбасылық тәрбиеге ерекше тоқтаған. Әр отбасында ата - ананың орны бөлек. Бала әкеден - ақыл, анадан - мейірім алады. Әке - отбасының асыраушысы, қамқоршысы, тірегі деп білесің, ана отбасының ұйтқысы, жылуы, шуағы, жақсы ана отбасына береке әкеліп, жанұясын бақытқа бөлейді.

Ата - анаға баладан жақсы ешкім жоқ. «Бала - адамның бауыр еті» деген нақыл сөз бар. Сондықтан қай ата - ана болмасын баласының білімді, мәдениетті, тәртіпті, әдепті болуын қалайды. Бала өмірдің жалғасы, көз қуанышы, шаңырақ иесі деп ұрпақ тәрбиесіне көп көңіл бөлген. Қай халық болса да үмітін ең алдымен ұрпағынан күтеді. Жанған отын сөндірмей, түтінің түтетіп, артына ұрпақ қалдыруды көздеген. Ал тәрбиенің көзі - ата - бабамыздан қалған ақылда, дана сөздерде.

Біздің тәрбие сағатымыздың мақсаты шағын мемлекетіміз «жанұяны» мықты мемлекетке айналдыру. Ол үшін мықты мемлекет – жанұямызға берік босаға, кең кереге, үлкен терезе, мықты шаңырақ керек.

Оқушыларға актуалдық сұрақтар:

1. Үй дегенді қалай түсінесің?
2. Үйдің жылу, ата – ананың аялы алақаны дегенді қалай түсінесің?
3. Бақытты отбасы дегенді қалай түсінесіздер?

Біздің алдымызда үй салатын мынандай кірпіштер жатыр:

1. байлық.
2. бауырмалдық
3. татулық
4. қайырымдылық
5. әдептілік
6. инабаттылық
7. шыдамдылық
8. толеранттық
9. түсіністік
10. ізеттілік
11. ауызбірлік
12. сенімділік
13. махаббат
14. ата – ананың балаға деген махаббаты

Осы кірпіштердің көмегімен біздер өз үйлерімізді тұрайық. (Балалар үй тұрғызуға кіріседі)

Қипақтайды қит етсе анаң, әкең,
Қайтсем ғана осыны адам етем,

Басқалардың осындай балалары,
Тап осындай жаңғалақ шала ма екен
Ойым емес, оллаһи, біздікінің...
Енжарлығы елде жоқ алабөтен
Туа сала тұлпардың жалын тартқан;
Қырғиларға қызығып қарап өтем.
Жарық сыйлап маңына жылу сыйлап,
Бұ да бір күн алаудай жана ма екен?
Ел қатарлы елеулі еңбек етсе - ау
Болмаса да топ жарған дара бөтен.
Мүше тістеп мықтылар той жасаса,
Жерге қарап мен сорлы қалар ма екем?
.... Үміт пен күдіктің ортасында
Ата - ананың үміті талады екен! Мұзафар Әлімбаев

Ой толғанысы.

1. Егер баланы сынып отырса, оқуға құлқы болмайды.
2. Баланы қолдап отырса, білімге деген ынтасы артады.
3. Балаға сенім артса, ол батыл болады.
4. Бала төзімділікте өссе, адал болады.
5. Бала қауіпсіз жағдайда өссе ол адамға сеніммен қарайды.
6. Бала кекшілдікте өссе, ол қатыгез болады.
7. Бала адалдықта өссе, әділ болады.

Біздің балаларымыз тұрған үйімізге қарап, ата – аналар мен оқушылардың пікірін тыңдаймыз.
Мақал - мәтел орталығы.

- № 1 1. Әке туралы мақал білесіздер ме? Айтып көріңіз.
 2. Мақалды жалғастыр. Отанды сүю
- № 2 1. Отан туралы мақал білесіздер ме? Айтып көріңіз.
 2. Мақалды жалғастыр Мектеп..... білім....
- № 3 1. Ана туралы мақал білесіздер ме? Айтып көріңіз.
 2. Мақалды жалғастыр: Бала - адамның...
- № 4 1. Дос туралы мақал білесіздер ме? Айтып көріңіз.
 2. Мақалды жалғастыр Ата..... бала....
- № 5 1. Бала туралы мақал білесіздер ме? Айтып көріңіз.
 2. Мақалды жалғастыр: Ананың сүті бал,.....

Қорытынды.

Тал терекке айналу үшін, ал бала көкірегі ояу, жан - жақты дамыған Адам болу үшін қандай жағдайлар әсер етуі мүмкін?

Құрметті ата - аналар, ұстаздар және оқушылар! Сіздердің отбасыларыңызға сыныбымның атынан тек жақсылық тілеймін!

08.01.24ж

Кл: 3 «Ә»

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Тақырыбы: Дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға тақырыпты түсіндіріп, меңгерту. Оқушыларға дұрыс тамақтану - денсаулық кепілі екенін түсіндіру, дұрыс тамақтану туралы білімдерін жүйелеу, кеңейту. Оқушыларға тақырыпты түсіндіре отырып тазалық гигиенасы туралы ережелерді қайталау, тазалыққа, денсаулықты күтуге, салауатты өмір салтын ұстануға тәрбиелеу.

Барысы:

Оқушылардың оқу — құралдарын түгелдеп, сабаққа даярлау.

Бақыттымын мен

Бақыттысың сен

Бақыттымыз бәріміз

Балалар бүгінгі біздің сабағымызға келген қонақтар әртүрлі тапсырмалар ала келді.

I тапсырма:

- Біз неге дұрыс тамақтануымыз керек?
- Неліктен жемістер мен көкөністерді көп жеу керек?
- Неліктен ас ішер алдында қолды жуу керек?
- Жемістер мен көкөністерді неге жуып жеу керек?

II тапсырма

«Мынау не?» атты дидактикалық ойын. (тақтада түрлі суреттер жасырылады, 1 оқушы тауып қалғандары толықтырады)

Сергіту сәті.

III тапсырма

Дұрыс тамақтану.

Дұрыс тамақтанбау.

Оқушылар өз ойларын қағазға жазады.

Көне заманғы қағидада бойынша: «Ас - адамның арқауы» - делінген. Өкінішке қарай, біздің замандастарымыз өзін дені сау және сымбатты сезіну үшін қалай тамақтану керектігін біле бермейді. Тамақтанудың да өзіндік ережелері бар және оларды ескермеуге болмайды, өйткені тамақтану - біздің денсаулығымыздың құрамдас бөлігі екенін есте сақтауымыз қажет. Өткен ғасырдың 80-90 жж. «жүтіріп жүріп қоректену» деп аталатын немесе Фаст-фуд мәдениеті бүкіл әлемге тараған болатын. Мамандардың айтуы бойынша, көбінесе балалар мен жасөспірімдерде фаст-фуд әдеттенуді туғызады. Олардың денсаулықтарына үлкен зиян келтіретін гамбургерлер, чипсілер және пицца біздің балаларымыздың сүйікті тағамдары болып саналады. Артық салмақ, гастрит және жалпы әлсіздік - зиянды дағдылардың нәтижесі.

Қазіргі уақытта бигмак, шаурма, сэндвичтер, чебуректер, пицца, чипсы, қуырылған картоп және түрлі газдалған сусындар көп. Бірақ, олардың сапасы мен құрамында не бар екен? Оны көпшілік біле бермейді. Бұл тағамдардың барлығы фаст-фуд (тез әзірленетін тамақ) қатарына жатады. Сондықтан, осындай тағамдар адам денсаулығы (оқушының ойы)

Ростикс KFC тағамдарының калориялығы

Тағам атаулары	Тағам массасы, г	Белок	Май	Углевод	Энергетикалық құндылығы
Тауық	159	18,5	12,8	14,1	245,6
Тауық қанаттары	216	16,6	20,7	15,4	314
Тауықтан дайындалған стрипстер	140	22,3	10,3	15,8	245,1
Сэндвичтер	253	9	17,6	21,3	280
Бургерлер	258	12,8	11	22,6	240
Фри картобы	240	22,3	11,8	15,9	259
Чикен попкорн	100	3,8	15,5	30,1	270

Адамның денсаулығы үшін тиімді тамақтана білу өте маңызды. **Тиімді тамақтану дегеніміз** - құрамында түрлі қоректік заттардың толық мөлшері бар тамақпен ағзаны дұрыс, уақтылы қамтамасыз ету. Қазақстандықтардың 80 пайызы дұрыс тамақтанбайды. Соның кесірінен ел арасында ас қорыту жүйесінің бұзылу, яғни ішек қабаттары қабыну, ойық жара, асқазан ісігі сынды дертке шалдығушылар саны көбейген. **«29 мамыр - Халықаралық дұрыс тамақтану күніне»** орай бас қосқан отандық гастроэнтерологтар осындай мәлімдеме жасады. Асқазан дерті, әсіресе, фаст-фудқа жаны құмар жастар арасында белең алып барады.

Топпен жұмыс «Дұрыс тамақтану» сурет салу

Сұрақтарға жауап алу.

V Бекіту

- Балалар біз бүгін қандай тақырыппен таныстық
- Мына заттардың ішінен жануар тектес азық түліктерді табыңдар?
- Мына заттардың ішінен өсімдік тектес. Азық — түліктерді табыңдар?
- Адамдар күніне неше рет тамақтану қажет?
- Дастархан басында қалай отыруымыз керек?
- Тамақты қалай жеу керек?

Үйге « Дұрыс тамақтану»

Бағалау.

Сабаққа жақсы қатысқан оқушыларды жетондар арқылы бағалаймын.

15.01.24

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Тақырыбы: *Туған өлке ақындарының шығармалары*

МАҚСАТЫ: оқушылардың туған өлкеге деген сүйіспеншілігін ояту, ақындар мен жазушылардың еңбектерін насихаттау болып табылады.

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі.

1. Топқа бөлу. Таңбалар арқылы.

2. Топ жетекшілерін сайлау.

II. Ізденуші тапсырма

А) Ізтай Тілеуұлы Мәмбетов (1.1.1929 жыл, Ақтөбе облысы Алға ауданы Табантал ауылы — 1974

жыл, Алматы) — ақын, журналист, аудармашы.
Қазақ мемлекеттік университетін бітірген (1953).
1952 — 1956 жылдары “Жұлдыз” журналында
“Қазақ әдебиеті” газетінде әдеби қызметкер
1957 — 1969 ж. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасында бөлім меңгерушісі
Қазақстан Жазушылар одағының поэзия секциясында
Ақтөбе облыстық газетінде қызмет істеген.

Шығармалары

“Тұңғыш” атты алғашқы өлеңдер жинағы 1955 жылы жарық көрді.
Мәмбетовті лирик ақын ретінде жұртшылыққа танытқан
“Табантал” (1961)
“Аз-ақ жол” (1966)
“Сал Сары” (1970)
“Тарланбоз” (1973)
“Жылан жал” (1974)
“Ақпан” (таңдамалы, 1983) атты жинақтары.
Мәмбетов шығармаларының негізгі тақырыбы — туған жер, достық, махаббат, азаматтық. Ақын аудармашылықпен де айналысқан. Лирик ақынның “Қаракөз” “Мен туыппын ақпандатқан боранда” атты өлеңдеріне ән шығарылған.
“Жыр Жәмила”
“Пушкин мен Әміржан”
“Пугачев нөкері” атты поэмалары тақырып аясының кеңдігімен, көркемдігімен бағаланады.

III. Қорғау

1950-1970 жылдардағы қазақ поэзиясында ойып орын алған Ізтай Мәмбетов артында «Тұңғыш», «Бақытты балалық», «Сыр», «Табантал», «Жол ұзақ», «Сал Сары», «Өсиет», «Жалын», «Тарланбоз», «Жылы жел», «Таңдамалы» атты жыр жинақтарын қалдырды. Ол аштық жылдары дүниеге келіп, алапат соғыстың қаһарын жасөспірім шақта сезінген, мандайларына қатқылдау тағдыр бұйырған буынның өкілі еді. Замандастары Ізтай ақын сырттай сұсты, бірбеткей, мінезі тік болып көрінгенімен, жаны нәзік, әділетсіздікке жаны қас, ақкөңіл, жомарт жан еді деп сипаттайды. Оның өлеңдерінің тақырыбы да туған жер, сағыныш, махаббат, сезім, табиғат, ғашықтық сезімдері болып келеді.

ес, әкесі соғысқа қатыспаған. Бірақ ақынның нәзік лирикасының артында соғыс жылдарындағы жұрттың күйзелісі, балалығы ұрланған жеткіншектің ішкі мұңы сығалайды. Соғыс аяқталғанда 15 жаста болған жасөспірімнің ақындыққа жеткенде нәзік лирикаға бой ұруының сыры осы тақырыпты іштей ұнатпағанынан деп түсінуге болады. Дегенмен, ақынның өз басынан өткен жетімдікті сипаттаған «Өгей шешесінде» соғыс зары, жоқтау бар. «Мен туыппын ақпандатқан боранда...» өлеңінде туған жерге деген сағыныш, адам мен табиғаттың байланысы ғажап үйлесім тапқан.

Алға қаласында Ізтай Мәмбетовтің туған әпкесі — 94 жастағы Айман әжей тұрады. Орта бойлы, тап-тұйнақтай, мәдениетті, жады өте мықты кейуана кезінде Алға, Мұғалжар аудандарының мектептерінде қазақ тілі мен әдебиетінен сабақ берген екен. Көзі көрмей қалған кейуана бізге туған інісі жайлы көпшілік біле бермейтін естеліктерімен бөлісті.

Аштық пен балалық

Ізтай 1929 жылы Алға ауданының Бесқоспа ауылында дүниеге келген. Ақынның шын есімі — Избасқан, бірақ жастайынан еркелетіп Ізтай атандырған. Әкесі — Тілеулі, шешесі — Күнзила.

«Әкем ұзын бойлы, сымбатты, атжақты, қыр мұрынды, көзі көк, мінезі біртоға, көп сөйлемейтін жуас адам еді. Оқымаған. Бірақ ел ішінде балуандығымен аты шыққан. Шешем де Бесқоспадан».

1930 жылы әке-шешесі Бесқоспадан Ақтөбеге көшіп келіп, базардың жанындағы Тамды көшесінен баспана сатып алады. Айман ол кезде төрт жаста, Ізтай бір жасқа да толмаған.

«Үй дегеніміз төргі бөлме мен от жағатын пеші тұрған кіреберісі бар, төбесін лай балшықпен жапқан қоржын там. Ата-анам Бесқоспада адамдар аштан өліп, жағдай қиындағанда қалаға көшкен сияқты.

Үйіміздің артында ұзын терең сай бар еді, оның арғы басында үлкен диірмен орналасқан. Жақын маңдағы ауылдар диірменге арбамен тары тасиды. Әкем осы жерге жүкші болып жұмысқа кірді.

Ертеден қара кешке дейін қанар қаптарды диірменге тасып қажыған әкем күнде кешкілік бір кесе тары

әкеледі. Шешем оны қол диірменге тартып ұн қылады. Қорегіміз осы ғана».

Еңбегі бір кесе тарыға байланған әкенің ойына «балаларымды өлтіріп алармын» деген қорқыныш кіріп, ауыл аралап, жұмыс іздемекке бел байлайды. Жұмыс болғанда, ел ішінде жиі өткізетін ас пен тойда белбеуін буып, күреске шықпақшы болған. Бірақ 1930-жылдары қайдағы ас пен той? Жұрт бұрынғыдай той жасап, түнде ақсүйек ойнамайды, жаназа шығарылмайды, Құран оқылмайды. Әкесінің шешесіне «Құран оқығандарды ұстап алып, 5-ші түрмеге қамап жатыр» деп сыбырлаған сөзі кішкентай Айманның құлағында өмір бойы қалды.

1932-1934 жылдары Ақтөбе қаңырап қалды. Көшеде бұрынғыдай адам қарасы көрінбейді. Тек бұрыш-бұрышта шаң-топыраққа былғанып жатқан лимонад, квастың бос бөшкелері ғана көзге түседі. Айман мен Ізтай қол ұстасып №6 мектепке сабаққа бара жатқанда, базардың жанында, үйлердің қақпасы алдындағы сәкіде бүк түсіп өліп жатқан талай адамды көрген.

Өгей шеше

Соғыс жылдары Ақтөбеде нан карточкамен беріледі. Жұмыссызға күніне 300 грамм, ал жұмыс істейтін адамға 500 грамм ғана тиісті. Жұрт нан алу үшін дүкен алдында ұзын-сонар кезекке тұрады.

«1944 жылы шешеміз қайтыс болды. Мен ол кезде 18-демін, Ізтай 15 жаста. Үйде сіңлілерім – Айжан мен Дәния, одан кейінгі 4 жастағы Темірхан бар. Темірхан туғаннан аурушаң болды, жата береді. Айжан мен Дәния мектепте оқиды. Шешем қайтыс болған жылы әкем үйленді. Өгей шешеге тап болдық, қарағым. Өгей шешеміз қатаңдау болса да, үш балаға жақсы қарады. Сол жылдары не күйеуі, не баласы жоқ қыз-келіншектерді бірден майданға, не қара жұмысқа алып кететін. Содан қорыққан болар, ол кісі бес баласы бар әкеме тиді».

Ізтай 1947 жылы анасына арнап алғашқы өлеңін жазған.

IV. Оқушылар шығармашылығы

V. Қорытынды

Күні: 22.01.24ж

Сыныбы: 3 «Ә» кл

Тақырыбы: «Мен оқыған бір ертегі» («Оқуға құштар мектеп» жобасы)

Мақсаты: 1) Оқушыларды халық ауыз әдебиетіндегі ертегілермен, ертегі кейіпкерлерімен таныстырып, ұлттық рухани біліммен қаруландыру;

2) Оқушының тілін, қиялын, сөздік қорын халық мұрасы арқылы дамыту; балалардың логикалық қабілетін, танымын дамыту. Зейінін, ақыл - ой белсенділігін арттыру, тез ойлауға машықтандыру.

3. Еліміздің болашақ ұрпағын біліммен сусындаған, тапқырлығымен тамсандыратын салауатты, саналы етіп тәрбиелеу, ертегіні сүйіп оқуға, адамгершілікке, шындыққа, елжандылыққа тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: ертегі кейіпкерлерінің суреттерімен, шармен безендірілген сахна, «Кітап қалай жасалды?», «Ертеге кейіпкерлері» тақырыбындағы слайд презентация, суреттер,

Барысы:

Амандасу. Шаттық шеңбер:

Дөңгеленіп тұрайық

Шеңберді біз құрайық
Қол ұстасып бәріміз
Ақ тілекті жолдайық
Әлемде нұр тыныштық
Әрбір бейбіт күн ыстық
Қайырлы таң балабақша
Қайырлы күн достарым
Достарымды көргенде
Қуана қарсы аламын
Сәлем! Сәлем! Сәлем!

«Кітап оқисың ба, жас дос?» сауалнама жүргіземіз.

1. Өзің сүйіп оқитын кітап?
2. Сенің жақсы көретін ертегің?
3. Ең алғаш оқыған кітабың?
4. Қай кітапты, ертегіні қайтадан оқыр едің?
5. Сенің сүйікті әдеби кейіпкерің?
6. Қазір қандай кітап оқып жатырсың?
7. Кітапханашы апайлардың аты кім?

«Кітап қалай жасалды?» тарихқа саяхат. Экранға назар аударыңыздар.

Сайыс шарттары:

1. Миға шабуыл
2. Ерте, ерте, ертеде ертегілерден үзінді
3. Кейіпкерлерді қорғау
4. Үй тапсырмасы
5. Ертегі мен мультфильм
6. Суретпен жұмыс
7. Кімнің заты?
8. «Кітап неней сүйеді?»

1-тапсырма.

«Миға шабуыл» сұрақтар беріледі.

1. Ертегілер туралы кім не біледі?
2. Ертегілерде кімдер туралы, нелер туралы айтылады екен?
3. Ертегінің қандай түрлері бар,?
4. Ертегі басталғанда қалай басталады?

Балалар, ертегілер — бұл қиял-ғажайып оқиғалар туралы әңгімелер. Ертегілердің түрлері көп. Хайуанаттар туралы, қиял-ғажайып, шыншыл ертегілер, аңыз-ертегілер болып бөлінеді. Сендер өздерің қандай ертегілер білесіңдер? Әжелерің ертегі айтады ма? Сендерге қандай ертегілер айтты? Қане, кім айтар екен?

"Ерте, ерте, ертеде Ешкі жүні бөртеде Қырғауыл жүні қызыл екен, құйрық жүні ұзын екен".

2-тапсырма: "Ерте, ерте, ертеде..." деп ертегілерден үзінді оқылады. Бұл тапсырмада ертігінің аты, кейіпкерлері, ертегіде не туралы айтылады? Осы сұраққа жауап берсек "Ертегілер елінің" қақпасы ашылады.

3-тапсырма: Балалар ертегілердің жағымды, жағымсыз кейіпкерлері болады. Жағымды кейіпкерлерді атайықшы, өте жақсы. Енді жағымсыз кейіпкерлерді атаймыз? Келесі тапсырмада топ басшылары мына суреттердегі ертегі кейіпкерлері болып өзін-өзі қорғайды..

4 –тапсырма. Мәнеріне, дауыс ырғағына, актерлік шеберлікке назар аударылады.

5 тапсырма. Ертегілер елінен және мультфильмдерден суреттер көрсетіледі.

6-тапсырма. Суреттер таңдап алады. Соған сәйкес ертегі құрастыру керек.

- 5 есекте неше құйрық бар?

- 2 иттің неше тұмсығы бар?
- үстел үстінде 3 алма мен 2 алмұрт тұр, барлығы қанша жеміс тұр екен?
- үйректің 2 балапаны мен қаздың 2 балапаны суда жүзіп, шулап жүр. барлығы қанша балапан жүзіп жүр?

Жарайсыңдар балалар, Машаның есептерін тамаша шештіңдер.

1. «Кімнің заты?» ойыны

1. Өзі тамақ пісіретін қазан- «Ұр, тоқпақ!»

2. Алдайтын таяқ- «Алдар көсе»

3. Бағалы сақа- Алтын сақа

4. Ұшатын кебіс —«Маленький Мук»

5. Көк есек пен, ескі шапан —«Қожанасыр»

6. Гауһар айна- «Ұйқыдағы ару»

Кітап нені сүйеді?

Ойын шартында мен сіздерге бірнеше нұсқаны айтам, келіссеңіздер шапалақ ұрасыздар, келіспесеңіздер ұрмайсыздар.

-Қаптағанды

-лас қолмен ұстағанды

-қар мен жаңбырға тастағанды

- Аялап ұстағанды

-кітап сөрелерінде тұрғанды

-кітапқұмарларды

-еденде жатқанды

-құрметтегенді

-Жұмыртқа жаққанды

-төбелескенді

Қорытынды.

-Ертегі еліне саяхат жасау сендерге ұнады ма?

Ертегі біздің қиялымызға қанат бітіреді екен, ертегі сендерді жамандықтан аулақ жүруге, жақсылық жасауға, адалдыққа үйретеді екен, олар керек кезде бір - біріне көмекке келеді; біріккеннің арқасында; достығының арқасында барлығында жеңіп шығады екен.

Олай болса әділқазылар мүшелерінің қорытындысын тыңдайық.

Жарайсыңдар балалар! Сендер жарадыңдар, барлық тасырманы да орындап, сайыс межесіне жетіп, жеңіп алған орындарыңыз құтты болсын!

Күні: 29.01.24ж

Сыныбы: 3 «Ә» кл

Тақырыбы: «Отбасылық таланттар» («Ата-аналар мектебі» жобасы)

Мақсаты: отбасы тәрбиесі мәселелерінің өзектілігі, оқушылардың отбасындағы алатын білімін ауқымдату, әр адамның отбасындағы тұлға екендігін анықтау, баланың тұлға ретінде қалыптасуына, отбасының рөлінің маңыздылығы, оның патриоттық көзқарасы.

Міндеттері:

-үлкен ұрпақтың адами тәрбиесінің тәжірибесін қалыптастыру;

-өз отбасының тарихын білу;

-сұранысты дамыту;

-балаларды моральдық тұрғыдан дамыту;

-патриоттық және азаматтық тәрбиені дамыту.

Сынып сағатының түрі: тілдесу сағаты

Керекті құралдар: интербелсенді тақта, «Отбасылық мерекелер» тақырыбындағы бейнежазба,

балалардың өздерінің отбасылық суреттері, мақал-мәтелдер, үлестірмелі қағаздар (әр бала өзінің отбасындағы портретін бейнелейді)

Тәрбие сағатының барысы:

I. Ұйымдастыру кезеңі (2-3 минут)

- Сәлемдесу, тәрбие сағатының мақсаты түсіндіріледі.

II. Мұғалімнің сөзі:

- Барлық өнеге - отбасынан басталады. «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны ілер» деп, ата-бабаларымыз тегін айтпаса керекті. Үйдегі тәрбие-баланың болашағына үлкен әсер етеді. Әр бала –өз отбасының тарихын, ата-тегін біліп өсуге тиіс. Ата-ана өз баласына адами қасиеттерді үйретіп отырады. «Әке-асқар тау, ана-бұлақ, бала-жағасындағы құрақ» дейді. Бүгінгі сынып сағатымызда ата-ананың отбасындағы беретін тәрбиесінің қазіргі таңда өзекті мәселе екені және әр баланың өз отбасындағы жеке тұлға болып дамуына нені қажет ететіні туралы ой бөлісеміз.

Тәрбие сағаты мынадай түрлерге бөлінеді:

1) «Менің бақытты отбасым» (әр бала ата-аналарымен бірігіп дайындаған бейнежазбаларын көрсетіп, баяндайды)

2) «Отбасындағы менің рөлім» тақырыбында балалар үлестірме қағаздарға өз отбасының суреттерін салады.

3) «Отбасы -шағын мемлекет» әр бала өз мемлекетінде сақталатын құндылықтар жайлы ойларын шағын сөздермен жазып, түсіндіреді.

4) «Жүректен-жүрекке» (ата, әжелер өз ойларын айтады)

5) «Жалғасын тап...» (мақал-мәтелдердің жалғасын айту)

1-бөлім: «Менің бақытты отбасым» (бейнежазбаларды қарау)

Мұғалімнің сөзі:

- «Ағаштан ағаш рең алады, адамнан адам тәлім алады» демекші әрбір ата - ана өз баласының тәрбиелі де рухани азығы мол азамат болып өсуін тілейді. Қазіргі заманымыздың басты мақсаттарының бірі - жас ұрпаққа саналы тәрбие беру. Жас ұрпақтың саналы азамат болып қалыптасуында ата – ана мен мұғалімнің рөлі зор. «Тәрбие дегеніміздің өзі, ең алымен баланың сезімін оятып, баланың әсершілдігін дамыту». Бала ата-анадан және өз ұстазынан адамдарға жақсылық әкелетін қылық қасиеттерді, қуаныш табуға баулитын жақсы істерді үйренуге тиіс.

Ендеше, қазір отбасындағы болатын бақытты күндерден жасалған бейнежазбаларды тамашалаймыз.

2-бөлім: «Отбасындағы менің рөлім»

3-бөлім: «Отбасы -шағын мемлекет»

Мұғалімнің сөзі.

- «Баланы дұрыс тәрбиелеу - бұл біздің қарттық шағымыз, жаман тәрбиелеу - бұл біздің келешек қасіретіміз» А. С. Макаренко айтқан екен. Баласын ата-ана отбасында жақсы тәрбиелеуге, жаман іс-әрекеттен аулақ болуға үйретеді. Отбасы – шағын мемлекет. Әр мемлекеттің өз президенті, министрлері болады. Мемлекеттің барлық мүшелері отбасындағы құндылықтарды бірдей сақтауға міндетті.

5-бөлім: «Жалғасын тап...»

1.Атаңның баласы болма,..... (халықтың баласы бол)

2. Ұяда не көрсең,.....(ұшқанда соны ілерсің)

3. Балалы үй базар,.....(баласыз үй қу мазар)

4. Ата көрген оқ жонар,.....(ана көрген тон пішер)

5. Ананың сүті – бал,.....(баланың тілі – бал)

6. Туған үйдің түтіні жылы,.....(туған ананың күтімі жылы)

7. Анаң ауыр сөз айтпа,.....(артыңа ауыр жүк артпа)

8..... – ананың бауыр еті, көз нұры. (бала)

9. Әке – асқар тау,.....(ана - шалқар көл)

Қорытынды: «Күллі ғажайыптардың ішіндегі ең тамашасы - жақсы тәрбиеленген адам» деген грек философы - Эпикет. Бала - әр ата-ананың болашағы. Бала-ата-ананың өмірінің жалғасы. Ендеше, өз

өміріміздің болашағы болып саналатын ұрпағымызды жақсы біліммен сусындатып, зайырлы еліміздің бақытты балаларын мықты етіп тәрбиелей берейік. Еліміздің болашағы-жастар деп, елбасымыз айтқандай, жарқын елдің- жас ұрпағына жақсы тәлім-тәрбие берейік! Сау болыңыздар.

Күні: 05.02.2024

Тақырыбы: Мақал сөздің азығы, жұмбақ ойдың қазығы

Мақсаты: Мақал - мәтел – ата бабамыздан қалған өшпес мұра. Көлемі жағынан шағын болғанмен, мағынасы терең, құны қымбат қазына. Мақал - мәтел – тәрбиелік мәні зор, рухани байлық туралы мағлұмат беру. Білімдерін жүйеге келтіріп пысықтау, мақал – мәтелдерді орынды қолдану дағдыларын қалыптастыру. Тіл – қай ұлтта қай елде болса да құдіретті, қастерлі. Ана тілімізді дамытып, орыс тілін қолданып, ағылшын тілін үйренеміз деген мақсатпен оқушылардың қызығушылықтарын арттыру.

1. Ұйымдастыру бөлімі.

Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу, дайындықтарын тексеру, Топ мүшелерінің ойларын бір ортаға топтау мақсатында ой тастау.

2. Ойын барысы:..

Ойынға 3 топ қатысады. Ойын V айналымнан тұрады.

1. «Ойлы болсаң, озып көр» (Мақалдарды жалғастыру)
 2. «Тапқыр болсаң тауып көр» (Берілген жұмбақтарды шешу. Оны қазақша, орысша, ағылшынша жауап беру)
 3. «Біз білмейтін бір мақал» (Мақалдың мағынасын ашу)
 4. «Айшықты сөздер» (Берілген тұрақты тіркестердің мағынасын толық ашу.)
 5. «Кім жүйрік» (Берілген жұмбақтың шешімін табу арқылы, соған сәйкес мақал - мәтел құрастыру).
- Ойын барысы түсінікті болса, сайысымызды бастаймыз, қатысушыларға сәттілік.

Жүргізуші: Бәйгеге түсіп жарыспай

Жүйріктің бағы жанар ма?

Білім мен өнер жарысып,

Тәрбие, тәлім табар мән.

Бұл бәйге ойдың бәйгесі

Кім жүйрік ойға, сол алда,- дей келе І - айналымды бастаймыз.

І айналым «Ойлы болсаң, озып көр»

1 топқа:

1. Алдыңғы арба қайда жүрсе,... (соңғы арба сонда жүреді.)
2. Сын түзелмей, (мін түзелмес).
3. Кісінің кісілігі, (Киімінде емес, білімінде).
4. Шебердің қолы ортақ,...(шешеннің сөзі ортақ).
5. Байлықтың кілті – (ғылым...).

2 топқа

1. Әдепті бала – арлы бала,(Әдепсіз бала сорлы бала).
2. Білгенің бір тоғыз,...(білмегенің тоқсан тоғыз).
3. Ғылым теңіз... (Отбасы - шуақ)
4. Ұланы бар елдің... (ұраны бар) 5. Еңбек ердің көркі (ер елдің көркі)

3 топқа:

1. Көз - қорқақ (қол – батыр).
2. Батыр туса - ел ырысы... (Жаңбыр жауса – жер ырысы). 3. Білекті бірді жығады,... (білімді мыңды жығады)
4. Атаңның баласы болма,.. (адамның баласы бол)

ІІ айналым «Тапқыр болсаң тауып көр»

Жүргізуші: Бұл айналымда жұмбақ жасырамын, сендер жұмбақтың шешуін 3 тілде (қазақша, орысша, ағылшынша) айтуларың керек.

1 - топ: Қолы менен қаламы жоқ,

Бірақ сурет салады көп. (аяз – мороз - frost)

1 - топ: Қоймасын қыс ақтарып,

Жерді жапты ақ мамық. (қар – снег - snow)

1 - топ: Бір кісі бар дүниеде,

Шемішке шағып тұрады.

Бұл кісіден әр уақыт,

Өркім мезгіл сұрайды.(сағат - часы - watch)

1 - топ. Жұмбақ шешкіш кім екен?

Сыртқа шықсам түн екен

Моншақтарын шашып ап,

Бір сары қыз тұр екен (ай - луна - moon, жұлдыздар - звезды - stars)

2 топ. Жұқа тақтай бөлшегі,

Ұзындықтың өлшемі. (сызғыш – линейка - ruler)

2 - топ. Қалқиып екі құлағы,

Елеңдеп, қорқып тұрады. (қоян – заяц - rabbit)

2 - топ. Жолбарыстан аумайды,

Тышқандарды аулайды.(мысық – кошка - cat)

2 - топ. Бір жәшік тор бұрышты сырғасы бар,

Көтерсең сырғасынан дауыс шығар.

Қанша алыс болсаңдағы екі сырға,

Естіліп бір – біріне жақын қылар. (телефон - telephone)

2 - топ. Жаны жоқ, болса да,

Ақылды адам ісін істейді. (кітап - книга - book)

3 - топ. Жеп көріп ем өзім мен,

Жас шығарды көзімнен. (пияз – лук - onion)

3 - топ. Бұлаңдаған құйрығы,

Бір алдарлық қулығы. (түлкі – лиса - fox)

3 - топ. Өттең, даусым, тілім жоқ,

Құшағымда білім көп. (кітап – книга - book)

3 - топ. Өзі кірді ашады, суға салсам қашады.(сабын - мыло - soap)

3 - топ. Жел соқса жайқалып толқиды.

Ел оқыса тұла бойың балқиды. (Өлең - песня - song)

III айналым: «Біз білмейтін бір мақал» Мағынасын ашу

1 - топ: 1. Қараңғыда тапқаныңды ханға берме, Жарықта тапқаныңды жанға берме.

Мағынасы: еңбекпен тапқаныңды орынсыз шашпа.

2 - топ: 2. Өзін - өзі сыйлаған ер бақытты, Өзін — өзі билеген ел бақытты. Мағынасы: Адам әуелі өз қадірін білсе ғана ел мен жер қадірін де біле алады.

3 - топ: 3. Шын ер жеңсе, тасымас, Жеңілсе, жасымас.

Мағынасы: Қандай жағдай болса да өз — өзінді сабырлы ұстап үйрен

Жүргізуші: Білген сайын келеді біле бергім,

Біле беру емес пе тілегі елдің.

Белден ассаң, алдында бел көрінсе,

Қызыққаннан келмей ме жүре бергің.

Сондықтан да келеді біле бергім

Білімдіні сүйерін білім елдің,- дей отырып,

IV айналымды бастаймыз

«Айшықты сөздер»

Бұл айналымда бірнеше тұрақты сөз тіркестері беріледі. Әр топқа тұрақты сөз тіркесі беріледі.

Ойланып, мағынасын толық айтуларың керек.

1 - топ

1. Төбесі көкке жетті (қуанды)

2. Ине шаншар жер жоқ (бос жер жоқ)

3. Қой аузынан шөп алмас (жуас)

4. Ақсақ қой түстен кейін маңырайды. (кеш, жәй)

5. Тілдің ұшында тұр. (ұмыту, жеткізе алмау)

2 - топ.

Көзге түртсе көргісіз. (қараңғы)

Бетінен оты шықты. (ұялды)

Араларынан қыл өтпейді. (достық)

Күлін көкке ұшыру. (құрту)

Жүрек жалғап алды. (тамақтанды)

Көз шырымын алу. (ұйықтады)

Көзді ашып - жұмғанша (тез, лезде)

3 - топ

Беті бүлк етпеді. (ұялмады)

Ит терісін басына қаптады. (ұрысты)

Ат ізін бір салмады. (іздеп келмеді)

Су тегін. (арзан)

Тісіңнен шығармау. (айтпау,)
Ешкімнен ештемесін аямайды. (жомарт, мырза)
Ала жіпті аттама. (ұрлама)

5 – айналым. «Кім жүйрік»

Жүргізуші: Жұмбақ жасырылады да, оны шешеді, соның жауабына мақал айтады.

1 топ. Отыз екі батыр,
Екіге бөлініп жатыр (тіс,)
Отыз екі тістен шыққан сөз,
Отыз рулы елге тарайды.
1 - топ Бір беткейде екі көл. (көз,...)
Көзің ауырса – қолыңды тый,
Ішің ауырса – ауызыңды тый.

2 - топ. Еш тесікке тұрмайды,
Ол жоқта жер құрғайды. (су.)
Тау мен тасты су бұзар,
Адамзатты сөз бұзар.

2 - топ Білімнің дәнін тереді,
Балаға тәлім береді (ұстаз)
Ұстазы жақсының ұстамы жақсы.

3 - топ. Аспаннан домалап,
Көп моншақ төгілді.
Бусанып жон алап,
Терледі керілді. (жаңбыр)
Жаңбыр бір жауса, терек екі жауады.

3 - топ. Ұзын ұртты сарылар,
Қойнында толған наны бар (бидай) Арпа, бидай ас екен,
Алтын, күміс тас екен.
Жеңген топты марапаттау.
Ата - салтым, асыл мұрам, ардағым,
Бабалардың жалғастырар арманын
Сан ғасырда қалпын бұзбас, қадірім,
Өткенімді бүгініммен жалғадым – дей келе бүгінгі сайысымыз аяқталды.
Ұлттық өнерімізді ұрпақтан ұрпаққа жеткізетін біздер, сондықтанда құнды мұраларымызды насихаттап жүрейік.

Күні: 12.02.2024

Сыныбы: 3 «Ә»

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Тақырып: *"Зорлық-зомбылықсыз әлем"*

Мақсаты: Балаларға зорлық - зомбылық туралы мағлұмат беру, адамның жаны мен тәніне үлкен зардап әкелетін соққы екенін түсіндіру және зорлыққа қарсы біздің елімізде заң бар екенін айту. Балаларға өз жүрген орталарында мейірімді болуға, бұзақылық істерге бармауға, адами бойларындағы қасиеттерін сақтауға, әдепті де, тәртіпті тұлға болып өсуіне тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: түсіндіру, пікірталас

Сабақтың барысы:

I Ұйымдастыру кезеңі

II Негізгі бөлім

Қайырылы күн балалар. Бүгінгі тәрбие сағатымыздың тақырыбы: *"Зорлық-зомбылықсыз әлем"*.

Қоғам үшін ең бастысы – тәуелсіздік, адам үшін бас бостандығы және уайым қайғысыз өмір. Оның кепілі – заңдылық. Тәуелсіздік төрімізден орын алған қоғамымыздағы ең басты құндылық – адам бостандығы. Адамның және адамзаттың құқықтары мен бас бостандықтарын қамтамасыз ету және қорғау – конституциялық заңдылықтың басты талабы. Қазақстанда салауатты өмір салтына қол жеткізуде, денсаулықты сақтау мен нығайтудағы басты міндеттің бірі – бала құқығын қорғау, зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жүргізу.

Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған. Егер жалпы айтқанда зомбылықты физикалық қасірет көрсету әрекеті деп анықтауы болса, онда тұрмыстық зомбылықта осы әрекеттің бастауы мен айқындау нүктесі анық белгіленеді. Ол – жанұя, яғни зұлымдықшы мен оның жемтігі ең жақын адамдар болады. Олар – жұбайлар мен балалар. Отбасындағы зорлық-зомбылық мәселесі әлемнің әр елінде ертеден орын алған.

Сонымен қатар Адам саудасы дүниежүзі бойынша кірісі жағынан үшінші орында тұр және ол барлық елде етек жайған. Әсіресе, адам саудасы құрбандарының жасарып бара жатқаны әлемдік қауымдастықты алаңдатып отыр. Мыңдаған адам жұмыс табу мақсатында заңсыз қоныс аударады. Тіпті, елімізде шетел азаматтарын әртүрлі жұмыстарға пайдалану үшін алдап әкеліп, құлдыққа салу ахуалы қалыптасты. Соңғы жылдары адамдарды сату деректері күрт өскен. Жыл сайын оның құрбандарының саны төрт миллионға жуықтайды. Әсіресе, қазақ қыздарын шетелде жақсы әрі табысты жұмысқа алдап шақырып, жезөкшелікке салу деректері де біршама артқан. Биші, фотомодель ретінде алдап әкелінген жас қыздарды тәнін саудалауға мәжбүрлейді. Сондай-ақ ер адамдарды құлдыққа сату фактілері де едәуір өскен.

1. *Зорлық-зомбылықты қалай түсінесіңдер?*
2. *Зорлық-зомбылықтың түрлерін атаңыздар*
3. *Зорлық-зомбылықты қандай адамдар жасай алады?*
4. *Үкімет тарапынан қандай жұмыстар жүргізілуде?*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің заң жобаларының жұмыстарын іске асыру жоспарының 29 пунктіне сәйкес 2004 жылдың 13-желтоқсанында Қазақстан Республикасы Премьер министрінің тағайындауымен «Тұрмыстық зомбылыққа қарсы әрекет ету туралы» заң жобасы әзірленді.

5. *Заң жобасының негізгі мақсаттары қандай?*

*Адамның қызығушылығын, бостандығын, заңды құқықтарын қорғауға, кепілдеме беуді көтермелеу.

*Отбасылық тұрмыстық қатынастар саласындағы құқық бұзушылықты төмендету жөнінде тиімді шаралар қабылдау.

*Тұрмыстық зомбылықтың алдын алудың көп деңгейлі жүйесін жүргізу

Аталған заңды қабылдау – отбасылық тұрмыстық қатынастардағы азаматтардың қызығушылықтарын және бостандықтарын, құқықтарын қорғаудағы тиімділікті арттыру, осы саладағы құқық бұзушылықтың деңгейін төмендету. Әйелдер мен балаларға қатысты зомбылықтың алдын алуға бағытталған профилактикалық сипаттағы шараларды жүргізуде ақпараттық үгіттеушілік жұмастарды өткізу керек іс болып табылады.

Қай заманда болмасын адамды қанау, зорлық-зомбылық жасау ең сорақы көрініс және үрей тудыратын құбылыс болып саналады. Адам саудасы дегенде, әрбір кісінің жеке заңды құқығын ескерместен оларға зорлық-зомбылық жасау, азапты жұмыстарға жегу, адами еркін аяққа таптау арқылы белгілі бір топтардың, яғни оңай олжаға кенеліп, пайда табудың көзіне айналдыру секілді теріс сипатында көз алдымызға келеді. Алдап-арбау жолымен өз Отандарынан сырт мемлекеттерге әкетіліп, тегін жұмыс күші ретінде немесе жезөкшелікпен айналысуға итермелеу жағдайларын қазіргі заманның құлдығы дегеннен басқаша атау мүмкін емес. Ішкі мазмұны, орындалу механизмдері жұртшылыққа тіптен түсініксіз – сәби саудасы, шетелдерге жұмысқа жалдану, т.б. адам саудасының кеңінен жайылған түрлері.

6. *Зорлықтан, құлдықтан аулақ болу үшін не істеу керек?*

Лектордың ұсынысы бойынша ол: миграция қызметіне тіркелу, келісім-шарт жасасу, жұмысқа қабылдаушы ұйым мен тұлғалар жайлы хабардар болу, бөтен тұлғаларға ешқашан паспорт және өзге де жеке құжаттарды бермеу. Адам құқықтары бұзылуының әртүрлі нысандары пайда болуда, олар – адамның өмір сүруге құқығының бұзылуынан бастап еркін сөзге құқықтың шектелуіне дейінгі нысандары. Соның ішінде, қазіргі кездегі адам құқықтары бұзылу нысандарының ең қауіптілерінің бірі – адам саудасы.

7. *Тәрбие сағатын анкеталық сұрақтармен қорытындылау.*

Тест сұрақтары

1. Аты-жөніңіз, сыныбыңыз:

2. Зорлық-зомбылыққа арналған іс-шара сіздің көңіліңізден шықты ма?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
3. Сіз өзіңізді толыққанды "зорлық зомбылықсыз балалық шақ" өкілі санайсыз ба?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
4. Ал сіздің құқықтарыңызға қол сұғып жүрген біреулер бар ма?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
5. Сізге күш көрсетіп, ұрып-соғып, балағаттап, күштеп жұмыс жасатып жүрген адамдар бар ма?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
6. Мектеп қызметкерлері мен ұстаздарына шағымыңыз бар ма?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
7. Мұғаліміңізге көңіліңіз тола ма?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
8. Ал өзіңіз біреулерге жәбір көрсетіп жүрген жоқсыз ба?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
9. Сіз зорлық-зомбылықтың куәгері болып көрдіңізбе?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
10. Зорлық-зомбылықсыз өмір сүруге дайынсыз ба?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын
11. Өткізілген тәрбие сағатынан өзіңізге керекті мәлімет ала алдыңыз ба?
а) ия в) жоқ с) жауап беруге қиналамын

Қорытынды.

Зорлық зомбылықтың баланың мінез-құлқына әсер ету ерекшеліктері бар. Ата-анасы және басқа да заңды өкілдері ата-аналық құқықтарын жүзеге асырған кезде баланың дене және психикалық денсаулығына, оның имандылық дамуына зиян келтіруге құқылы емес. Баланы тәрбиелеу тәсілдерінде баланың адамдық қадір-қасиетіне менсінбей қатар, дөрекі қарау,оны қорлау немесе қанау болмауға тиіс.

Күні: 19.02.2024

Сыныбы: 3 «Ә»

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Тақырыбы: Үйрен жақсы әдептен

Мақсаты: Адамбойындағы ұнамды, ұнамсыз қасиеттерді айта отырып, оқушы- лардың әдеп әліппесі бойынша ықпал ету. Оқушыларды адам бойындағы асыл қасиеттерді бағалай білуге, адамдармен қарым-қатынас жасау дағдыларын арт- тыру.

Көрнекілігі: Альбом, суреттер «Жақсы мен Жаман», мақал мәтелдер жинағы.

Жүргізу әдісі: Сұрақ жауап, әңгіме.

Барысы: I. Психологиялық дайындық.

Біз оқушы баламыз,

Бәрін ойға саламыз.

Тыңдап алып бәрінде



Есте сақтап қаламыз.

II. Негізгі бөлім.

а/ Әдеп дегеніміз адамдармен қарым қатынас барысында, әңгімелесу кезінде шамадан тыс аспау, сөзіміз бен ісіміз сөйлесіп тұрған адамның көңіліне тимеуін ойлау, сыпайлық шегінен шықпау.

Әдеп барлық жағдайда сыпайлық шегінен шықпау.

ә/ Тірек сызбамен жұмыс.



б/ Мақал - мәтелдермен жұмыс.

Әдепті бала - арлы бала,

Әдепсіз бала - сорлы бала.

Жақсы бала ата - анасын мақтатар,

Жаман бала ата - анасын қақсатар.

Әдептілік белгісі иіліп сәлем бергені.

III. Қорытынды бөлім.

а/ Адам... Адам болу қасиетті атақ. Адам атың болған соң сен ата анаңның, еліңнің, Отаныңның перзентісің. Отан алдындағы қарызың мен парызың ең ұлы жауапкершілігің. Адам болу үшін Абай атамыз айтқандай

«Сүймек, сезбек, кейімек,

Харекет қылмақ, жүгірмек.

Ақылмен ойлап сөйлемек...

Ақыл керек, ес керек, мінез керек...».

Сыныбы: 3 «Ә» Күні; 26.02.24

Тақырыбы: *Мамандықтың бәрі жақсы.*

Мақсаты: оқушылардың ойлау қабілеттерін дамыта отырып, болашақ мамандыққа байланысты ұғымдарын тереңдетіп, қызығушылықтарын арттыру. Жұмыстың мазмұнымен, мағынасымен айрықшаланатын мамандық әлемінің түрлілігі туралы түсінік қалыптастыру. Мамандықтарға сипаттама беру, қыр - сырын ашу. Оқушылардың бойына жақсы қасиеттерді сіңіру, мамандық таңда білуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.

Көрнекілік: мамандық туралы суреттер, мамандық аттары жазылған карточка, слайд көрсету.
«Кім болам?» деген сөз бар оған да құлақ сал.

Алуан-алуан сыры бар

Бейімді ескер де

Таңдап соның бірін ал

Әсемпаз болма әрнеге

Өнерпаз болсаң арқалан
Сен де бір кірпіш дүниеге

Тетігін тап та, бар қалан,- деген Абай сөзі бүгінгі отырған сіздер мен біздерге терең ой салса керек.

Қазақ халқының көрнекті педагог ағартушылары, қоғам қайреткерлері Ы. Алтынсарин, М Жұмабаев, Ж Аймауытов, А Құнанбаев өздерінің төл жазба әдебиеттерінде қазақ жастарын, адал, шыншыл, еңбек сүйгіш, өнегелі, өнерлі азамат болуға және пікірлерден әдет- ғұрып, соқыр сезімдерден, ұрлық- зомбылық, жатыпішер, жалқаулық сияқты жаман қылық жат мінездерден аулақ ұстауға шақырады.

Миға шабуыл

Әлемде 50 мыңға жуық мамандық бар екен және жыл сайын оған 500 - ге тарта жаңа түрі қосылып отырады екен.

Жалпы мамандық дегенімізді сіздер қалай түсінесіздер? (оқушылардың пікірі)

Ең алдымен мамандық сөзіне назар аударайық. Мамандық орыс тілінде профессия, профессия - латын сөзінен шыққан, “professio”- анықталған іс, мамандық дегенді білдіреді.

«Укипедия» ашық энциклопедиясында «Мамандық - адамнан арнаулы білім, еңбек дағдылары мен іскерлікті талап ететін еңбек іс - әрекетінің түрі» деп көрсетілген екен. *Мамандық* - қарапайым өмір сүру көзі болып табылатын және қандай да бір дайындықты, жауапкершілікті талап ететін еңбек қызметінің маңызды бөлігі.

Еңбек – адамның қызметі материалдық және рухани жағдайын құруға бағытталған. Еңбек әрқашан мақсатты, яғни әрдайым нәтижелі болу керек.

Ал мамандық – еңбек қызметінің түрі, ол арнайы біліктілік пен білімділікті талап етеді.

I.Тест

1. Жер бетінде қанша мамандық түрлері бар?

А) 3000 Б) 3200 В) 3400

2. Мамандықты Климов неше типке бөлді?

А) 2 Б) 3 В) 5

3. Мамандық таңдауда адам өз бойында қандай қасиеттерді жетілдіру керек?

А) тәрбиелік Б) өзін - өзі ұстай білу В) шешім қабылдағыш Г) барлығы дұрыс

4. Мамандықты меңгерген адамды қалай атайды?

А) маман Б) мамандық В) кәсіпкер

5. Мұғалім, дәрігер, тәрбиеші қандай типке жатады?

А) Адам - адам Б) Адам - белгі В) Адам – техника

6. Адам – табиғатқа жататын мамандық

А) ұста Б) тігінші В) агроном

7. Ұстамдылық қандай кәсіп иесіне жатады?

А) суретші Б) сатушы В) әнші

8. Малшыға қандай талап қойылады?

А) шебер Б) күш иесі В) шыдамды

9. Қорлық келісім сауда және биржалық келісім жасағанда арада жүретін адам

А) дилер Б) брокер В) моклер

10. Мамандық таңдауда қандай жаман әдеттерден аулақ болу керек?

А) үстірт қарау Б) ұсақшыл В) әлсіз Г) көп сөзділік Д) бәрі дұрыс

II. Тапсырма

Төмендегі қасиеттер қай мамандыққа сәйкес келеді, дұрыс жауапты бағыт сызығымен байланыстыр

Тренер----- тапқыр

Дәрігер----- әділ

Мұғалім----- өте ақылды

Журналист----- шыдамдылық

Механизатор----- өз мамандығын жетік білу

Құрылысшы----- ой - өрісі жоғары

Заң қызметкері----- мейірімді

Өнер иесі----- мәдениетті

III тапсырма « Кім жылдам?» ойыны

1. Оқу білім-бағдары

Заманының бағбаны (Ұстаз)
2.Ара тұрар өлімге
Қай маман бұл өмірде (Дәрігер)
3.Станогы жанды адам
Сансыз өрмек жалғаған
Тірлігі бар тынымсыз
Өрмекшіден аумаған (Тоқымашы)
4 Жаңалықтың жаршысы
Қаламының жалшысы(Журналист)
5, Теңіз түбі тірлігін
Зерттеп, барлап,білді кім? (Ихтиолог)
6.Тау мен тасын, өзенін
туған жерді кезетін
Тамыршыдай дөп басып
Таба білер қажетін
Қай мамандық ол қане
Айтып жібер өз атын (Геолог)
7. Еңбек орны-танабы
Сүйікті әні-дала әні
Егін жайын мәпелеп
Асырайды қаланы(Діқан-агроном)

Мамандықтың жаманы жоқ, бірақ қандай мамандық болмасын оның өзіндік талаптары болады. Мамандықтың кез - келгенін игеруге икемділік қажет, бұл жай күнелту немесе тамақ асырау емес, үлкен өнерді, жақсы шеберлікті қажет ететін нәрсе. Меніңше жақсы маман болу үшін ең алдымен өзің таңдаған мамандықты сүюің керек, сол мамандықтың қыры мен сырын жете меңгеруің керек. Сондай - ақ мамандықты таңдаған кезде өзіңнің ыңғайыңа қарай өз жолыңмен қызмет етсең өз басыңа да, елге де үлкен пайдаң тиері сөзсіз. Өзіңнің бейімділігі мен қабілетіне қарай маман болған адамның жұмысы да өнімді, берекелі де болмақ. Ж. Аймауытов айтқандай, өмірде өз мақсаттарымызға жету үшін қабілетімізге қарай мамандықты таңдай білейік. Мен *архитектор* болғым келеді.

Басым көкке жетсін десең армандап,
Өр жұмысты біліп істе, қарма оңдап,
Барлық істі сарапқа сап істегін,
Қисаппенен қазынаңды үстегін.
Кісі танымақ болсаң, ісіне қара.
Өз күшің жеткенше, өзің үшін аянба.
Ерте тұрып, кеш жат ұйқың қанады,
Ерте тұрған ердің бағы жанады

Құрметті оқушылар, және қонақтар! Бүгінгі өтіп отырған « Мамандықтың бәрі жақсы» қалауыңша таңдап ал деп аталатын кешті қорытындылап айтатын болсақ, кешке қатысып отырған Арман қуған түлектер заман ағымына ілесе алатын майталман азаматтар және өз ісіне берік мамандар болатынына сеніміміз мол.

Сыныбы: 3 «Ә» Күні; 04.03.24

Тақырыбы: «Бәрі де, **Ана**, бір өзіңнен басталды»

Мақсаты: Оқушыларға сегізінші наурыз туралы түсінік беру. Балаларды барлық аналарға деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, құрметтей білуге тәрбиелеу. Оқушылардың логикалық ой өрісін, тіл байлығын, сөздік қорын, ойлау қабілеттерін дамыту.

Пәнаралық байланыс: еңбекке баулу, музыка.

Көрнекілігі: суреттер, плакат, компьютер, тірек – сызба

Жүргізу әдісі: баяндау, сұрақ - жауап, көрнекілік.

Барысы: I. Психологиялық дайындық.

а/ Магнитофоннан «Ана зары» термесін тыңдату.

ә/ Сұрақтарға жауап алу.

II. Жаңа сабақ.

а/ Тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

ә/ «Алтын Анам»

Алтын Анам жасымнан аялаған,
Мен үшін игілікті аямаған.
Сабақтан шаршап үйге келгенімде,
Бал сөзі - жаным деген, сая маған.
Бал бөбегін баптаған,
Мамам үшін мақтанам!
Аялайтын біздерді,
Көп жасасын жақсы адам.

б/ Оқушылардың дәптерлеріне үш гүлдің суретін салғызу. Әр гүлді үйдегі адамға сыйлау. Анаға деген гүлдің күлтелеріне тілек жазу.

Мысалы:



әкеме



анама



бауырыма

в/ «Мақтан етем анамды» шығармашылық жұмыс. Шағын әңгіме жазу.

г/ «Ананың жүрегі» бейнеклипін көрсету. Осы бейне көріністің мазмұнын оқушылардың ойын біліп алып, сосын түсіндіру.



III. Қорытынды.

а/ Сұрақтарға жауап алу.

ә/ Ана

Айтсаң болды тіл алам,
Әйбат анам, ай анам.
Сені көрсем қуанам,
Сен керексің қайда да.

Жүре берсем қасыңда,
Әйбат анам, ай анам.
Ботам деген даусыңнан
Мен маз болып оянам.

Кір түсірмей жағама,
Шашымды да тарайсың.
Мектебіме барарда
Мейіріліне қарайсың.

Тау қопарып, тасты үгіп,
Тұрғыздың сен не қала.
Саған қандай жақсылық
Жасай алам мен, ана!

б/ «Анама сыйлық» еңбекке баулу сабағында үйрен өнерімізді көрсетейік.

04.03.24

ЖЖЕ «Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек»

– Жарақат алудың жиі кездесетін жағдайына тоқталсақ. Қол-аяқ шықса, сынса не істеу керек?

– Әдетте жарақат алған жерде бірден қатты ауырсыну сезіледі. Сынған немесе бөлінген аяқты қозғалту мүмкін болмайды. Алғашқы көмек – ауырғанды басу. Екінші көмек – ауырған жерді байлап, таңып тастау. Мысалы қолы, иығы, шынтақ сүйек және шыбық сүйектері сынған жағдайда "орамал байлам" әдісімен қолын байлап, мойнына асып қою қажет. Аяғы сынып жатса, аяғына шендеуіш (шина) салу керек. Алыс жерлерде тұратын науқастарда медициналық шендеуіш табылмаса, қолда бар заттан шендеуіш жасауға болады.

Мәселен, ағаштың тақтайшалар немесе бірнеше қабат картон салып қоюға болады. Сондай-ақ қол-аяқты орап, таңып тастау қажет. Сосын медициналық мекемеге алып барып, рентген жасап көру керек. Сынық па, шыққан ба немесе әлдебір жерлерде жарақат бар-жоғын қарап, анықтап және тексеріп, жарақатына қарай дәрігердің кәсіби көмегі көрсетілген дұрыс.

– Алған жарақаттың қаншалықты ауыр екенін қалай анықтауға болады?

Бұл тек жәй жарақат немесе сіңір тартылуы болуы мүмкін ғой. Қарапайым жарақат әдетте гематомамен,

карапайым тілмен айтқанда, көгерумен бірге жүреді. Бірақ егер ол жұмсақ тіндердің тереңдігінде пайда болса, онда ол бірнеше сағаттан кейін ғана байқалуы мүмкін. Сіңір созылғанда буын маңы ауыра бастайды. Алғашқы көмек – тыныштықты қамтамасыз ету және көгерген жерге суық басы. О сылайша сіз гематоманың көбеюіне жол бермей, сауығуды тездетесіз.

Сіңірдің созылуы, сүйектердің сынуы, т.б. жарақаттар. Бұлардың бәріне суық басу керек. Қол-аяқты, бармақты қимылдатпай, орап тастау қажет. Үй жағдайында жарақатқа суық басып, бар болса ауырсынуды басатын дәрі ішіп, сосын дәрігерге қаралу қажет. Егер құлау немесе соққы кезінде адам біраз уақыт есін жоғалтып, содан кейін ол қалпына келді. Бірақ әлсіздік, әлсіздік, жүрек айну сезініп, басы ауырып және айналса онда оның ми шайқалуы мүмкін. Мұндай сәтте дереу мүмкіндігінше травматолог немесе хирург көмегіне жүгініңіз.

– Егер зардап шеккен адамда ашық дене жарақаты болса не істеу қажет?

Егер қанаған, кесілген жер болса, сабыр сақтау қажет. Дәке орамымен қысып, байлап тастау керек. Кейбіреулер резеңке таңғыш (жгут) салады, ол дұрыс емес. Резеңке таңғышты артерия қан тамырынан қан тоқтамағанда салу керек. Артерия жарақаттанғанда қан бір метр жерге дейін атқылайды. Сондайда ғана резеңке таңғыш салу керек. Егер жай кесіп кеткен жарақаттар болса, дәкемен қысып байлап тастаса, сол жеткілікті. Сосын дәрігерге, жарақат бөліміне келеді. Біз жәрдем береміз.

Міндетті түрде сутегі асқын тотығымен (перекись водорода) немесе басқа да антисептикалық құралдармен жараны өңдеңіз. Олар болмай бара жатқан жағдайда арақ, виски, ром сынды алкоголь өнімдерін пайдалануға болады. Егер жара терең болса, одан бөгде заттарды мұқият алып тастаңыз (пинцетпен), жараның шеттерін йодпен немесе зеленкамен емдеңіз. Бірақ ешқандай жағдайда жараның өзіне жақпаңыз бұларды. Содан кейін таңғышты қолдану керек. Ауыр қан кетуді қан кету түріне байланысты жгутпен, таңғышпен немесе жараның үстін немесе жарадан сәл төменірек жерді саусағыңызбен қысып тоқтату керек. Осыдан кейін дереу дәрігер шақырыңыз.

– Жаз мезгіліндегі жарақат алудың шомылу маусымына байланысты өзіндік ерекшеліктері бар.

Су нысандарына барғаннан кейін қаншалықты жиі жарақат алу кездеседі?

Суға “балық” болып секіргенді ұнататындар көп жағдайда қауіпсіздік ережелерін сақтамайды. Олар бұрын барып көрмеген, білмейтін жерлерде таяз суға түседі, секіреді. Ал бұл адамның басы су түбіне тиіп, мойын аймағындағы омыртқаны сындырумен және көбінесе өмір бойы мүгедектікке әкелуі мүмкін. Жарақат алған немесе қайтыс болған сүңгуірлердің 80 процентке жуығы мас күйінде суға түскендер. Жалпы зақымдану жарақаттары көп болады. Мәселен, құлағаннан кейін аяқ-қолдар сыну, шығып кету, сіңірлердің созылуы мен аяқ-қолдар, кеуде мен ішкі органдарды өткір заттардың кесіп кетуі. Қазіргі таңда өкінішке қарай жыртылған жарақаттар мен күйік жарақаттары көптеп кездеседі. Адамдар асығыс жүріп не ішімдік ішіп, жол ережелерін сақтамау салдарынан жиі орын алатын жол апатынан ауыр жарақаттар алып жатады. Кейде жарақаттар жабық жағдайда болады. Мұндайда ең алдымен сабыр сақтау керек.

– Жалпы медицина қызметкерлері келгенше сынық кезінде қандай алғашқы көмек көрсетуге болады?

Сыну белгілері: қозғалыс немесе жүктеме кезіндегі қатты ауырсыну. Аяқ-қолдың пішіні мен ұзындығының өзгеруі. Аяқ-қол функциясының бұзылуы, жарақат айналасында ісіну мен қанталаудың пайда болуы. Ашық сынықты абайлап, жарақаттанған жерді қозғалтпай, қанды тоқтатыңыз, жараны антисептикалық ерітіндімен емдеп, таза таңғыш салыңыз, егер жақын жерде жақтау (шина) болмаса, кез-келген екі қатты затты тауып, жарақат алған жердің екі жағынан қойып, бинтпен байлап тастаңыз, медициналық топ келгенше, жәбірленушінің тыныштығын қамтамасыз етіңіз.

Жабық сынықта алдымен жәбірленушіні қимылсыздандырып, ауырсынуды басуға тырысыңыз, жарақаттанған аймаққа суық басыңыз, науқасқа ыстық шай немесе ауырсынуды басатын дәрі беріңіз. Егер жәбірленушіні ауруханаға өзіңіз тасымалдайтын болсаңыз, сынған жерге жақтау салуыңыз керек. Бұл үшін қолда бар материалдарды (тақтай, шаңғы, таяқ) пайдалануға болады. Тыйым салынатын әрекеттер: зақымдалған аяқ-қолды түзетуге тырыспаңыз. Сүйек сынықтарын жарадан алып шықпаңыз, жәбірленушіні қозғалтпаңыз. Жараға спирт, йод және т.б. ауырсыну шокын тудыртатын заттарды құймаңыз.

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Сыныбы: 3 «Ә»

Күні: 11.03.24ж

Тақырыбы: «Атадан – өсиет, анадан қасиет»

Мақсаты: Қыз балалар бойына нәзіктік, ілтипаттылық пен инабаттылық ұялату, ер балаларды үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор, еліне қорған болар азамат болуға тәрбиелеу. Оқушылардың бүгінгі күнгі ұл мен қыз балалардың тәрбиесі жайлы өзіндік пікірлерін, көзқарастарын білу.

Барысы

Есенсің бе? Қазыналы қарттарым,
Бабалардың бойға жиған салттарын.
Өздеріндей ұлағатты болуға,
Өсиетінді жүрегіме сақтармын.
Қарттық деген қасиетті ұғым бір,
Мені өзіңнің пейіліңмен жылындыр.
Балалардың болашағын аңсаған,
Бойларыңда бір керемет жылу жүр.

М.Мақатаевтың «Тектілік анадан» өлеңі желісі негізінде көрініс

Автор: Ұзын жолдың бойы. Аяндай басып бір қыз келеді. Алдынан қарсы келе жатқан ер адамды көреді де жолын кесіп өтпей тосып тұрады.

Алдынан тосып тұрған қызға риза болған ер адам:

«Неге сонша сен маған көп қарадың,

Неге тостың сен мені, өт қарағым.

Бабасының саған берген үлгісін,

Аруағынан айналдым текті ананың, - деп, батасын береді.

Ш. Құдайбергенов: «Талап пен ақыл»

Ынсап, ұят, ар, рахым, сабыр, сақтық.

Талапқа алты түрлі нөкта тақтық.

Алтауының ішінде ынсап әділ,

Өзгесінің тізгінін соған ұстаттық.

Ынсап деген аспайды, кем қылмайды,

Орын таппай ол, сірә, қозғалмайды.

Рахым жақсы көреді аяғанды,

Адамға қаттылықты ойға алмайды.

Ар демек - адамшылық намыс деген,

Арың кетпес жағаңа карыс деген.

Теріс ұғып жүрмесін мұны біреу,

Сөз емес күншіл болып алыс деген.

Намыс сол - аулақта ұял көргендей-ақ,

Ұрлаған малың шығып бергендей-ақ.

Орынсызды істеуге өлгенше ұял,

«Ұят күшті өлімнен» дегендей-ақ.

Сабыр деген -әр іске шыдамдылық,

Қатты керек адамға бұл бір қылық.

Қолы жетпей талай жан ызданады,

Осыдан көп шығады адамшылық.

Сақтық деген әрқашан байқап жүрмек,

Пайда ма, не залал ма, ескерілмек.

Көргенін, естігенін есепке алса,

Сонда оңай әрбір істі ойлап білмек.

Ойменен, талаппенен болды сегіз,

Айтылмай ойда қалды неменеміз.

Өзге жақсы мінездің бәрі-дағы

Шығады осылардан түгел деңіз.

Сабыр, сақтық, ой, талап болмаған жан

Анық төмен болмай ма хайуаннан.

Ынсап, рахым, ар, ұят табылмаса,

Өлген артық дүниені былғағаннан.

Иә, өздеріңіз көріп тындап отырғандай қазақ халқы болашағын ойлап отырып, ақылдың кені қариялар сөзіне ерекше мән берген. Сөз мағынасын ой елегінен өткізіп, тәрбиелік мәнімен зер алған. Сол арқылы, жанама тұспалдау арқылы, қоғам мүшелерін тәртіпке шақырып отырған. Осындай бір аңыз әңгіме желдің өтінде, жаудың бетінде отырған, орта жүзде болыпты.

Көрініс: «Жәнібек би мен Қаз дауысты Қазыбек би»

Автор: Жоңғар хандығының шапқыншылығы мен Ебінің тас ұшыратын боранына запы болған елді аралап келе жатқан Жәнібек пен Қаз дауысты Қазыбек би бір қарияға кездеседі.

Жәнібек би: *қарияға*: Уа, ақсақал, ауыл берекесі қалай кетеді?

Қария: *ойланбастан*: Ауыл ақсақалы шала болса, «ә» десе, «мә» дейтін, жасы үлкенін кішісі сыйламайтын қолы жара, көңілі қара болса, сол ауылдың берекесі кетеді.

Қазыбек би: Уа, ақсақал, үй берекесі қалай кетеді?

Қария: Әйел қабағын түйін керілсе, шай құйып беруге ерінсе, ұлы ұрысқа сай болса, келін керіске сай болса, сол үйдің берекесі кетеді.

Мұғалім: Халқымыздың рухани байлықтарын яғни оның салт-дәстүрі, әдет-ғұрыптары біздің ұлттық болашағымыздың, халықтық қасиетіміздің өзімізге де, өзге де жазбай танытатын асыл мұрасы. Ендеше салт- дәстүрімізге байланысты сұрақтарға жауап берейік. (Қоржынға асық саламыз)

Жігіттің үш жұрты: өз жұрты, нағашы жұрты, қайын жұрты. Халық арасында мұны өз жұртың күншіл, қайын жұртың міншіл, нағашы жұртың сыншыл деп те мәтелдейді.

Ер қаруы - бес қару. Садақ, найза, мылтық, қылыш, айбалта.

Жігіттің жеті қазынасы: ақыл- білім, өнер, сұлу әйел, жүйрік ат, берен мылтық, құмай тазы, қыран бүркіт.

Камзол – әйелдердің ұлттық киімінің бір түрі, оны көйлек сыртынан киеді. «Жеңсіз бешпент», «Көзекей» деп атайды. Қыздар мен жас келіншектер киетін камзол өте сәнді болады. Оның омырауына алтын, күміс жалатқан қозалар, түймелер тағылады.

Тақия - ерлердің жеңіл бас киімі. Тақияның түрлері көп. Биік төбелі, тегіс төбелі және үшкір төбелі тақия. Ерлер тақиясында теңге, моншақ, тана болмайды. Оның есесіне олар мүйіз, ат ерін, шырмауық сияқты кестелермен өрнектеледі.

Мәсі- аяқ киімнің бір түрі. Оны былғарыдан, құрымнан тігеді. Мәстің сыртынан кебіс немесе ластық киеді. Мәсі әрі жеңіл жеңіл, әрі жұмсақ аяқ киім.

Сәукеле- Бойжеткеннің назарына жұрт көзі тимесін деп, оның бас киімін өте биік ұшты етіп неше түрлі жарқырақтар тағып қоятын болған. Ата-ана алыстан шаң көрінгенде «Жүгіріңдер, қарақтарым, ағаларың жеңешенді аман сау әкеле ме екен?» деп балаларды жүгіртеді. Сонда балалар «сау келеді» деп жүгіреді. Қыз басындағы биік бөрік сәукеле аталуы осыдан.

Жүзік- Қазақ жүзіктерінде көбіне күн суреті алынады. Оны «Күніміз ашық болсын» деген тілекпен салған. Қос дөңгелек мейірімділіктің белгісі. Оны ұзатылған қызының артынан барған анасы тағып барып, қызын жат тұрмыста көрсе, қыз енесінің қолына салады. Оны айтта, мейрамға барғанда салып барады. «Шіркін ақ ниетті адам екен» деп ел ол кісіні құрметтеп төрге отырғызады. Келіні кесірлеу, әлсіздеу адамға ол ана ақыл кеңес береді.

Сыңар білезік- халықтың қастерлі дүниесі. Бұл Күн мен Айға табынған ерте заманда туған. Жас жігіт өзін ұнатқан бойжеткенге сыңар білезік сыйлаған. Егер қыз жігітті ұнатса сол қолына салып жүрген. Көпшілік жерде, тойда, айтта салады. Қыз жиында біреуге ұнап қалса, білезігін көрген танысуына болмайды. «Қыз жақсы- ау, бізге бұйырмаған екен» деп үмітті үзеді. Жігіттерді таласқа, жүрек қалауын саудаға салмаудың сара жолы осы еді.

Мұғалім: *Қонақ жайлылық* - қазақ халқының ертеден қалыптасқан асыл қасиеттерінің бірі. Мейлі күндіз, мейлі түн келсін, қонақпыз деп келген адамдарды құрақ ұша қарсы алған. Аузына барын тосып, өлі келгенше сыйлаған. Сол әлі күнге дейін өз мәнін жоғалтпай атадан балаға жалғасып келеді.

Көрініс: "Меймандастық"

Екі жолаушы тау бөктеріндегі киіз үйге бас тіреген еді. Үйде қызымен мен әжесі жүн түтіп отырады. Ассалаумалейкум! Айналайыш, қызым, шөлдеп келеміз. Бір кесе су берші.

- Ағай, үйде су жоқ еді.

Әжесі шошып кетеді.

- Су жоқ болса коже бар емес пе, көже бер.

Жолаушылар көже ішіп, әжеге рахмет айтып шығып кетеді.

Енді әжесі:

Сенің жаңағы жолаушыға су жоқ дегенің не? Түсіндірші соны.

-Үйде су аздау болып, енді бұлаққа барғалы тұрғанымда келді ғой.

-Сонда су жоқ дей ме екен. Мені құдай сендердің осындай көргенсіздіктеріңді керсетейін деп алмай жүр екен ғой. Тез бұлақтан су әкеле қояйын демедің бе?

- Кешіріңіз, әже! Байқамаппын. Үйде су жоқ болған соң айта салғам.

- "Жақсы байқап сөйлейді, жаман шайнап сойлейді", "Жаманның берген асынан, жақсының айтқан сөзі артық" деген осы.

Қорытынды: Заманымыздың заңғар жазушысы М.Әуезов көкөрім жастарға қарап отырып, «Біз базардан қайтып бара жатырмыз, ал сендер базарға келе жатқан ұрпақсыңдар» деген екен. Олай болса, бүгінгі мектеп қабырғасындағы жасөспірімдеріміз ертең бұралаң жолға түсіп кет-пес үшін, Сіз бен біз болып екі жақтан тәрбие бе-рейік. «Тентегін тезге салған текті елдің» ұрпағы екенімізді және кемел елдің келешегі — жастардың қолында боларын жадымызда ұстап, Елбасымыз Н.Ә. Назарбаевтың: «Сендер менің көмекшілерім емес, серіктесіміңдер» деген сеніміне лайық ұрпақ тәрбиелейік. Бала тәрбиесі баршамыздың азаматтық борышымыз екенін ұмытпайық.

Күні: 18.03.24

Сыныбы: 3 «Ә»

Тақырыбы: Қош келдің, әз Наурыз!

Мақсаты: Наурыз мейрамы туралы түсінік беру арқылы Қазақ халқының салт – дәстүрін көрсету және оны құрметтей білуге тәрбиелеу.

Көрнекілігі: нақыл, қанатты сөздер, киіз үй, суреттер көрмесі.

Барысы: Кіріспе. Мұғалім: - Армысыздар, ұстаздар, ата – аналар, қонақтар! Бәріміздің асыға күткен Наурыз тойымыз келіп жетті. Тойларыңыз құтты болсын!

Наурыз – «жаңа күн» деген сөз. Бұл күн – біздің ата – бабаларымыз, арғы тегіміз мыңдаған жылдардан бері тойлап келе жатқан жыл басы мерекесі. Наурыз тойымыз құтты болсын! Ұлыстың ұлы күні деп аталған Наурызда денсаулықтарыңыз мықты болсын, тілектеріңіз қабыл болсын!

Осы бүгінгі көктем мезгіліндегі қазақтың ұлт мейрамы Наурыз - яғни Жаңа жыл! Жалпы мұсылман жұртына ортақ ораза, құрбан айтты есептемегенде, біздің қазақтың жалғыз - ақ мейрамы ол - Наурыз. Наурыз айының 22 - інде күн мен түн теңеледі. Адамдар бір - бірін мерекемен құттықтайды. Үлкен кісілер ақ тілек айтып, бата береді.

Наурыз келсе,

Құт келгені халайық!

Есік ашып, шашу шашып,

Ел боп қарсы алайық

1 ж: Наурыз – көктем мерекесі. Наурыз – жыл басы. Наурыз – жаңа серпін, жаңа леп.

2 ж: Наурыз – қуаныш мерекесі, Бақыт пен шаттық мерекесі.

1 ж: Наурыз – шаруаның мерекесі. Наурыз – еңбек мерекесі.

2 ж: Армысындар, халайық, Бармысындар, халайық.

Наурыз тойын жұп жазбай Жылда қарсы алайық.

1 ж: Ал, халайық, тұрмайық, Әндетейік жырлайық!

Ортамызды ашайық, Ырыс тілеп бұл жылға, Жырдан шашу шашайық!

2 ж: Шашу! Шашу! Көп шашайық шашуды, Жауғандай кеп аспаннан нөсер жаңбыр. Уа, жамағат, теріп ал несібінді, Ризығың болсын көл – көсір!

2 ж: Қашанда құт – береке орнасын деп, Тойларда шашу шашу - салты елімнің. Уа, халайық! Теріп ал несібінді, Қабыл болсын, жамағат, ақ тілеуің!

Жансая : Қыс өтіп қар кетті, Жырлайық жаз жетті.

Мейрамы ежелден Құтты болсын Наурыз!

Нұрдана: Әнім де саған, биім де, Құт қонақ өзің үйімде.

Қуаныш сыйлар еліме, Күлімде, Наурыз, күлімде.

Али Күн менен түн теңелді, Жер шуаққа кенелді,

Қуанышта ел енді. Наурыз келді салтымыз:

Көгерсін деп халқымыз Көшеге тал егеді.

Наурыз тойы - береке, Наурыз тойы – жыр – аңыз.

Батырбек: Наурыз – достық, Наурыз – күн, Барша халық бірлігі.

Тағы келді Ұлыс күн, Жалғасып ғалам тірлігі.

Бақыташ: Наурыз тойы – береке, Наурыз тойы – жыр – аңыз.

Қызық думан - мереке, Қызық думан құрамыз.

Ернур Наурызым ғажап туысың, Ұлыстың ұлы күнісің.

Жылыттың жердің жүрегін, Жүрегі елдің жылысын.

Санжар: Наурызым - тойлы нұрлы күн, Мерейің асып тұр бүгін.

Жерімнің жүзін жылыттың, Елімнің сақта бірлігін!

Мұғалім: Наурыз айы – Шығыс күн есебі бойынша жылдың алғашқы айы. Бұл айда жылдың алғашқы айы есебінде күн мен түн теңеледі, сол себептен Наурыз жыл басы болып саналады.

1 ж: Жауқазындай жайқалған гүлдерміз біз, Ұтармыз біз, қолдасаңыз сіз.

Бақыт, шаттық, көңілге арман тілеп, Өмірде болмасыншы ызғар мен сыз.

2 ж: Құрметті қонақтар мен ұстаздар! Біздің сыныбымыздың оқушылары өзара бақ сынасып, сайысқа түспекші. Ендеше, көп күттірмей сол оқушыларымызды ортаға шақырайық.

1 ж: Деген екен Қазақ халқы «Сәлем – сөздің анасы,»

Біледі оны еңкейген қарт, еңбектеген баласы.

Амандасу – ізгіліктің, сыпайылықтың белгісі,

Сәлем достар! Амансың ба? Қалайсың? – деп

«**Кел, танысайық!**» атты бөлімімізді бастаймыз. Ортаға сайыскерлерімізді шақырамыз.

2 ж: Келесі бөліміміз «Ағаш көркі жапырақ» деп аталады. Бұл бөлімде сайыскерлеріміз жапырақтарды алып, ондағы сұрақтар жауап береді. Жауап берген соң жапырақты мына талға іліп, ағашты безендіреді.

1 – сұрақ: Абайдың шын аты кім? (Ибраһим)

2 – сұрақ: 1 дециметрде неше сантиметр бар? (10см)

3 – сұрақ: Адам өміріне қажетті 5 жағдай...(ауа, тағам, жылу, жарық, су)

4 – сұрақ: Қызыл кітап не үшін қажет? (Азайып бара жатқан жануарлар мен өсімдіктерді қорғау үшін қажет)

5 – сұрақ: Жұмбақ . Ағаштардың көсемі Мәңгі жасыл бұтағы.

Мекен ғып тау өлкені, Кәусар ауа жұтады. (Шырша) **Ән:**

1 ж: Кедеймін деп қысылма,

Өнерің болса қолыңда.

Өнерлінің ырысы

Жарқырап жатыр жолыңда.

Сайыста ән салайық, би билейік,

Өнермен өрге басып кідірмейік. (Өр жұп өз өнер)

2 ж: Келесі бөлім «**Мені жалғастыр**» деп аталады. Бұл бөлімде карточка алып, ішіндегі мақалды немесе өлең жолдарын жалғастырады. Ортаға барлық сайыскерлерімізді шақырамыз.

2 ж: Енді ұлдарымыздың мергендігі мен шыдамдылығын анықтау мақсатында асық атып жарыстырайық. Ортаға ұлдарымызды шақырайық.

1 ж: Көрсетті өнерлерін жаңа ғана, Сыналып үлкендерден үлгі алуға.

Салты бар өнерлі осы ортада, Берер деп әділ – қазы әділ баға – деп, әділ – қазыларға сөз кезегін береміз.

2ж: Келер күнге бар үмітті табынтып, Бар халықты қуантатын бұл қай кез? **Хормен: Наурыз! Мына Ұлыстың Ұлы күні әрбір отбасына қуаныш, бақыт әкелсін! Ұлыс оң болсын! Қош сау балыңыздар!**

Күні: 01.04.24

Сыныбы: 3 «Ә»

Сабақтың тақырыбы: Ұлттық киім – ұрпаққа мұра

Сабақтың мақсаты: Қазақ халқының ұлттық, киімдерінің шығу тарихымен таныстыру, ұлттық киімнің түрлерін оқыту. Ұлттық, киімінің ерекшеліктері.

Тәрбиелік: Мәңгілік ел болу үшін ұлттық, салт дәстүрлерімізді дәріптеу, атадан балаға мұра етіп қалдыру, салт-дәстүрімізбен ұлттық киімімізді дәріптеу, жаңғырту.

Дамытушылық: Ұлттық киімдердің шығу тарихын және түрлерін оқыта отырып, баланың ұлттық, киімге деген ой қиялын дамыту және ұлттық киімдерді заманауи түрде сәндеу, модельдеу, әрлеу және ою-өрнектерін әшекейлеп дамыта оқыту.

Сабақтың түрі: Жаңа сабақ

1) Сәлемдесу

2) Сабаққа дайындығын тексеру

3) Оқушыны түгендеу

4) Оқушының көңіл-күйін сабаққа аудару

5) Өткен сабақ бойынша оқушының білімін тексеру.

1. Қалпақ, тұмақ, кимешек, шәлі, булар қандай киімнің түрлеріне жатады? (бас киімдер)

2. Тігін машинасының атасы? (элюхоу)

3. Салат қандай тағам (салқын)

4. Оюды үлкен неше топқа бөлеміз (4 топқа)

5. Биссердің атасы (Египет, АҚШ, Канада, Жиконий)

6. Киімге қосымша пайдалынатын ұсақ бөлшектерді қалай атаймыз? (мысалы: сумка, қолшатыр, көзәйнек, қолғап, амиян)

7) Қара, көк, жасыл, көкшіл бояулар қандай түстерге жатады. (суық түстер)

8) Халат, күрте, жейде, көйлек қандай киім түрлеріне жатады (иық бұйымдары)

9) Ең алғаш тігін машинасын ойлап тапқан кім? (Монардо до Вичин)

10) Стекларустың биссердегі айырмашылығы неде? (түтікше болт келеді?)

11) Іс тікенде саусақтың уысына киетін затты қалай атаймыз (оймақ)

12) Адам тұлғасындағы антропрометриялық нүктелерді көрсет? (Бас, бел, мойын, қол)

13) Стилдің түрлері (классика, фольклор, спорт)

14) Алтын қима?

Жаңа сабақ Ұлттық киімнің шығу тарихы

Қазақ халқының ұлттық киімінің шығу тарихы ол қазақ халқының тұрмыс тіршілігіне халықтың тарихымен мәдениетіне тығыз байланысты болды. Ұлттық киімдерден олардың әшекейін және салт дәстүрлерін тұрған ортасына қарай ұлттық мәндерді көруге болады. Киімге қарап халықтың қал жағдайын тұрмысын аңғару қиын емес. Әсіресе қазақтың ұлттық бас киімдеріне қарап олардың жас ерекшелігін өскен ортасын әл ауқатын айыру қиын емес. Қазақ ұлттық киімінің түрлерін, үлгісін, өрнек мәндерін ғылыми тұрғыдан зертеу ұлы қазан төңкерісінің желісінен кейін қазақ халқының өз алдына мемлекет құрған кеңес дәуірінде ғана кең өріс алды.

Қазақ ұлттық киімінің қызылды - жасылды әшекейінен халықтық эстетикалық талғамын аңғаруға болады.

1922-1928 ж. қазақ Республикасының астанасы Орынбор музейін құру үшін жер-жерлерге өкілдер жіберіп қазақ киімдерінің түрлерін үлгілерін жинай бастады. Бұлзеттеуде көптеген ғалымдар, зертеушілер Сергей Дудин, Е. Шнейдер, Харути, Рудолов т.б. орасан зор еңбек етті. Олар неше түрлі жол азаптарын көре жүріп Ақтобе, Гурев, Жетісу, Торғай, Орал, Қызылорда, Қостанай, Павлодар, Семей аймақтарының көп жерлерін аралап ұлттық киімдердің алтын, күміс, әшекейлердің сәндік қолтаңбалы бұйымдарды экспонаттарын жинады. Олар орташа дәулетті қазақтардың киімдері жеті түрлі болатынын атап жазды.

Атап айтқанда баскиім, көйлек, хамзол, шапан түрлі тон шалбар, дамбал, аяқ киім болатынын анықтап олардың атауларын қағаз бетіне түсіреді.

Ұлттық киім түрлері.

Қазақ халқының ұлттық сырт киімдері өздерінің қарапайымдылығымен, үйлесімділігімен жүріп тұруға ыңғайлылығымен ерекшеленеді. Сырт киімдер ерекшеліктеріне қарай ажыратылады.

Ұлттық киімдер ерлер, әйелдер және балалар киімі болып бөлінеді.

1. Ерлер бас киімі

тақия, бөрік, тымақ, донбағай айырқалпақ. (айырмашылық түсінде, ою өрнегінде болған). Тақия, бөрік, ерлерде әйелдерде кездеседі.

2.Қыз келіншектердің бас киімдері.бөрік , тақия, сауке, желек, кимешек, шылауыш күндік, жаулық болған.Қыздардың бұрымдарының өрімдерінде көп ерекшелік болған, қыздарға жалаңбас жүруге болады,олар бұрымдарын әсемдеп өруге баулардың небір түрлерін тағуға әуестенген 3-4-10 бұрымға дейін өрген.Ерге шыққан әйелдер екі бұрым етіп өрген және жалаң жүрмеген.

Иықтық киімдер: Сырт киімдер Камзол, шапан,тон, ішік тайжақы

а) Құлын терісінен тігілген топ- жарғақ тон

ә) Ешкі терісінің ұзын қылшығын қиып тастап түбін қалдырады- қылқа жарғақ топ

Жанат ішік- жанат терісінен жасалған

Түлкі ішік- қара түлкі терісінен

Түкті жібектен тысталған былғары ішік қалыңдықтың жасауының ең қымбатты бағалы бұйымдардың бірі болған бұл бұйым" бас тон" деп аталады.Теріден сырт киім тігілген оның жалпы атауын «той» деп атаған.Аң терісінен жасалған сырт киімді «ішік» деп атаған.Ешкі терісінен күдері келеді шапан, жеңіл шекпендер, шалбарлар тікті.Ешкі терісі жұмсақ әрі жауын шашынға төзімді.Қой жүнімен түйе жүнінен шекпен тіккен.

Камзол -көйлектің сыртынан киетін жеңіл жеңсіз ,әрі жеңі бар сырт киім, оңтүстік қазақары солтүстікке қарағанда жеңсіз жеңіл әрі ашық , қанық түстерден тігілген майда шымқай кестемен кестеленген камзолдар киген солтүстік қазақтарының камзолдары жеңі ұзын,тізеден түсетін қалыңдау тігілген көбіне суық түстермен әрленген күміс алтын тенгелерімен көмкерілген камзол бөлшектер киген.

Шапан: Ерлер де әйелдерде килген

Көйлек:Әр аймақта әр түрлі киім тігіледі.Бойжеткен қыздың көйлегі келіншектің киімінен және жасы ұлғайған әйел киімінен айырмашылығы болды.Оңтүстік бойжеткендері басқа жаққа қарағанда қатпарлы жаңа көйлектер киген кейде желбіршек орнына белдемшелер киді.Киімдер үйге киюге арналған және сән салтанатқа арналған болып бөлінеді.Көбінде сән салтанатқа арналған киімдер өте сәнді, әр түрлі желбезектермен сәнделген ашық ақ түстен киген.

аяқ киім; Кебіс, мәсі, шаңқойма етік киген қыз келіншектердің етіктерінің өкшесі сәл биіктеу болған және ою өрнектермен әшекейленіп аң терілерімен тігілген.

Ерлер аяқ киімі:Кебіс, мәсі сантама етік, кең етік, тас кебіс.

Белдік киімдер :домбыл шалбар бұл әйел киімінен бір бөлігі болып есептеледі.

шалбар:сырт киім әйелдер көбне аттың үстінде жүрген күн суық күндері ауа райына байланысты киілген.Шалбар ерлердің негізгі киім бөлігі болып есептелген.

Ұлттық киімді зерттеген зерттеушілер.

Қазақтың ұлттық киімінің үлгісін жинаған ең көлемді материалы бар Ленинградтағы Этнография музейі 14-түрлі үлгіде, әр коллекциясында 383 экспонат түрі бар 1861-1937 жр аралығында жиналған.Ал революцияға дейінгі аралықта 160 қазақ киімінің үлгісі болған.Мұны зерттеген .Қазақ зерттеушілері:Ш.Уалиханов, Арынғазы Халқожиндер болды.1865 ж. Польшаның саяси тарихшысы әуесқой суретші Вранеслав Заведскийде қазақ киімін зерттеген.

Киімге байланысты ою өрнектердің түрлері?

Тарихи ғылыми деректерге жүгінсек қазақ халқының ою- өрнек өнері ежелгі замандардан бастау алып қазақ жерін мекен еткен көшпелі тайпалар өнерінің ықпал әсерімен сан ғасырлар бойы қалыптасып өзіне тән белгілі бір жүйеге келген қапысыз танып едік, бұған дәлел қазақтың алғашқы ою- өрнек үлгілерімен Андропов,сақ әуес үсін мәдени мұраларынан ұшыратқанымызды айтсақта жеткілікті.

Қазақта ою- өрнектер үлкен негізгі төрт топқа бөліненді.

- Жануартекес
- Өсімдіктектес
- Геометрия
- Аспан әлемі тектес

Жаңа сабақты қортындылау

Күні: 08.04.24

Сыныбы: 3 Ә

Тақырыбы: Ғарыштағы алғашқы адам

Мақсаты: Оқушыларды қазақтың қос ғарышкерімен таныстыру, өмірбаянына шолу жасау, мәлімет беру. Отанға деген сүйіспеншілігін арттыра отырып, патриоттық сезімін, әрі ұшқыш, ғарышкер болуына оқушылар қиялын тәрбиелеу, табандылыққа, шыдамдылыққа, тәртіптілікке үйрету.

Көрнекілік: «Юрий Гагарин, Валентина Терешкова, Талғат Мұсабаев, Тоқтар Әубәкіров» портреттері. Әрі плакатқа жазылған сөз. «Ғарыш жолы – қиын жол», Мақал – мәтелдер, Байқоңыр, Ракета суреттері. Сөзжұмбақ, кластер, Венн диаграммасы.

Сабақтың барысы:

I. Кіріспе бөлімі:

Балалар, биыл 12 сәуір адамзат баласының ғарышты игергеніне 53 жыл. Ал қазақ ғарышкерлерінің ғарышқа ұшқанына 23 жыл. Ең алғаш 1957 жылы Лайка деген ит ұшады, өкінішке орай ол қайтып келмейді, артынша 1960 жылы Ю. Гагарин ұшады. «Восток» деген кемемен жер шарын 1 сағат, 48 минутта айналып шығады. Сөйтіп ғарышқа адамзат алғаш жол ашады.

Енді балалар, сендерге сұрақ қояйын:

Ғарыш деген не?

Ол аспан әлемі. Ғарыш деп аталады. (Космос)

Ғарышкер деп кімді айтамыз?

Ол аспан әлемінің құпиясын зерттеу үшін ұшатын адамдар.

Балалар, өте жақсы жауап бердіңдер.

Ән: Жұлдыздар – ғарышкерлер (Әсет пен Айжан)

Содан бері міне 54 жыл аспан әлемін ғарышкерлер зерттеп ұшып жүр. Соның ішінде қазақтың қос ғарышкері – Т. Әубәкіров пен Т. Мұсабаев та ұшып келді. Біз осы екі ғарышкердің өмірбаянына қысқаша мәлімет береміз.

II. Негізгі бөлім.

Тоқтар Әубәкіров 1946 жылы 2 шілдеде Қарағанды облысы, Қарқаралы ауданында туған.

Ол әскери авиациялық училищесін және сынаушы ұшқыштар мектебін бітірді. Мәскеу авиация институтын тәмамдаған. Ол ғарышқа ұшқанда «Батыр» атағына ие болған. 1991 жылы 2 қазан күні Байқоңырдан Қазақстан – Австрия экипажы бар «Союз-ЭТМ - 13» ғарыш кемесі ұшырылды. Тұңғыш қазақ ғарышкері Тоқтар Әубәкіров Республика президенті Н. Ә. Назарбаевқа қазақ тілінде қысқаша рапорт берді.

Талғат Мұсабаев өмірінен мәлімет беру. Талғат Мұсабаев 1957 жылы Алматы облысы, Қоғалы ауылында туған. Ол орта мектепті Алматы қаласында бітірген. Ақтөбедегі Әскери училищені бітірді. Рига қаласынан авиация институтын бітірді. Әуе авиация инженер мамандығын алды. Ұшу үшін Алматы аэроклубына түсті. Содан соң жоғарғы ғарышкер тобында болды. 1994 жылы 30 маусымда «ТМ - 18» кемесімен Маленченкомен бірге ұшты. Олар ғарышта 12 тәулік болды.

1997 жылдың қарашасынан 1998 жылдың тамыз айына шейін Николай Бударин мен Юрий Батурин және Талғат Мұсабаев үшеуі «ТМ - 18» кемесімен 208 тәулік ғарышта болып қайтты. 2001 жылдың 28 сәуірінен 6 мамырға дейін, яғни 8 күнге созылды. Онда Денис Тито мен Юрий Батурин үшеуі бірге ұшты. 1995 жылы «Халық қаһарманы» орденімен марапатталды. 1998 жылы қарашада «Отан» орденімен марапатталды.

I. Әр топқа тапсырма беру.

I топ – Сурет салу

II топ – Сөзжұмбақ шешу «Ғарыш»

III топ – Кластер құрау

IV топ – Венн диаграммасы (Әубәкір, Мұсабаев)

Ермек Өтетілеуов «Тоқтар тұңғыш ғарышкер»

Арман қуып жасынан,

Көктен көзін алмаған.

Ұшқыш болды жас ұлан,

Аспанда еркін самғаған.

Бабасындай асуға,

Салған құрақ – бұғалақ.

Самолеттер санауға,
Артқан онда құмарлық.
Сынақшы ұшқыш жұмысы,
Қауіпті де Отан деп.
Ерлікке асып сонда ісі,
Батыр қыран атанды.
Тағы да ғажап тым,
Тоқтар тартты алысқа.
Туған ұлы қазақтың,
Тұңғыш ұшты ғарышқа.

3. «Ғарышкерлер» ойыны.

Бес орындық қойып, 6 оқушы шығып, орындықты ұшқыш қимылын жасап айналады. Музыка тоқталғанда орындыққа отырып, үлгермеген оқушы ойыннан шығады. Сөйтіп ойын жалғаса береді.

4. «Кім тапқыр?» ойыны.

Жұмбақ шешу.

1. Күмбез сынды кең сарай,
Еш жерде жоқ тең сарай. (Аспан)

2. Әлемнің екі күзетшісі:

Бірі – күндіз тынығады,
Бірі – түнде тынығады. (Күн мен ай)

3. Күндіз білінбейді,
Түнде күлімдейді. (Жұлдыз)

4. Басы озып құсты,
Қанат қақпай ұшты. (Ұшақ)

5. Күміс қанат сұңқары,
Көкке еркін сүңгиді.
Бұлттан да тым әрі,
Күткен жанды кім дейді? (Ұшқыш)

Қорытынды: Балалар, біз адамзат баласының ғарышты игергеніне 54 жыл толуына байланысты «Ғарыштағы алғашқы адам» атты тәрбие сағатымызды аяқтаймыз.

Күні: 15.04.24

Тақырыбы: «Тиімді әрі пайдалы тамақтану негізі» **ЖЖЕ «Сен - велосипедші»**

Тәрбие сағатының мақсаты: Оқушылардың жақсы денсаулығының, жан - жақты дамуының кепілдігі - тиімді және үйлесімді тамақтану болып саналатынын, «Салауатты өмір салтының» анықтамасын ата – аналармен, мектеп дәрігерімен, аспазшылармен бірлесе отырып тұжырымдау;

Міндеттері:

Оқушылардың дұрыс тамақтануының негізгі принциптерін;

- Тамақтану сауаттылығының бес негізін;
- Тамақтану тәртібін, тамақтану мәдениетін;
- «Салауатты өмір» салтына қатысты негіздеулерді тұжырымдау, ортақ ой түйю.

Қолданылатын көрнекіліктер:

- Ақпараттық мәліметтер слайдтар арқылы ;
- Кеңестер слайдтар арқылы;
- Дәрумендер жиыны; Дәрумендер туралы слайдты презентациялар;
- Көкөністер мен жемістер, түрлі тағамдар бұрышы;
- Жарнамалар;
- Кинофильм «Саламатты Қазақстан» 2011 -2015 денсаулық бағдарламасы
- Кинофильм «Әдемілік және диета»
- Слайдты презентациялар «Адам ағзасына фаст -фудтың зияны»

Мұғалім:

- Балалар. Біз бүгін сендермен «Салауатты өмір салтының » қағидалары мен тиімді әрі үйлесімді тамақтанудың денсаулыққа пайдасы жөнінде ой тұжырымдаймыз.

Дұрыс тамақтану

Адамзат денсаулығын сақтаудың басты шарты - дұрыс тамақтану. Сондықтан тамақтануға ерекше көңіл бөлген жөн. Тамақтың құрамының құндылығы басты назарда болғаны дұрыс. Тиімді, дұрыс тамақтану денсаулықты сақтауға, организмнің қалыпты өсуі мен дамуына, жұмыс қабілетінің жоғарылауына және организмнің қоршаған ортаның әртүрлі жағымсыз әсеріне қарсылығын күшейтуге ықпалын тигізеді.

Әсіресе, «Ұрпақ денсаулығы – ұлттың саулығы»- демекші, дені сау ұрпақ қалыптастыру үшін – оны назардан тыс қалдыруға болмайды.

Сондықтан да мектеп оқушыларының дұрыс тамақтануы мен денсаулығы, олардың дұрыс өсіп жетілуі бүгінгі күннің өзекті мәселесі. Осыған байланысты мектебіміздің асханасы таңертеңгі 8.00-16.00-ге дейін жұмыс жасайды.

Күнделікті тамақтың сапасы мен берілу мөлшері (норма) мектептік құрылған бақылау топтары мен мектеп медбикесі тарапынан бақылауға алынған. Сонымен қатар тамақтың сапасын анықтап отыру мақсатында бракераждық комиссия құрамы құрылған. Комиссия құрамындағылар айына екі рет асхана тамағының сапасын тексереді және тексеру нәтижесінде акт толтырылады. Айына бір рет тамақтану мен тамақ пісіру орнына тазалық жасалынып, дезинфекцияланып отыру көзделіп, іске асуда. Мектеп асханасында ұсынылатын тағамдар сапасы нормативке сай, ыстық тағамдар түрі күнделікті өзгеріп отырылады. Ыстық тамақтың бағасы 84 теңгені құрайды. Салат түрлері үнемі өзгертіліп, ауыстырылып отырылады. Салатқа жемістер мен көкөністер сапалы түрде беріледі. Буфеттік тағамдар түрі жиі толықтырылып тұрады.

Мектеп оқушыларын сумен қамтамасыз ету қарастырылған. Оқушыларға мектеп асханасынан қайнатылған су тұтынылады.

Дұрыс тамақтанып, айтылған ережелерді орындай білген адамдардың ғана денсаулығы берік бола алады. Сондықтан да дұрыс тамақтану - әр адамның өз қолында демекпіз.

Дұрыс тамақтану ережелері:

- тамақты үстелдің басында отырып қабылдау керек. Егер тамаққа зейін салмаған жағдайда, адам тойғанын білмей қалып, артығымен тамақтанады.
- тамақты асықпай, мұқият шайнап, тамақтану режимін сақтап жеу керек. тамақты жиі және аз мөлшерде, күніне бес рет қабылдаған жөн.

- тамақтанған соң дереу шай ішуге болмайды. Себебі шайдың құрамында темірді ыдырататын заттар болады. Шайдың орына шырын ішкен жөн.
 - таңертеңгі асты мұқият қабылдау. Егер организм 10-12 сағат тамақ қабылдамаса, онда организмдегі қант азайып кетеді. Ертеңгі асты ішпесе, түсте артығымен қабылдайсыз, нәтижесінде асқазанға ауыртпалық түсіресіз.
- Дұрыс тамақтанудың негізгі шарттары:**

1. Тағамның құрамында негізгі қоректік заттар (белок, көмірсу, май) болуы тиіс.
2. Тамақ рационында (дәрумендер, тағамдық талшықтар) болуы тиіс.
3. Тамақ нәрлілігінің адамның жасына, мамандығына, денсаулық күйіне, табиғи-климаттық жағдайларына сәйкестігі.
4. Тәулік бойы тамақтану тәртібін, мөлшерін сақтау.
5. Тағамдар санитарлық-гигиена талаптарына сәйкес болуы керек.

Ауырған адамның ыстығын түсіруге бір ас қасық ұнтақталған жапырағына қайнаған су құйып, баяу отта 10 минуттай ұстап, тұнбаны бір сағат суытады. Күніне үш рет тамақтан жарты сағат бұрын бір стақаннан ішеді. Адамның бойында тұз жиналса, бір стақан ұнтақталған тамырға үш литр қайнаған су құйып, баяу отта 3-4 минут ұстап, бір сағат суытады. Бұл тұнбаны күніне үш рет бір стақаннан тамақтан жарты сағат бұрын ішсе, ем болады. Тек күнбағыстан жа-салған осынау дәрілерді ішіп жүргенде ащы тамақтан бас тарту қажет.

Тәбетті жақсарту үшін бір ас қасық ұнтақталған гүліне бір стақан қайнаған су құйып, жарты сағат тұндырады да оны күніне үш рет үш стақаннан тамақтан жарты сағат бұрын ішіп тұрады. Күнбағысты халық медицинасында мұнан басқа мынандай ауруларға, мынандай әдіспен қарсы пайдаланады:

1. Тіс ауруына: тамырын суға қайнатып, суымен ауыз шаяды. Сонда тіс қақсаған- ды, тіс етінің қабынғаны басылады.
2. Қуыққа және бүйрекке тас байланғанда: күнбағыс сабағы өзегінен (сабағы ішіндегі ақ етінен) 90 грамм алып 100 грамм суға қайнатып, күніне бір реттен бір апта бойы ішеді.
3. Көк жөтелге: күнбағыс сабағының өзегін жаншып, оған қайнаған су құйып бұқтырады, аздап қант қосып ішеді.
4. Асқазанға ас батып сіңбегенде: күнбағыс тамырын, аскөк, арпаны тең мөлшерде алып, суға қайнатып ішеді.

Көктемде көкөніс жеу Халқымыз көктемді – ұзынсары келген қараөзек шақ, жуанның жіңішкеріп, жіңішкенің үзілер шағы дейді. Бұл кезде адамдар бойында күзде жиналған дәрумендер қоры азаяды. Соған байланысты денеде ауруға қарсы тұру қабілеті кеміп, тұлабойда әлсіздік пайда болады. Сол себепті оған жол бермеу үшін дастарханда құнарлы тағамдармен бірге алуан түрлі көкөністерді, жеміс-жидектерді жеген жөн. Сапалы көкөністер болмаса, қалбырланған көкөністерді, тұздалған қырыққабатты, көк пиязды молынан пайдаланған абзал. Қараөзек шақта көк пияздың пайдасы өте жоғары. Оның 100 грамынан тәулікке қажеті С дәрумені табылады. Ашытылған қырыққабаттың 100 грамында 20 мг С дәрумені бар. Сүт өнімдерінің, қазы-қартаның, сүр еттің де көктемде пайдасы зор. Негізінен, жылдың барлық мезгілінде ересек адамдар үшін картопты қоспағанда, көкөністің күндік мөлшері 300 грамнан 400 грамға дейін болуға тиіс. Көкөніс пен жеміс орта және егде жастағы, әсіресе толығыуға бейім адамдардың тамағында айрықша орын алғаны жөн.

Бекіту

- Балалар біз бүгін қандай тақырыппен таныстық
- Мына заттардың ішінен жануар тектес азық түліктерді табыңдар?
- Мына заттардың ішінен өсімдік тектес. Азық — түліктерді табыңдар?
- Адамдар күніне неше рет тамақтану қажет?
- Дастархан басында қалай отыруымыз керек?
- Тамақты қалай жеу керек?

Үйге « Дұрыс тамақтану — денсаулық кепілі» мәтінін түсіну

Күні: 29.04.24

Мұғалімі: Шенгелбаева Г.С

Тақырыбы: Кітапханаға саяхат

Мақсаты:

1. Кітапхана өмірімен таныстыру.
2. Білімнің кітап арқылы берілетіндігін ұғындыру.
3. Кітапқа деген қызығушылықта арттыру, оны күтіп ұстауға үйрету.

Көрнекіліктер: білім, кітап туралы жазылған плакаттар, кітап көрмесі «Кітап деген бір әлем», жазушылар суреттері.

«Кітапты сүйіндер, ол сендердің өмірлеріңді жеңілдетеді, ол өзінді өзгені де сыйлауға үйретеді, ол ақыл – ойыңмен жүргізеді, бүкіл әлемге адамға сүйіспеншілік сезімімен қанағаттандырады» (Максим Горький, ұлы орыс жазушысы)

«Кітап дегеніміз – алдыңғы ұрпақтың артқы ұрпаққа қалдырған рухани өсиеті. Кітап оқудан тиылсаң ой ойлаудан да тиылар едік» (Ғабит Мүсірепов, жазушы, көсемсөзші, драматург)

«Білімнің бас құралы - кітап» (Ахмет Байтұрсынов, ақын, ғалым, түркітанушы, педагог, аудармашы, қоғам қайраткері)

«Оқуды қойған адам – ойлауды да қояды» (Дени Дидро, француз ойшысы, жазушысы)

Сабақтың барысы:

Балалар, бұл жол басы жаңалыққа.

Келіндер, оқып, байқап қаралық та.

Соларды көре тұра қалалық па?

Даналық – өшпес жарық, кетпес байлық,

Жүріңіздер, іздеп, тауып алалық та?

Балалар! «Кітап» деген сөз арапша «жазба», ал түрікше «дәптер» деген мағынаны білдіреді. Қазақ кітап баспасында 1800 жылы «Сейфүл – Мәлік» қиссасы деп аталатын тұңғыш қазақша кітаптар шыға бастады. Кітап – атадан қалған асыл мұра, көненің көзі, ескінің сөзі. Кітап әлемі – кітапхана. Ал, енді кітаптар мекені – кітапханамен танысайық.

Кітапхана сөзі грек тілінен алынған, кітаптар тұрағы деген мағынада

Балалар, кітапханада «Оқу залы», «Абонемент залы», «Оқырман формуляры» деген ұғымдар бар.

«оқу залында» оқырман өзін қызықтырған кітабын алып оқи алады, ал енді бізге керек кітапты кітапханада кімнің көмегімен табамыз?(Жауап)

- Дұрыс. Кітапханада кітапты кітапханашы апайдың көмегімен таба аламыз.

Сондай - ақ, балалар кітапханада «Абонемент» залы да бар, ол жердегі кітаптарды балалар үйге алып оқуларына болады.

Ал, оқырман формуляры – ол әр оқырманның куәлігі, оқушы алған кітапты кітапханашы оқырман формулярына жазады.

I Кітап: Мен – Кітап Ханшайымымын,

Иесі рухани әлемнің.

Әкелдім кітап патшалығының

Бәріңе жалынды сәлемін!

Ендеше балалар, бүгінгі мерекемізді жұмбақ айтудан бастайық.

Оймен, кәне өсейік,

Ал жұмбақ шешейік. (Оқушылар жұмбақты шешеді).

I. 1. Бірінші әріп - көзде бар, мұрында жоқ,

Екінші әріп - тісте бар, бұрымда жоқ,

Үшінші әріп - бетте бар, білекте жоқ,

Төртінші әріп – құлақта бар жүректе жоқ.

Бесіншісі – «П» әрпі ақырғысы

Жұмбақ шешкен баланың ақылдысы. (Кітап)

2. Бір нәрсе білмегенді білгізеді,
Өзінді тұрсаң қарап күлгізеді.
Жалғанда әңгімесі сондай қызық,
Жаныңды оқи берсең кіргізеді. (Кітап)

3. Тілі бар, үні жоқ,
Өзін адам түсінген.
Жүрегі бар, қаны жоқ,
Сөйлеп тұрған ішінен. (Кітап)

4. Қабат – қабат қаттама,
Қаптамадан аттама.
Ақылын оның алабер,
Айытқан сөзін жатта да. (Кітап)

II Кітап: Білімнің атасы кітап. Сондықтан кітап, балаларға ақыл, кеңес береді.

– Кітап – ел мен жерді сүю, талапты кішіпейіл болуға, төзімділікке баулиды.

Кітапханашы: Балалар, кітап қалай жасалатынын сендер білесіңдер. Кітап жасаған кезде адам көп еңбектенеді: редактор, автор, жазушы, суретші, содан кейін кітап баспаханадан басылып шығады, Ал, балалар сендер оқырман болғандықтан, «Кітапты қолдану ережесін»есте сақтап жүріңдер Балалар, кітапты жыртпай, кірлетпей, бүлдірмей таза ұстау - бәріміздің міндетіміз.

Кітаптың беттеріне сурет салмаймыз және суреттерін қиюға болмайды!

Тамақ ішкен кезде кітапты оқуға болмайды!

қолданамыз

«Ескі кітап» деп аталатын көрінісі

Жалпы демалыс аяқталып, жаңа оқу жылы басталған кез болатын. Оқушылар мектеп кітапханасынан оқулық ала бастады. Ләйлә бірінші сынып бітіріп екінші сыныпқа көшкен. Ол мектептен оқулықтарын алып үйіне оралды. Анасы оның қабағындағы кірбінді байқап:

- Қызым не болды? Біреу ренжітті ме?

- Жоқ

- Енді не болды?

- Маған мұқабасын мыж - мыж ескі кітаптар берді. Осындай кітапты оқығым келмейді,- деп көзіне жас алды.

Анасы Ләйләнің қылығына күліп былай деді:

- Қызым, оған неге ренжисің, ақылы бар бала, жыртылған жерін желімдеп, тысын қаптап, жаңартып алды. Кітаптың сыртына емес, ішіне үңілу керек. Ол - әр адамның сырлас досы. Сондықтан оны күтіп ұстап, кейінгі іні - сіңлілеріңе берген жөн.

Анасының сөзін мұқият тыңдаған Ләйлә кітаптарын желімдеп ретке келтіре бастады.

II. «Шежіре» кезеңі.

«Мақал - мәтел» сайысына көшеміз. Мен мақалдың сыңарын айтамын, сендер жалғастырасыңдар:

• Кітап – білім бұлағы,...(білім өмір шырағы)

• Кітапсыз білім жоқ, білімсіз...(күнің жоқ)

• Кітапсыз үй -...(жансыз дене).

• Күш – білімде, ал білім –...(кітапта)

• Артық ғылым кітапта,

Ерінбей...(оқып көруге).

• Наданмен дос болғанша,

....(Кітаппен) дос бол.

• Оқысаң озарсың...(оқымасаң тозарсың)

Заманымыздың заңғар жазушысы Мұхтар Әуезовтің сөзімен айтқанда, «Кітап – әр адамның өмірлік досы». Сондықтан, балалар сендер кітаптарды оқып кітаптар мен дос боласыңдар деп ойлаймын. Осы мен балалар енді кітапхана қай жерде орналасқан және осында көп кітаптар бар екенің енді білесіңдер. Біз сендерді күтеміз!

Күні: 06.05.24ж

Тақырыбы: *Ұлттар достастығы.*

Мақсаты: Оқушыларға қазақ халқы ежелден бейбітшіл, бауырмал халық екенін түсіндіру және жанұядағы рухани құндылықтар, жер шарындағы жарасымдылық пен бейбітшілікті нығайта түсетінін ұғындыра отырып, достыққа, бірлікке және жолдастыққа тәрбиелеу.

Жүргізу әдісі: сұрақ жауап, көрнекілік, әңгіме, түсіндіру.

Көрнекілігі: Суреттер, шар, глобус, гүл, сөздер жазылған плакат, оқу құралдары, кестелер.

Пәнаралық байланыс: Бейнелеу өнері, музыка, тіл дамыту, өмірмен байланыс.

Барысы: I. Психологиялық дайындық.

II. Негізгі кезең.

а/ Бүгінгі сабақтың тақырыбы мен мақсатын хабарлау.

ә/ Біз сүйеміз бейбіт күнді,

Бейбіт күнде туғанбыз.

Біздің өмір күндей нұрлы,

Бақыт құшқан ұланбыз.

Ер жетеміз, тез жетеміз,

Еңбек етіп ел үшін дегендей, қазақ халқы ежелден бейбітшіл, бауырмал халық. Қазақстанда көптеген халық тұрады. Олардың бәрі жер шарында бейбітшіліктің болуын қалайды. Осы сіздер бейбітшілік сөзін қалай түсінесіздер? (Оқушылардың пікірі)

Біздің елімізде халықтар өзара тату өмір сүреді. *Халықтар достығы ұлы күш.* Біз ешуақытта сен қарасың, сен сарысың немесе ақсың деп бөлінбеуіміз қажет.

Оқушы: Бақытты біздер баламыз,

Баулыған Отан анамыз.

Көңілде шексіз қуаныш,

Шырқатып әнге саламыз.

Күлімдеп көкте Күніміз

Құлпыртып қырда гүліміз,

Жанымыз нұрға бөленіп


Шалқиды шаттық жырымыз.

б/ Дәптермен жұмыс.

* Оқушылар өздері білетін «бірлік, жолдастық, достық» туралы мақал мәтел жазады. Ортаға салып талқылайды.

* *Сезім тілі* гүл шоғын толтыру және бояу.

Бұл айрықша гүл. Ол керемет құлпырып тұруы үшін, оны өзіңнің ұнатқан түспен боя. Гүл желектері сезімге сай келетін болсын, соны есінде сақта.



Өз мәртебесінің сезімі;

Әзіл сезімі;

Ашу сезімі;

Өз Отаны үшін мақтаныш сезімі;

Қуаныш сезімі;

Ризашылық сезімі;

Махаббат сезімі;

Қорқыныш сезімі;

в/ Балалар, сіздер білесіздер ме? Біздің бейбітшілік символымыз қандай екенін?

Бізде «Кептер» немесе «Ақ көгершін», Жапондықтарда «Тырна».



Оқушыларға «Мың тырна» қысқаша мәліметтер беру.

г/ «Бейбітшілік үйі» кестесін толтыру.

Үй ішіндегі бейбітшілік пен жарасым өзіңе байланысты. Қандай рухани құндылықтар жанұядағы жарасымдылық пен бейбітшілікті нығайта түседі? Сенің ойыңша, «махаббат, тәкаппарлық, сұлулық, қамқорлық, мақтаншақтық, менмендік, даналық, жауапкершілік, достық» секілді құндылықтардың қайсысы көбірек қажетті? Оларды «бейбітшілік үйінің» жолақшаларына жаз.



Оқушы: Біз көңілді баламыз,
Ән шырқаймыз, сайраймыз.
Бақытты елде туғанбыз
Жаз гүліндей жайраңдап.

ғ/ Ойын «Тілек»

III. Қорытынды кезең.

а/ Сонымен, біздің елде көптеген ұлт өкілдері тұрады. Біз әрқашанда тату-тәтті өмір сүруіміз керек. Біз бақытты, егеменді елде тұрамыз.

ә/ «Бірлігі жоқ ел тозады, бірлігі күшті ел озады» дейді қазақ мақалы. Осы мақалды іс жүзінде көрсету. Яғни, бір уыс шыбықты біріктіріп қойып сындыру және бір талын сындырып көрсету.

б/ Ән «Біз өмірдің гүліміз»

в/ «Мінген атың Жер ортақ,

Жанған отың Күн ортақ» дегендей, Жер - Ананың үстінде, алтын күннің астында тұрып жатқан соң, бір біріңмен дос, жолдас, бауырмал болғанға не жетсін! Үйде алыс достарымызға хат жазып келу.

Күні: 13.05.24

Сабақтың тақырыбы: «Жеңіс деген шат күлкісі баланың»

ЖЖЕ «Қорытынды сабақ»

Тәрбие сағатының мақсаты: 1. Ұлы жеңісті дәріптеу, өз Отанын, Туған жерін сүю, Туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру. Отанын, туған елін қорғай білуге тәрбиелеу.

2. Ұлы отан соғысында, Ауған соғысында ерлік көрсеткен ата-бабаларымыздың ерлік істерін қастерлеп, рухын көтеру, үлгі-өнеге тұту.

Көрнекілік: Ерлік жайында түрлі-түсті суреттер, мақал-мәтелдер

«Ежелден ел тілегі-ер тілегі, Адал ұл ер болып туса-ел тірегі» (Б.Момышұлы)

«Батыр туса – ел ырысы, Жаңбыр жауса - жер ырысы».

«Ер - елдің ық жағының қаласы, Жел жағының панасы»

«Құс ұясын қорғайды, Адам отанын қорғайды» (Ә.Нұршайықов)

Мұғалім: Құрметті ұстаздар мен құрметті қонақтар «Ешкімде, ешнәрсе де, ұмыт қалмайды» атты тәрбие сағатын бастаймыз.

Ұлы Отан Соғысында қаза тапқандар және Ауған соғысында қаза тапқан батыр ағаларымызды орнымыздан тұрып 1 минут үнсіздікпен еске алуларыңызды сұраймын.

«Әрқашан күн сөнбесін» әні айтылады.

Адам тарих! Адам кешкен жолын ұқ.
Неше ұрпақ күтізбектен алындық.
Бүкіл жерді бүркеп ұстап зұлымдық
Қанша тер мен қан ұрттады зұлымдық.
Сұрапылдан дауа таппай шерленген.
Әлем демін әрең алды шеңберден.
Ажыратып қанды қара шеңгелден.
Жарып шықты қарғыс пенен дозақты.

1941 жылы 22 маусымда фашистік Германия Кеңес Одағына опасыздықпен шабуыл жасады. Бұл халық үшін ауыр кезең болды. 1941 жылдың жазына дейін Германия бүкіл Батыс Еуропаны жаулады. Жаулап алған барлық күшін Германия өзіне қосып алды. Сондықтан фашистік әскер күші мен соғыс техникасы барынша көбейді. Фашистік Германияның негізгі мақсаты – Кеңес Одағын (КССРО) жаулап алу еді. Осы мақсатын орындау үшін «Барбаросса» жоспарын жасады.

- Адамзатқа қасірет әкелген сұрапыл соғыс осылай басталып еді.

Оқушыларға мына өлең жолдарын мәнерлеп оқыту.

Қаһарлы күндер өттің арпаласып
Құныққан қан құмарлар қанша қысса
Мызғымай болат қорған армиямыз
Бір адам бастырмады алты ай қыста.
Қас дұшпан қаһар төгіп келген шақта
Өңмеңдеп Москваға таялған шақта.
Гастелло жарқ-жүрқ етіп найзағайдай
Ауды өртеп, өмір берген келер сапқа.

Кеңес Одағының шекарасына Германия толық қаруланған әскерін әкеліп, дайындық жасай бастады. Кеңестер еліне шабуылға жалпы саны 5,5 миллионға жуық жаяу әскер, 5 мыңдай әскери ұшақ, 4 мыңнан аса танк, қару жарак, оқ-миномент шығарылды. Соғыстың алғашқы сағаттарынан бастап-ақ жау ұшақтары кеңес әскерлерінің маңызды орындарын жаппай бомбылады. Осы күннен отанды қорғау соғысы басталды. Халық қолына қару алып, майданға аттанды. Волоколамск тас жолын қорғаған қазақстандық жауынгерлер мен қолбасшы - офицерлер И.В.Панфилов, Б.Момышұлы, М.Ғабдулин, сияқты ерлер бер екенін жақсы білеміз.

Суық хабар сол күні байтақ елімізге, Жер-жердегі ауылдарға тарады. Ер-азаматтар асығыс соғысқа аттанды. Қасиетті бейбіт жатқан жеріміз құлақ естіп, көз көрмеген апатқа ұшырады. Еліміздің

жауынгерлері қасықтай қаны, шыбықтай жаны қалғанша шайқасты. Жеңіс жеңілдікпен келген жоқ. 50 миллионнан астам адамның өмірін жалмады. Міне, осынау елімізге лаң салған апаттың жеңіспен аяқталғанына 75 жыл болып отыр.

«79 жыл!»
Бейбіт көктем таңы атқалы
79 жыл!
Шуақты күн таратты әнін.
Есімде сонан бері 79 рет.
Ашылды жеңіс күнінің парақтары.

Көрініс: Ант беру

Мұғалім: 1979 жылы 12 желтоқсанда Кеңес Одағы басшыларының шағын тобы Л.И.Брежнев, Ю.В.Андропов, М.А.Суслов, Д.Ф.Устинов, Н.А.Громыко Ауғаныстанға кеңес әскерін енгізу туралы шешім қабылдады. Сөйтіп 1979 жылы 25 желтоқсанда КСРО әскерлері Ауғаныстан шекарасынан өтіп онда 1989 жылдың ақпанына дейін соғыс қимылдарын жүргізді. Қазақстан ауған соғысына 22 000 адам қатысып, олардың 761 адам қаза тапты, 21 адам хабарсыз кетті.

Ардагерлер - Қажырлы
Бүгінгі ерлер,
Қызыл ту ұстап алға жүргендер,
Ел үшін омырауын отқа тосып,
Неше өліп, неше мәрте тірілгендер.
Ардагерлер
Айтса ертеке - көргендері
Табандары таймаған өрден кері
Сыңғырлап сыр шертеді жиындарда
Кеуде толы жарқырап ордендері
Ардагерлер - Қайыспас
Биік емен,
Алысқан ала құйын дүниемен
Келешек тартпасын деп ауыртпалық
Барлық зілді көтерген иығымен.
Ардагерлер, ақылшы, қорғансындар,
Жолдарың үлкен тарих, Толған сырлар.
Бойдағы бар жемісін елге сыйлап,
Селдіреп бара жатқан ормансындар.

Көрнекілікпен жұмыс:

Қорытынды: Мәңгі алаудың макеті жасалып, гүл шоқтары қойылған, оның тұсына әсем безендірілген «Отан үшін – от кешкендер» тақырыбы бойынша плакат жасау.

Эссе: Біз бүгін не білдік?

Күні: 20.05.24

Сабақтың тақырыбы: *Менің гүлзарым*

Сабақтың мақсаты: Тақырыптың негізгі идеясын ашу; Табиғатты қорғау туралы мәлімет беріп, меңгерту, танымдық қабілетін арттыру; электрондық оқулық арқылы ойлау, есте сақтау, көру қабілеттерін дамыту; ой түйіндеуге, шығармашылықпен жұмыс істеуге жұмылдыру

Көрнекілігі: электронды (слайдтық материал), мақал - мәтелдер кітабы, шығармашылық тапсырмалар,

Сабақтың барысы:

I. Мұғалім сөзі

Сабақтың тақырыбымен, мақсатымен таныстыру

— Балалар, бүгінгі сабағымыз табиғат – біздің екінші үйіміз, оны қорғау жайында болмақ. Табиғаттағы барлық нәрсе өзара тығыз байланысты. Адам да табиғаттың бір бөлшегі. Табиғаттың бірінде болып жатқан өзгеріс міндетті түрде екінші жеріне әсерін тигізеді. Сондықтан да табиғаттың бір бөлшегін жою өзіне зиян келтіреді, сол арқылы адам баласының күн көрісіне залалын тигізеді. Табиғат сырын терең білмей, оған қалай болса солай шабуыл жасау үлкен апатқа әкеп соқтырады.

2. Ой шақыру. «Табиғат – біздің екінші үйіміз»

3. Электрондық оқулықпен жұмыс. Қызығушылықты ояту.

4. Мәтінді мәнерлеп оқы

Табиғатты қорғаңдар!

Табиғат – халық қазынасы. Сондықтан біз оның байлығын пайдалана отырып, қорғай білуіміз қажет. Соған байланысты 1966 жылы біздің елімізде “Халықаралық табиғат қорғау қоғамы” құрылды. Оның басты мақсаты — саны сиреп, құрып бара жатқан аң, құстарды, өсімдіктерді қамқорлыққа алып, арнайы кітапқа тіркеу. Мұндай кітапты “Қызыл кітап” деп атайды.

5. Шығармашылық жұмыс.

Көп нүктенің орнына тиісті әріптерді қойып, көшіріп жазыңдар.

Ту ...ан жер таби...аты – хал... ымыздың ұлт...ық мақтаны...шы.

Сонд...қтан оны а...лап қор... ауға үлес қ...су – бізд...ң азама...тық бор...шымыз.

6. Ассоциация құру. «Табиғат» деген сөзді естігенде сендер қандай ассоциацияларды көз алдарыңа елестетесіңдер. Сендер бір сөзбен тек осы тақырыпқа тән белгілерді үш минут ішінде еске түсіріп жазыңдар.

Сонымен, « Табиғат» — бұл...

Қорытындылау.

1. Рөлдік ойын «Тілшімен сұхбат»

Сұрақ : Табиғатқа нелер зиянды деп ойлайсыңдар?

Жауаптар:

1. Табиғатқа зиянды нәрсе – адамның тіршілік заңын жақсы білмеуі.
2. Табиғатқа зиянды нәрсенің бір көзі – автокөліктер.
3. Түтіндер, улы жарылғыш заттар.

Сұрақ: Табиғат – тіршілік бесігі. Сондықтан табиғатқа адамзат өз тарапынан қамқор болу парыз. Ендеше осы табиғатты қорғаудың жолдары қандай?

Жауаптар.

1. Табиғи орынды сақтау. Ауаны, суды ластамау;
2. Табиғатты аялап ұстау, Бүлдірмеу. Табиғатты қорғау жөнінде үгіт – насихат жұмыстарын жүргізу.
3. Аландарды көгалдандыру, бұлақ көздерін ашу.

Үй тапсырмасы: 1) «Қоршаған ортаны қорғау» тақырыбына өздеріңнің ойларыңды, адамзатқа айтар сөздеріңді эссе ретінде жазып келіңдер. 2) Табиғат, жер, ағаш туралы мақалдар жазып келіңдер.